

ISSN 2413-3558
eISSN 2521-6465
Индекс 74876

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Дінтану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия религиоведение

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

Of Religious studies

№2 (18)

Алматы
«Қазақ университеті»
2019



ХАБАРШЫ

ДІНТАНУ СЕРИЯСЫ №2 (18) маусым

ISSN 2413-3558
eISSN 2521-6465
Индекс 74876



29.07.2015 ж. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті
Күзәлік №15490-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мейрбаев Б.Б., филос.ғ.д., доцент м.а.
(Қазақстан)
Тел.: +7 701 272 1704
E-mail: relvestnik@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)
Абжалов С.Ү., филос.ғ.к., доцент – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)
Құрманалиева А.Д., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Рысбекова Ш.С., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Бейсенов Б.Қ., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Альджанова Н.Қ., PhD доктор, доцент м.а. (Қазақстан)
Сатершинов Б.М., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Затов Қ.А., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Муминов Ә.Қ., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Демеуова А.А., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Лусиан Турсеску, Конкордия университетінің профессоры, PhD, дінтанушы (Канада)

Луиза Райан, Шеффилд университетінің профессоры, дінтанушы (Ұлыбритания)

Мухаметшин Р.М., саяс.ғ.д., профессор (Татарстан, РФ)

Челеби И., Мармара университетінің профессоры, исламтанушы (Түркия)

Хизметли С., Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің ректоры, PhD, профессор (Қазақстан, Түркия)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Есекеева Э., магистр, ассистент-оқытушы (Қазақстан)

Дінтану сериясы журналында қоғам үшін өзекті діни мәселелерді арқау еткен зерттеулер жарияланады



**ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айша Қалиева

ИБ №12972

Басуға 28.06.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.
Көлемі 3,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №5603. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

ДІНТАНУ СЕРІЯСЫ

СЕРІЯ РЕЛІГІОВЕДЕНІЕ

RELIGIOUS STUDIES SERIES

***Борбасова Қ.М., Қонысбекқызы Ү.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: karlygash_bm@mail.ru

«ӘБУШАХМА» ДАСТАНЫНЫҢ ДІНИ ТАҒЫЛЫМЫ

Мақалада «Әбу Шахма» атты діни дастанның қысқаша мазмұнына шолу жасау арқылы Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделген діни-философиялық ойларға талдау жасалады. Бұл тақырып қазіргі «Рухани жаңғыру» еліміздегі басты идеологиялық ұстаныммен тығыз байланысты. Себебі дастандағы көтерілген мәселелер: жеке адамның ішкі жан дүниесінің дамуы үшін керек нәпсімен күрес және қоғамның рухани дамуы үшін қажетті исламдық іс-шаралар мен тыйымдар, руханият құндылықтарын үгіттеу қазіргі қазақ қоғамы үшін де өзекті болып отыр.

Мақала авторлары дастанда көрініс тапқан оқиғалардың: күнә жасау, зорлық көрсету және олардың шариғат заңымен қатаң жазаланатынын ескерту негізінде ежелден қалыптасқан дәстүрлі исламдық наным түсініктерге талдау жасайды. Талдау нәтижесінде қазіргі адам мен қоғамның рухани тоқырау мәселесіне назар аударылып, жастарды адамгершілікке тәрбиелеудегі исламдық дүниетаным мен құндылықтардың рөліне жоғары баға беріледі.

Түйін сөздер: Құран, дін, ислам, діни дастан, пайғамбар, сахаба.

*Borbassova K.M., Konysbekkyzy U.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
*e-mail: karlygash_bm@mail.ru

Religious foundations of Dastan "Abushakhma"

The article analyzes religious and philosophical reflections on the basis of a study of the brief content of the narrative "Abushakhma", based on the commandments and principles of the Holy Quran. The study of this article is closely intertwined with the main ideas of "Ruhani Zhanyru". The problems that are addressed in the work are: the struggle with their nafs for the development of an individual, as well as religious measures and restrictions, the promotion of spiritual values that remain relevant in our society to this day.

The authors analyze the events taking place in the work, such as: the commission of the reprehensible and blamed, violence and oppression, as well as a warning that all these and other offenses are punished according to Sharia law, which has become the basis of our traditions and life since ancient times. Following the analysis, a parallel was drawn with current problems in society, taking into account the degradation of the individual and society as a whole.

Key words: Koran, religion, Islam, religious dastan (legend), prophet, sahaba.

*Борбасова Қ.М., Қонысбекқызы Ү.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, *e-mail: karlygash_bm@mail.ru

Религиозные основания дастана «Абушахма»

В статье проведен анализ религиозно-философских размышлений на основе исследования краткого содержания повествования «Әбу Шахма», основанных на заповедях и принципах священного Корана. Исследование данной статьи тесно переплетается с основными идеями «Рухани Жаңғыру». Проблемы, которые затрагиваются в произведении, это: борьба со своим нафсом для развития отдельной личности, а также религиозные меры и ограничения, пропаганда духовных ценностей, которые остаются актуальными в нашем обществе и по сей день.

Авторами анализируются события, имевшие место в произведении, такие как: соверше-

ние предосудительного и порицаемого, насилие и притеснение, а также предупреждение о том, что все эти и другие проступки имеют наказания по законам шариата, который стал основой наших традиций и быта издревле. По итогам анализа была проведена параллель с нынешними проблемами в обществе, беря во внимание деградацию человека и общества в целом.

Ключевые слова: Коран, религия, ислам, религиозный дастан (сказание), пророк, сахаба.

Зерттеуде теориялық негізі ретінде: «Бабалар сөзі» жүз томдық жинағының Діни дастандарға арналған бөлімдері толықтай басшылыққа алына отырып, кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар Б. Әзібаева, В.В. Радлов «Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи», Р. Бердібай, С. Қасқабасов, М.І. Әбдуов, Ш. Ыбыраев, Ә. Қоңыратбаев, А. Қыраубаева, Рабғузи, Ш. Жәңгірұлы еңбектері қолданылды.

Зерттеу жұмысында аталған тақырыпқа арналған еңбектерді саралау үшін жүйелі-функционалдық, **каузальдық сараптау** әдісі, ой тұжырымдарын жасау әдісі, жиналған материалдарға талдау жасау үшін сипаттау әдісі, салыстырмалы әдіс, сонымен қатар, суреттеу, тарихи деректерді қарастыру барысында салыстырмалы-тарихи зерттеу және **герменевтикалық** әдістері қолданылды.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халық ауыз әдебиетіндегі діни тақырыптағы қисса-дастандардың жанр ретінде қалыптасып, таралуы орта ғасырлардан бастау алғаны белгілі. Осы орайда Ислам дінін Қазақ даласына кеңінен таратып, нығайту үшін санамен күрес тұрақты түрде жүзеге асып отырғаны барашамызға мәлім. Қазақ әдебиетінің XIX және XX ғасырдың бас кезеңіндегі дамуында исламдық ағартушылық дәстүріндегі поэзияның басым болғандығы анық байқалады. Бұл дәуірде қазақтың сөз маржанын тізе білген, ислам дінін жақсы білетін, суырып салма ақындар өмір кешті. Халық көп жиналатын үлкен жиын-тойларды қалт жібермей Шығыстық жырлармен қоса, тарих сахнасында орын алған ислам дін оқиғаларына құралған дастандарды жырлау кең етек алды. Бұл туралы Б.Әзібаева: «Қазақ даласында Ислам дінінің кеңінен қанат жаюына діни дастандардың үлкен әсері болды. Себебі, Ислам дінін нығайту үшін жүргізілген күрес соңғы ғасырларда екі түрлі жолмен жүзеге асып отырды; біріншісі Ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе салу т.б.) үгіт насихат жүргізу арқылы жүзеге асса, екіншісі (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді» – дейді [1, 87 б.]. Қазақ даласында таралған діни дастандардың сюжеті, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу

жолдары жағынан әртүрлі болғанымен, барлығы идея жағынан бір арнаға келіп тоғысады, ол – исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу.

Діни дастан – тақырыптық-идеялық желісінде адамзат дамуының аса озық гуманистік адамгершілік идеяларын арқау ете отырып, Құран кітабында негізделген Жаратушының қасиетті сөздерін, ұлағат ете ұсынған сюжеттерін ақындық көркемдік таныммен қорыта жырлаған эпикалық туынды. Қазақ сөз өнері мұраларындағы діни дастандардың сақталуында мынадай ерекшеліктер бар: біріншісі – авторлары белгісіз фольклорлық сипатпен ел арасына таралып, сақталған дастандар; екіншісі – әдеби шығарма тұрғысындағы діни дастандар.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі түрлі діни хикаялық, тарихи оқиғаға құрылған, яғни ортағасырлық мұсылман дүниесіндегі тіршіліктің болмашы бір үзік эпизотын жырға қоса отырып жырлау, халық санасына дерліктей әсер еткендігін бағамдау қиынға соқпайды. Осы тұрғыда В.В. Радлов кезінде «Жұмжұма» дастаны туралы былай деп жазған: «Ғибрат өлеңдердің ішінде көп айтылатыны – осы аттас кітаптың атымен аталатын «Жұмжұма». Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылықта тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана «О, құдіретті Тәңірім», «Қайырымы көп Құдайым» деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында Исламды орнықтыруға бір «Жұмжұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молдадан артық тәрізді» [2, 11-12 бб.].

Тарихи шындықты жыр етіп өрнектеу, оқиға желісін сақтай отыра әсемдеу екіншісінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен шеберлік. Ж. Дәдебаев «Әдеби шығарма негізінде факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысы, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрмайынша, тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу

тағы да қиын» [3, 13 б.] деп, тарихи жырлардың сюжеті айқын болғанымен, оны дастан етіп өңдеу өте үлкен шеберлік пен дәлдікті талап ететіндігіне баса назар аудартақан. Ал тарихи шындық пен көркемдік шешім бір шығарманың өн бойында тоғысып, үйлесімін тауып тұрса, бұл дастанды жырлаушының шеберлігінің айқын көрінісі ретінде бағаланды. Сондай негізде жазылған «Әбушаһма» дастанына талдау жүргізейік.

Дастан Исламның жекелеген өсиеттері мен тыйым-нанымдарын, халал мен харамды әңгімелейтін және оларды бұзушыларды жазалау туралы жазылған шығарма қатарына жатады. Тарихтың тезінен өтіп, құнды шығармаға айналған діни дастанның қазақ даласына тараған екі түрлі нұсқасы бар. Олар: «Қисса Әбушаһма», «Хикая Әбушаһма».

«Әбушаһма» дастанның қысқаша мазмұны

Басты кейіпкерлер – Әбушаһма мен Омар (р.а). Шығарма желісінде Әбушаһма Құранды жақсы оқуымен және дауысының Пайғамбар дауысына ұқсастығымен ерекшеленеді. Бір күні сахабалар (Мұхаммед пайғамбардың серіктері) Пайғамбардың дауысын сағынғандықтарын айтып, Әбушаһманың дауысы оның дауысына ұқсас болғандықтан Құран Кәрімнен сүрелер оқып беруін өтінеді. Омар халифа, яғни Әбушаһманың әкесі бұл өтінішті жерге тастамай, оған күні бойы мешітте Құран оқуға рұқсат береді. Омар халифаны қайтсем тақтан тайдырсам деп, тіс қайрап жүрген қарсыластарының бірі (дастанда жүһуд деп келеді) оны алдап, шарап ішкізеді. Дастанның екінші нұсқасында Әбушаһманың ол азғырушыға еру себебі қатты сырқаттанып, дертіне шипа таппай қиналып жүргендігімен түсіндіріледі. Бұрын шарап ішпегендіктен қатты мас болып қалған Әбушаһманы азғырушы (жүһуд) бір үйге кіргізіп жібереді. Сөйтіп Әбушаһма сол үйдегі сұлу қызбен зина жасағандығы баяндалады. Көп өтпей қыздың аяғы ауырлап, біраз уақыт өткен соң сәбиін алып, Омар халифаға келеді. Омар халифа қыздың сөзін антпен бекіттіріп сенеді де, баласына өте қатал, бірақ шариғат заңына сай келетін «жүз дүре соғу» үкімін шығарады.

Шығармада Әбушаһма қарақылды қақ жара сөйлейтін, әділетті халифа атанған – хазіреті Омар халифаның баласы деп беріледі. Араб тарихнамасында және халифаттың құрылуы туралы еңбектерде Омардың аса көрнекті мемлекет қайраткер ретіндегі қасиеттері мен дарынды қолбасшылық қабілеті, қайтпайтын қайсарлығы,

табандылығы туралы көп айтылуының өзі, өмірде болған кейіпкердің өрендігін көрсетеді. Дастанның сюжеттік желісі де Омардың басшылық қызметтегі қайталанбас образына құрылған. Ал тақырыбы мен идеясы – Ислам қағидаларын бұзушылармен күрес және күнә істемеуге, зорлық жасамауға үгіттеу, егер жасалған күнде оларды жаза күтетіндігін ескерту.

Дастан былай басталады:

Асқардың пайғамбары хақ Мұстапа,
Жараны жанындағы төрт шаһариар,
Әли мен Әбубәкір, әзірет Оспан,
Дүниеден өткен ерлер әділ Омар.

Дейтұғын Абдулла мен Әбу Шахма,
Омардың сол уақытта екі ұлы бар.
Құс әуез Әбу Шахма молда екен
Шығатын лебізінен түрлі әуездер [4, 279 б.].

Осындай құнды, шежірелік мағлұматтар арқылы, жыр оқиғаның тарихта өткен кезеңін мәлімдеп тұр. Кезеңді айқындауға көмек жасайтын шежірелік мәліметтердің дерек көзі – тарих. Шежіренің өзін тарихтың бір тармағы ретінде қабылдай аламыз. Егер жырда Әбушаһма Омардың баласы екені айтылмай, жанына жасанды кейіпкерлер топтастырылғанда, Әбушаһманың кім екендігі, қай кезеңде өмір кешкендігі, тіпті тарихта болған болмағандығы белгісіз бейне болып шыға келетін еді. Ал, шығармада тарихи деректер арқылы оқиға орнының болған мекені мен кезеңін жыршы айқындап беріп отыр.

Негізгі кейіпкер Әбушаһма да күнәсіз жас. Оны адал жолдан тайдырған шараптың зардабы болып сипатталады. Табиғатының әлсіздігінен ол шараптың еліктірушілік залалына қарсы тұра алмай қалады. Ал оның әкесі – халифа, бүкіл мұсылман қауымының басшысы ғана емес, мемлекеттің басшысы. Былайша айтқанда, оның қолында баласын жазадан құтқара аларлық мүмкіндік бар. Оны қасындағы адамдар жақсы біледі. Сондықтан халифаның өз баласын шариғат заңы бойынша жауапқа тартатынына сенімсіздік білдіреді. Бірақ Омар да өз шешімінің көптеген мұсылмандар сенімінің бекуі немесе әлсіреуіне әсер ететінін жақсы түсінеді. «Ол қоғамға әділет орнату үшін тыйым салынған нәрсені алдымен өзінен және жақын туыстарынан бастайтын» [5, 74 б.]

Омарды халифалыққа сайлаған сәтте-ақ өз жақын туыстарын жинап алып айтқаны, оның кез келген жағдайда әділ шешім қабылдайтындығына айқын дәлел бола алады: «Мен мынадай

нәрселерге тыйым салдым. Егер араларыңыздан біреулеріңіздің мұны жасағанын еститін болсам, басқаларына беретін жазаның екі есесін беремін» [5, 74 б.]. Осындай кесіліп қойылған сөздерден кейін Омар халифаның басқаша шешім қабылдап, баласына рақым етуі де екіталай еді.

Бұларға жауап берді патша Омар:
– Өтініш етпе бұған сахабалар,
Күнәсін күнәһардің біреу тартпас
Сұрайды өз басынан пәруәрдігер [4, 287 б.], – дейді.

Бұл жерде дінге байланысты тағы да бір тағлымдық мәселе көрініс берді. Ол – мұсылмандарға діни қағидаларды бұлжытпай орындау керектігін уағыздап тұр. Егер, оны бұзсаң өзің күнәға батасың. Ал Омар мінезінің ерекше көркемдігімен қатар, Алланы ең жақсы таныған, қасиетті кітабын жете түсінген, дін мәселелерін егжей-тегжейлі жетік меңгергенімен қоса, аманат мәселесіне бейжай қарамайтын қырларынан да көрінеді. Алла елшісінің Ислам шуағын жаһанға жаю жолындағы толассыз күресінде «ең әділеттісі» атанған адам. Ол қоғамға әділет орнату үшін тыйым салынған нәрсені алдымен өзінен және жақын туыстарынан бастайтын» [5, 72; 74 б.]. Сол себепті, өз бауыр еті баласы болғанына қарамастан оған арашашы болуды құп көрмейді.

Шығарманың шешімі исламға қатысты тағы бір жағдайды аңғартады. Шахма қайтыс болғаннан кейін әкесінің өзі қатты қайғырады. Себебі, баланы Омар өлтіріп отырған жоқ. Ол жүз дүре жаза тағайындады. Ал, ажал – Алланыкі. Баланың өлуі – тағдырдағы жазуы. Әсіресе, дастанда баланың өлімінен кейін қасіреттен қан жылап жатып қалатын Омар халифаның халін суреттейтін тұсы аса әсерлі де көркем құрайды: «Күні-түні күңіреніп жатып қалды, кеудесін көтеруге жоқ межелі».

Бірақ шешімінің дұрыстығына күмәнданбайды, себебі өз сенімінде – әке парызын адал атқарды. Өйткені ол Исламның шын берілген ұлы, оның тазалығының қорғаны. Халиф шешімінің дұрыстығына Әбушаһманың өзі де, шешесі де шексіз сенетіндігін атап өту керек.

Жыр басталғаннан қатқыл мінезімен танылған Омардың өзі «көзімнің қарасы» деп жоқтау айтқанда, көпшіліктің көзіне еріксіз жас келеді. Тыңдармандармен бірге эпостағы Омар да баласының аман қалатынынан үміті мол болып еді. Дегенмен соңғы үміті үзіліп, баласын Алланың құзырына табыстағаннан кейін қайғыра, егіле таусылғаны сондықтан.

Баланы қара жерге қойып, жерлегеннен кейін Омардың достарының бірі Әли түс көреді. Түсінде Әбушаһма Пайғамбарымыздың тізесінде отыр екен дейді.

Ұйқыдан Әли Арыслан түрегелді,
Шахманның шаһидтігін енді білді.
Түсінде пайғамбарды көргендерін
Омарға айтайын деп келді енді [4, 278 б.].

Әрине бұл сюжетті әсерлі болу үшін жыршы өз жанынан қосты деген күннің өзінде түс көру, түс арқылы аян берілу көптеген ислами дастандарға тән құбылыстардың бірі. Және де көркемдік қиялдың ұшқырлығынан туған дүние. Ал, Шаһманың ажалы, діндегі келесі қағиданы сабақтастырады. Рас – арақ ішіп, зина жасаған адамның жазасы – өлім. Жырдың соңғы нүктесі осы.

Құраннан келген тыйымдар

Бұл шығарма, тұтастай алғанда, Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделген. Әуелі шарапқа қатысты тыйымдарға тоқталсақ. Құран кәрімнің бірнеше сүрелерінде көрініс тапқан. «Мәидә» сүресінің тоқсаныншы аятында: «Ей, иманға келгендер! Анығында мас қылатын ішімдіктер және құмар ойындары әрі табыну үшін қойылған нәрселер және бал ашатын таяқшалар – жиіркенішті нәрселер, шайтанның ісінен. Мұраттарыңа жету үшін оған жоламаңдар. Негізінен, шайтан мас қылатын ішімдіктер және құмар ойындар арқылы, араларыңа дұшпандық пен жек көрушілік салып, сендерді Алланы еске алудан және намазды толық орындаудан тосуды қалайды. Енді тыйыларсыңдар?!» – деген [6, 134-135 бб.]. «Ниса» сүресінің қырық үшінші аяттарында да шарапқа тікелей тыйым салынған.

Ислам діні адам ақылын қадірлейді. Сондықтан оны қорғап, сақтау үшін арақты харам қылды. Себебі арақ ішу адам ақылының жұмысын зақымдайтын сорақы қылмыс болып табылады. Соның нәтижесінде, икемділік қабілеттері жоғалып, адам өзін басқара алмай қалады. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін арақ ішудің ең үлкен күнәлі іс екендігі туралы сахабалар арасында мынадай оқиға орын алған. Ибн Омар айтады: «Әбу Бәкір Сыддық Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін сахабалармен үлкен күнәлар жөнінде әңгімелесіп отырды. Олар осы үлкен күнәларды толық айтып шыға алмады. Сөйтіп олар мені Абдұллаһ ибн Әмірден сол жөнінде толық жауап сұрап келуге жіберді. Абдұллаһ ибн Әмір маған: «Ең үлкен күнә – арақ ішу», – деді.

Мен соны оларға келіп айттым. Олар бұл пікірге келіспей, Ибн Әмірге бәрі қарсылық білдірді. Сонда Ибн Әмір оларға Пайғамбарымыздан естіген мына қиссаны оларға айтып берді:

«Бәни Исраил әулетінің бір патшасы бір кісіні ұстап алып, төмендегі шарттардың бірін орындауға мәжбүрледі, бас тартқан жағдайда, өзінің өлтіретінін айтты: арақ ішу, немесе бір сәбиді өлтіру немесе шошқа етін жеу. Ол арақ ішуді таңдады. Ол арақ ішкеннен кейін, олар көксеген жамандықтың ешбірінен тартынбады» [7, 126 б.]. Демек арақ ішу барлық күнәлардың бастауы. Дастанда Әбушахма ауруынан тез айығу үшін арақ ішіп, есін жоғалтты. Сөйтіп арты ауыр күнә жасауға ұласты. Арақтың адам есіне әсері туралы «Психиатрия сөздігі» атты кітап жазған қаламгер былай дейді: «Арақ ішіп, есірткі пайдалану – мидың ең жоғарғы қабатында орналасқан жүйке орталықтарына бірден зиянды әсерін тигізеді. Ал, ми – пікірлесу мен адами қасиеттерге жол ашып, реттеп отыратын орталық. Арақ пен есірткіге салыну осы екеуінің улы әсерінен пайда болған ауруды қоздырады. Сонымен қатар, айта кету керек, мидың сол жоғарыдағы айтқан қабатында адамның табиғи бейімділіктері мен тума қасиеттерін басқаратын жасушалар орналасқан. Егерде сол аймақтың жасушалары есірткі уынан өлетін болса, солармен бірге адамның мінез-құлқы мен ой-санасы да өледі, түйсіктері тежеліп, өзін ұстауға, сезімдеріне ие болуға қауқары қалмайды» [8, 88 б.].

Дастанда орын алған келесі бір үлкен күнәнің бірі зина. Ол – үлкен күнәнің бірі.

Зина – некесіз жасалған жыныстық қатынас. Ислам дінінде үлкен күнәлардың бірі. Бұл күнәнің өзге күнәлардан айырмашылығы, ол екі жақтың қатысуымен іске асады. Алла Тағала Қасиетті Құран Кәрімнің «Исра» сүресінің отыз екінші аятында былай дейді: «Зинаға жоламаңдар! Өйткені, ол анық арсыздық және жаман жол» [9, 312 б.]. Аяттың мағынасына мән берсек, бұл жерде Алла Тағала «зина жасамаңдар» деп тұрған жоқ, «зинаға жақындамаңдар» деу арқылы арсыз үлкен күнәні жасау былай тұрсын, оған жақындамауды, тіпті оған апаратын кез келген әрекеттен бойды аулақ ұстауды бұйырып тұр. Яғни Алла Тағала өзге күнәларды, мысалы: «өлтірме», «серік қоспа» деп тікелей айтқан болса, зинаға байланысты оған жоламауды анық айтқан.

Шариғатта зина жасаушыларды осы дүниеде жазалау керектігін айтады. Егер зинақор некедегі адам болса, онда оған өлім жазасы кесіледі, яғни «кражм» (тас боран) – халықты жинап, зинақорды

таспен ұрып өлтіру. Ал егер некесіз бойдақ болса – дүре соғып, одан тірі қалса, өзге өлкеге көшіп кеткені абзал деген. Осы жайында Құранда бойдақтардың жасаған зинасының бұл дүниелік жазасы ретінде дүре соғылу керектігі ашық түрде айтылған. Олай болса, зинаның жазасы ауыр болмақ. Әрине, мұндай жазаның Ислам мемлекетінде ғана жүзеге асатынын ұмытпайық. Қасиетті Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінде: «Зинақор әйелге де, зина жасаған еркекке де жүз дүре соғындар. Егер сендер Аллаға, қиямет күніне сенетіндерің рас болса, зинақорларға аяушылық жасамаңдар. Оларды жазалағанда мүмкіндерден бір топ куә қастарыңда болсын». Дастанды жырлаушы да зинаның ауыр күнә екендігін осы оқиғаны баяндай отырып, шебер жеткізгендігін аңғарамыз.

Омар ибн әл-Хаттаб

Омар ибн әл-Хаттаб кім? Оның Исламдағы орны қандай? Міне, осы тектес сауалдардың бәріне Е. Сорокоумованың «Умар ибн аль-Хаттаб. Второй праведный халиф» атты аударма еңбегінен бірнеше деректер келтіріп өтуге болады.

«Иә, Омар ибн әл-Хаттаб – Пайғамбардың (с.ғ.с) көзі тірісінде оның ең жақын сахабаларының бірі болып, Ислам дінінің өркендеуі үшін жан аямай еңбек етсе, Алла Елшісі (с.ғ.с) мен оның тұңғыш мұрагері Әбу Бәкірдің қазасынан кейін мұсылмандар үмбетінің үздік көшбасшысы атанып, біртұтас мемлекетті басқарды. «Мұсылмандар әміршісі» деген лауазым алғаш сол кісіге қолданыла бастады және соған лайық ғұмыр кешті. Адамзат тарихында осыншама иман, ықылас, әділеттілік, табандылық, тақуалық, қамқорлық жинақталған тұлғаның өмірін кездестіру қиын-ақ. Өйткені, ол Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) аузынан: «Менен кейін Пайғамбар болса Омар болар еді» деген сөзді естіген жалғыз жан. Өйткені, ол: «Сендерге дейін өмір сүргендер арасында Ұлы Алла жігерлендіретін адамдар болған, менің үмбетімде ондай адам болса, ол – Омар» деп Пайғамбар (с.ғ.с) айтқан ақиқаттың арқауы болған жалғыз тұлға.

Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а) күші мен қаталдығы, әділдігі мен тақуалығымен теңесетін. Ол билік пен мансапқа ие болғандығымен, қайырымдылығынан таймады, бай-қуатты болса да, қарапайымдылығын жоғалтпады. Терең, айқын иман мен шынайы ықыластың, шыншылдық пен тақуалықтың иесі еді. Қанша қаталдық көрсетсе де, адамдар оны үнемі жылаған қалпында көретін.

Ол өз мойнына артылған мұсылман үмбеті үшін болған жауапкершілікті жоғары деңгейде атқарды. Ең байқаусыз деген қателік пен жансақтық үшін өзін есепке тартқан. Адамдарды ренжітіп қойса, не олардың алдында азғантай кінәлі болып қалса, бәрін қалпына келтіргенше тыныштық таппайтын. Олар ондай ұсақ-түйектерді біреу күннен кейін ұмытып кетсе де, Омар (р.а) мәселені шешімсіз қалдырмайтын. Бір сөзінде: «Егер Ефрат өзенінде бір бұзау өліп қалса, Қиямет күні ол үшін де Алла Тағаланың алдында сұраламын ба деп қорқамын» деген екен. Алып әрі күш-қуатты елдің билеушісі болғандығына қарамай, зекеттің қатарында болған түйелерді (жоғалса) іздейтін.

Әділеттің туын биік еткен Омар (р.а) мұсылмандарға сүйікті болды. Хосройдың елшісі талдың астында ұйықтап жатқан Омарды (р.а) көріп: «Сен еліңді әділетті басқарасың, сондықтан да өзінді қауіпсіздікте сезініп, тыныш ұйықтадың» деген екен.

Адамдарға Қияметті жиі еске салып, уақытты бос өткізбей, кенеттен келетін ажалды дайындықпен қарсы алу керектігін айтатын. Бір сөзінде: «Есеп болудан бұрын өздеріңізді есепке алыңыздар (басқа риуаятта: амалдарыңыз өлшенбей тұрып өлшеп алыңыздар). Өйткені, өздеріңізді бүгін есептеулеріңіз ертеңгі есептен жеңіл. Әрі үлкен ұсынылуға әсемденіңіздер: «Сол күні ұсыныласыңдар. Еш нәрселерің жасырылмайды» («Хаққа» сүресі, 18-аят) деген екен. Сондай-ақ, қол астындағы кейбір жұмысшыларына: «Қиын есептен бұрын, жеңіл кезінде өзінді есеп ет. Өйткені, егер кім өзін қиын есептен бұрын, жеңіл кезде есеп етсе, ол риза болып қуанады. Ал кім өмірімен алданып, көңіл қалауларымен әуре болса, ол өкініп, қасірет шегеді» деп хат жазған» [10].

Қорытынды

Дастанға арқау болған кейіпкерлердің нақты тарихына келсек, Омар халифаның жалпы 13 ұл-қызы болды. Ұлдары: Үлкен-Зәйд, кіші-Зәйд, Асим, Абдуллаһ, үлкен-Абдуррахман, ортаншы-Абдуррахман, кіші-Абдуррахман, Убайдуллаһ, Ыяд. Қыздары: Хафса, Рұқайя, Зәйнәб, Фатима. Байқағанымыздай дастанда ұлы деп берілген Әбу Шахманың есімі жоқ. Бұл демек дастан ойдан құрастырылды дегенді білдірмейді. Өйткені Омардың баласының таяқтың астында өлгендігі жайында Қожа Ахмет Иасауи өзінің «Диуани хикметінде» көрсетеді:

Шариғатты бек тұтқан, тарихатты рас тұтқан,
Хақиқатты құп білген, әділетті Ғұмар-дүр.
Ұлын жырлап келтірген, дүре соғып өлтірген,
Әділдікпен жол салған, әділетті Ғұмар-дүр [11].

Демек, Иасауи заманының өзінде-ақ халифаның баласы бір рет шарап ішіп, сол үшін жазаланғаны тарихи айғақ ретінде ел арасында кең тарап, түрлі аңыздарға арқау болған. Әйтсе де, діни аңыздардың басқа, өзі іспеттес тарихи аңыздардан үлкен бірайырмашылығы – бұлардың негізгі мақсаты танымдық, мағлұматтық қызметімен қатар тәрбиелік маңызы да бар, яғни олар Ислам құндылықтарын насихаттайды.

Ал қазақ шайырлары (нәзирашыл ақындар) осындай аңыз, әңгімелерді өзінше жырлап, ерекше сипатты, тың суреттерге толтырып, сырлы дастандар тудырған. «Әбушаһма» дастаны солардың ішінде ерекше трагедиямен аяқталған адам өмірінің бір қырын көрсете отырып, әлеуметтік мәселені көтеретін туынды. Дастанның авторы әлеуметтік мәселелерді шешудің бірден бір жолы қоғамның Ислам идеяларына мойынсұну деп біледі.

Дастанға арқау болған Омар халифа баласының өмірінде тосыннан болған оқиғасюжеттің мазмұны мен табиғаты жағынан хикаялық сюжет екені жоғарыда айтылып кетті. Яғни Ислам идеяларын дәріптеу, насихаттау үшін хикаялық сюжет мұсылмандық мораль тұрғысынан берілген. Дастан кейіпкерлерінің бейнелері реалистік мәнерде сомдалған. Олардың мінез-құлық ерекшеліктері, ішкі сезімдері жан-жақты, тәптіштеліп баяндалған, яғни жалпы дастанға тән психологиялық белгілер мол көрініс тапқан. Әрине, ХХІ ғасырға қадам басқан өркениетті елдердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, жас баланы дүре соғып өлтіру – сөзсіз қатал жаза, алайда біз бұл жерде мынаны ескеруіміз керек: біріншіден, бұл дастан ерте заманда, VII ғасырдағы араб қоғамында орын алған оқиғаны баяндайды; екіншіден, әкесі баласын өлтіруді көздеген жоқ, ол тек шариғат заңы бойынша әділ жазаға үкім шығарды, үшіншіден, жоғарыда айтылғандай, Исламдық шариғат заңының жазалау мақсаты – мұсылмандарды күнә жасамауға үйрету; үшіншіден, бұл – көркем шығарма.

Жалпы алғанда діни бағыттағы шығармалардың бізге үндес, мұраттас келетін тұстарын бірінші кезекке шығарып көрсеткен бұл дастанның адамдарды күнә жасаудан ірку үшін ойлап тапқан қиял әлемінің өзі қандай мағыналы болып келгендігін аңғарамыз. Халықты көз-

жұмбай, қызыққұмарлықтан, ойсыз жүрістен тиып, салдарлы, салихалы өмір жолына түсіру ниетінен туғанын түсіну қиын емес.

Демек, «Әбушахма» дастаны бір күннің немесе өткінші бір кезеңнің ұранын көтермейді. Дастандағы кейіпкердің іс-әрекетін қайталайтын қазіргі заман адамдары өте көп, бірақ олар ауыр жаза алмайды немесе мүлде жазасыз қала береді. Нәтижесінде қоғамда жесір әйелдер мен жетім балалар өте көп. Батыстық жалған демократиялық құндылықтарға қызыққан қоғамымызда білімі бар, қызметі бар, өзіне барлық

жағдайды жасаған, жалғыз басты ерлер мен әйелдер көбеюде. Жезөкшелікті заңдастыру туралы әңгіме көтеріп, отбасылық құндылықтар ысырылып тасталуда. Осы мәселелердің шешімінің бірі қазақ халқының ата-баба дәстүріне айналған Исламдық құндылықтарды дәріптейтін діни мұраларды оқу және насихаттау деп білеміз. Себебі бұл дастандар жалған қызықтарды мадақтамайды, адамзаттың бүгіні мен болашағына қажет құндылықтарды жырлайды. Мұндай рухани байлық адам мінезін түземесе, бұзбасы анық.

Әдебиеттер

- Әзібаева Б. Қазақтың діни дастандары. – Алматы, 2002. – 431 б.
- Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Киргизские наречия. – СПб., 1870 – 212 с.
- Дәдебаев Ж. Әдеби шындық көркемдік шешім. – Алматы, 1991. – 189 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т.15: Діни дастандар. – 2005. – 344 б.
- Әділбаев А. Саңлақ сахабалар. – Алматы, 2010. – 336 б.
- Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы. – Алматы, 2015. – 776 б.
- «Хадистегі саһих қиссалар» / Араб тілінен аударған Қобыланды Қадыршаұлы. – Алматы: «SIYAUSH» баспасы, 2011. – 200 б.
- Абдүлкәрім Дүһәйнә, «Нүфуус мұтмаиннәһ». – «Әд-дәрул-қаумияһ лит-тыйбәғәһ уән-нәшір» баспасы, 1966. – 450 б.
- Құран Кәрім (қазақша мағына және түсінігі) / ауд. Халифа Алтай, Медине, екі Харамның қызметкері Фаһд патшасының Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 256 б.
- ‘Умар ибн аль-Хаттаб. Второй праведный халиф / Пер. с араб., прим., комм. Е. Сорокоумовой. – М.: Умма, 2011. – 496 с.
- Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – 396 б.

References

- Äzibaeva B. «Qazaқтың діни dastandary». Almaty, 2002. – 431 b.
- Radlov V.V. Obraztsy narodnoi literatýry týrkskikh plemen jivýkh v Iýjnoi Sıbırı ı Djýngarskoı stepı. Chast III. Kirgizskie narechnia. – SPb., 1870 – 212 s.
- Dädebaev J. «Ädebi shyndyq kórkemdik sheshim». – Almaty, 1991. – 189 b.
- Babalar sózi: Jüz tomdyq. – Astana: «Foliant», 2005. T.15: Dini dastandar. – 2005. – 344 b.
- Ädilbaev A. Sañlaq sahabalar. – Almaty, 2010. – 336 b.
- Quran Kárim. Mağynalar jáne túsindirmeleriniń aýdarmasy. – Almaty, 2015. – 776 b.
- «Hadistegi saħih qıssalar». Arab tilinen aýdargan Qобыlandy Qadyrshauly. – Almaty: «SIYAUSH» baspasy, 2011. – 200 b.
- Abdülkárim Dúhainá, «Núfýys mutmaınnáh». – «Äd-dárul-qaýmııah lit-tyıbáğah ýán-náshir» baspasy, 1966. – 450 b.
- Quran Kárim (qazaqsha mağyna jáne túsiniği), aýd.Halifa Altai, Medine, eki Haramnyń qyzymetkeri Fahd patshasynyń Quran Sharıf basym kombinaty, 1991. – 256 b.
- ‘Ýmar ibn al-Hattab. Vtoroi pravednyi halıf / Per. s arab., prim., komm. E. Sorokoýmovoı. – M.: Ýmma, 2011. – 496 s.
- Qoja Ahmet Iasaýı. Dıýanı hikmet. – Almaty, 1993. – 396 b.

¹Мухитдинов Р.С., ²Нукасов Е.С.

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: ereke230981@gmail.com

ҚАЛҚАМАН САРИННИҢ «АЛЛАДАН БАСҚА ЖОҚ ТӘҢІР, МҰХАММЕД ОНЫҢ ЕЛШІСІ» ТЕРМЕСІНЕ ИСЛАМДЫҚ ТАЛДАУ

Кез келген ұлттың, халықтың мәдениеті жайында сөз қозғалғанда оның негізгі бөлшектері – діні, әдебиеті, салт-дәстүрі, т.б. жөнінде сөз қозғамай кету мүмкін емес. Бұл болмысы бөлек жеке бөлшектер бола тұра, халыққа тән ерекшелікті көрсететін, бірегейліктің белгісі болып табылады. Сол себепті, мақалада әдеби туындыны діни талдауға салып, ислам тұрғысынан анализдеу жүргізілген.

Қалқаман Сариннің «Алладан басқа жоқ тәңір, Мұхаммед Оның елшісі» еңбегі терең зерттеуге әрекет жасауға ұмтылдыра отырып, оған Құран Кәрімдегі сүре, аяттар арқылы, пайғамбарымыз бен сақабалардың қалдырған өсиеттері негізінде талдау жасалған. Мақаланың басты мақсаты автор жазған терме жолдарын діни уағыздар мен аяттар арқылы түсіндіру. Әдебиет болмысы шығармашылық, ал діннің негізінде сенім жатқанымен ерекшеленеді.

Дегенмен, ерекшеліктеріне қарамастан екеуі үйлесім табу арқылы тұтастай бір ұлттың мәдениетін сипаттап бере алады. Сол себепті, Қалқаман Сариннің еңбектерін зерттеуді діни тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік. Мақала, терме сөздерін аят, сүре сөздерімен негіздеп, растау арқылы термедегі құлшылық ету маңыздылығын, Алланың жалғыз екенін, пенденің жақсы және жағымсыз қасиеттерін ажыратып көрсетуді көздейді.

Түйін сөздер: Алла, сенім, құлшылық, нәпсі, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.), намаз, Тәңір, жұмақтың кілті, Құран Кәрім, иман, дұға, сүре, аят, Алланың елшісі.

¹Mukhitdinov R.S., ²Nukasov Ye.S.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: ereke230981@gmail.com

Analysis in terms of Islam to Kalkman Sarin work “There is no God but Allah and Mohammed is the Prophet of Allah”

When it comes to the culture of any nation and its representatives, there is no possibility not to talk about the main parts, such as religion, literature, traditions, etc. This is a sign of uniqueness that reflects the exception. For this reason, the article analyzes the literary work in the context of religious analysis and Islamic analysis conducted.

In his study, Kalkaman Sarin's. “Deity, Allaah, besides Allah, His Messenger” he makes an attempt is deeply studied and analyzed in Surat al-Quran by means of verses and prophets. The main purpose of the article is to explain the author's words through religious sermons and verses. The essence of literature is distinguished by creativity, and on the basis of religion.

However, despite the peculiarities, both can describe the whole culture of a nation. That is why we decided to study the Kalkaman Sarin's works from a religious point of view. The article aims to distinguish the importance of worship on the base of ayah, surah words, that Allah is the one and only God, and the good and the bad qualities of a person, by justifying and confirming the terms.

Key words: God, faith, worship, Prophet Mohammad, prayer, Lord, the key to Paradise, the Holy Quran, iman, dua, God's Messenger.

¹Мухитдинов Р.С., ²Нукасов Е.С.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан,
г. Алматы, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан,
г. Алматы, e-mail: ereke230981@gmail.com

Анализ терме Калқамана Сарина «Нет создателя кроме Аллаха, Мухаммед Его посланник» с точки зрения ислама

При изучении культуры любой народности невозможно обойти стороной религию, литературу, искусство, традиции и обычаи народа. С этой точки зрения эти произведения и выявляют особенности духовного богатства народа. Поэтому данная статья повествует о том, как литературное произведение интерпретируется с религиозной точки зрения, анализируется через призму ислама.

В статье предпринимается попытка глубокого исследования произведения терме Калқамана Сарина под названием «Нет создателя кроме Аллаха, Мухаммед Его посланник» и дается подробный анализ с подтверждением смысла из Корана и аятов, слова назидания пророков. Основная цель статьи – подробное объяснение строк терме посредством проповедей, наставлений, назиданий, сур и аятов. Цель литературы – творчество, а особенность религии – вера. Несмотря на различие природы происхождения литературы и религии, они оба повествуют о культуре и духовности народа.

Вследствие чего, в данной статье глубоко исследуется произведение Калқамана Сарина с точки зрения ислама, духовности народа, которая выявляет культуру посредством веры, через призму литературного терме. Поэтому мы приняли решение исследовать произведение К. Сарина с религиозной точки зрения. В статье анализируется, как строки из терме точно совпадают с повествованием сур, аятов, подтверждая идею о необходимости набожности, о том, что Аллах один единственный покровитель, о том, что у раба его есть позитивные и негативные стороны поведения, какие каноны надо соблюдать.

Ключевые слова: Аллах, вера, набожность, честь, пророк Мұхаммед, намаз, Создатель, ключи рая, коран Карим, иман, молитва, сура, аяты, посланник Аллаха.

*Алладан басқа жоқ тәңір,
Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның елшісі.
Оқысаң Құран тәп тәуір
Жаныңның жалғыз еміісі.
Адамның бәрі жат бауыр
Заманның сол ғой кем тұсы.
Болауы қиын хаққа құл,
Ібіліс болса көршісі ей.
Жер бетіндегі көп қабір
Пенденің алған еміісі.*

Мысалда келтірілген өлең жолдарына назар аударсақ, автор Алланың жалғыз екенін және оған құлшылық ету арқылы пенде ең қиын ауыртпалық – «жанның жарасынан» айыға алатынын, жаратқаннан өзгенің бәрі бөтен және көмек беруге қабілетсіз екенін, яғни бұл жалғанда адамзатқа ең жақын болмыстың Алла екенін жеткізгізі келгенін аңғарамыз. Сондай-ақ, түп соңында барлық пенденің дүниеде алатын орыны тек жердің асты ғана екенін баяндап, Алланы – ең алып күштің иесі, ең ұлық екенін ойға салып, оған құлшылық ету қажеттілігін насихаттайды.

Терме ислам дінінің негізгі тірегі, ақида (сенім) ілімінің өзегі «Алладан басқа жоқ тәңір, Мұхаммед Оның елшісі» ұғымымен, яғни «кәлма әт-таухид» сөзімен басталған. Бұл

арқылы автор өзін мұсылман үмбетіне теліп отыр және бұл термесінде ислам дінінің осы «кәлима» сөзін өзіне арқау еткен. Ислам дінінде адам мұсылман саналу үшін осы сөзді, яғни Аллаһтың жалғыз әрі ешқандай серігі жоқ екендігіне, Одан өзге құлшылық жасалатын өзге құдайдың жоқтығына және Мұхаммедтің Аллаһтың жіберген соңғы елшісі, адамзаттан жіберілген пайғамбарлардың мөрі екендігіне жүрегімен сеніп, тілімен айтуы тиіс. Міне, бұл ислам дініндегі иманның алты шартының ең бастысы. Ақынның бұл жазғандары Құран кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерінен бастау алады. Мысалы, Қасиетті Құран Кәрімдегі «Әнғам» сүресінің 102 аятында былай делінді: «Міне, сол – Раббыларың Алла, Одан басқа құдай жоқ, әрбір нәрсенің Жаратушысы. Ендеше, Оған құлшылық қылыңдар! Һәм Ол барлық нәрсенің (бақылаушы) Өкілі!»[1, 141 б.]. Осы аятта Аллаһтан басқа құдайдың жоқ екендігі және пенде сол Жаратушы Жаббар Иесіне ғана құлшылық жасау қажеттігі әрі Құдайдың барлық нәрсені бақылып тұратындығы анық айтылуда.

Аят жолдарынан да біз Алланың жалғыз жаратушы, ең алып күш иесі, оған құлшылық ету қажеттілігі жөнінде жазылған. Аятта жазылған сөздермен жоғарыда келтірілген өлең

жолдарын салыстырсақ, өлең жолдары аят сөздерінің мән-мағынасын тереңірек ашып көрсетуге тырысатынын байқаймыз.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазанда ораза тұту», – деді», – деп айтқан [2, 22 б.]. Бұл ислам дініндегі жалпы қағида саналатын хадистердің бірі. Бұл хадисте ислам дінінің басты бес тірегі, бес негізі туралы баяндалуда. Сол тіректердің алғашқысы адамның жалғыз Құдайға және Оның елшісі Мұхаммедке иман келтіру. Хадисте келтірілген «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ» сөздерінің астарында да жаратушының жалғыз екені, оның орнын ешкім баса алмайтынын, демек адамзаттың оған табыну керектігі жатыр.

«Мұхаммед (с.ғ.с) Оның елшісі». Аллаһ тағала «Әнбия» сүресінің 107 аятында: «Һәм сені (уа, Мұхаммед) әлемдерге рақым етіп қана жібердік», [1, 331 б.] және «Сәба» сүресінің 28 аятында: «Біз де сені (уа, Мұхаммед) барша адамзатқа (Алланың сыйымен) сүйіншілеуші әрі (Оның азабынан) ескертуші етіп қана жібердік», – дейді. Бұл сөздер жоғарыда келтірілген өлеңнің алғашқы жолдарындағы «Алладан басқа жоқ тәңір, Мұхаммед (с.ғ.с) Оның елшісі» сөздерінің растығын ашып көрсетеді.

Ақиқатында, Алла Елшісі (с.ғ.с.) жаны жай тапқанша үмметіне деген үгітін еш үзбеді. Көнілдердегі кірді, қайғы-қасіретті кетірді, әлсізді демеді, шектен шыққанды сабасына түсірді, күллі адамзаттың рухани әлемін дүр сілкіндірді, зұлымдық пен надандықтың қараңғылығын сейілтті, ізіне ерген ізгілерді жасампаздыққа, жарқын болашаққа бастады. Артындағы бізге пәни дүниеде бағдаршымыз болатын Құдай тағаланың кәләмі Құран кәрім мен Өзінің сүннетін – түні де күндей жарқыраған, рухани соқырдан өзге жан адаспай табатын сара жолды қалдырды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с)-ды досымен қатар дұшпаны да мойындады. Есімі аталғанда еріксіз құрметпен бас иіді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с)-ға бетіне басатын ешбір айыбын, кемшілігін таба алмады. Сөзі мен ісінің шынайылығына қарсы ешбір уәж айта алмады. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) екі дүниенің сардары, әлемдерге жіберілген иләһи рақым нұры, адамзат ұрпақтарының ішіндегі ең абзалы, Жаратқан Иенің ең сүйікті құлы әрі ардақты Елшісі. Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) иманның ләззаты жөнінде: Яғни: «мына

үш нәрсе арқылы адам баласы иманның ләззатын татады: Солардың бірі – Алланы және Оның елшісін өзге нәрселердің барлығынан артық жақсы көру.», – деген [3, 42-43 б.]. Жоғарыда жазылған өлеңде автор «Адамның бәрі жат бауыр, Заманның сол ғой кем тұсы» жолдары арқылы да Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) осы сөздерін растады.

Қасиетті Құран Кәрімде Ахзаб сүресі 6 аятта былай делінеді: «Пайғамбар, мүміндерге өздерінен артық», – деп Пайғамбарды (с.ғ.с) өзімізден де артық жақсы көру керектігін білдірді [1, 41 б.]. Бұл өлең жолдарының шынымен де ақиқатқа келетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқысаң құран тәп тәуір

Жаныңның жалғыз емішісі

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) Хира тауындағы үңгірде бірінші рет хақ, яғни уахи түсті. Ол былай болды. Періште келіп «Оқы» деді. Ол «Мен оқи алмаймын» деп жауап қатты. Расулаллаһтың (с.ғ.с.) өзі сол кездегі бастан кешкендерін былай деп әңгімелеген: «Сол кезде періште мені демім үзіле жаздағанша қатты қысты. Сөйтті де маған тағы да «Оқы» деді. Мен оған «Мен оқу білмеймін» дедім. Ол мені екінші рет тағы да қатты қысты. Мен тағы да оқу білмейтінімді айттым. Ол үшінші рет қысып барып қоя берді де: «Алақ» сүресі, 1-5 аятты: «1. Жаратқан Раббыңның атымен оқы! 2. Ол адамды ұйыған қаннан жаратты. 3. Оқы! Раббың шексіз жомарт. 4. Ол қаламмен жазуды үйретті. 5. Адамға білмеген нәрселерін үйретті.» Өзіне уахи етілген аяттардан кейін Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) дереу үйіне қайтып, жары Хадиша анамызға «Үстімді бүркеп жабыңдаршы» деді [4, 14-15 б.]. Сүреде келтірілген мәлімет бойынша, адамзат өмірінде маңыздылығы бойынша алдымен Алла тұратынын, одан кейін оның елшісі – Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) орын алатынын түсінуге болады. Бұл пенденің ең жақын ақылшысы – жаратқан екенін, ал сол ақылшы мен адам арасындағы дәнекердің – пайғамбар екенін аңғартады.

Қасиетті Құран Кәрімде Ағраф сүресі 204 аятта былай делінеді «Құран оқылғанда оған құлақ салындар әрі тыныштық сақтандар. Рақымдылыққа бөленесіндер». Пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с) «Сендердің ең жақсыларың-Құранды үйреніп оны үйреткендерің» деп өсиет қалдырған. Бұхари, Әбу Даут және Термизи риуаяты. Құранды жақсылап оқыған, әріптерін дұрыс оқуға машықтанған әрі амал етуге тырысқан мұсылман Құранды жазуға тағайындалған мәртебелі періштелермен бірге болаты-

нын Айша (р.а.) анамыздан келген риуаяттан көреміз: «Құранды шебер оқуға машықтанған жан Құранды жазуға тағайындалған мәртебелі періштелермен бірге болады. Ал Құранды оқығанда кібіріктеніп қиналса, екі сауап алады», деген. Термизи риуаяты. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Көкірегінде Құраннан еш нәрсе болмаған адам қаңырап тұрған үйге ұқсайды», деген.

Ибн Масғұд (р.а.): «Кімде-кім Құранды күндіз хатым етіп оқыса, сол күні періштелер кешке дейін оған салауат айтып тұрады. Ал енді кім Құранды түнде хатым етіп оқып шықса, таң атқанша періштелер оған Алладан жарылқау тілеп шығады», – деген. Құран – адамзатты шексіз бақытқа жетелейтін, тура жол көрсететін, қияметке дейін өзгермейтін мәңгі мұғжиза. Құран – соңғы пайғамбарлықтың дәлелі, ханиф (тура) діннің үні әрі Ислам шарифатының ата заңы. Құран оқыған адамның бүкіл болмысымен өзгергенін байқайсың. Ішкі дүниесіне үңіліп қарасаң оның рухани тазарғанын, жүріс-тұрысының өзгергенін көресің. Құранға деген махаббат оны оқуға байланысты [5, 344-345 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Исра сүресі 9 аятта былай делінеді «Негізінде осы Құран ең тура жолға салады. Әрі дұрыс іс істеген мүміндер үшін әрине зор сыйлық бар екендігін сүйіншілейді» [1, 285 б.]. Бұл сүре айтылған «Құран Кәрімнің ең тура жолға салуын» сол арқылы адамның жан-дүниесін реттелетіндігі, оның негізінде Құран адам «Жаныңның жалғыз емішісі» болып, тура жолға бағдар сілтейтіндігі келтірілген.

Адамның бәрі жат бауыр
Заманның сол ғой кем тұсы
Болуы қиын хаққа құл
Ібіліс болса көршісі ей
Жер бетіндегі көп қабір
Пенденің алған еншісі.

Адамдардың бір-біріне жат бауыр болуы қиямет қайымының кіші белгілеріне жатады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Мен пайғамбар етіліп жіберілдім. Енді қиямет күні болуы мына екі саусақтың арасындай!», – деп сұқ және ортаңғы саусақтарын көрсеткен. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) келесі хадисінде: «Ақырзаман басталуының шарттары – білімінің жоғалып, надандықтың таралуы, жезөкшеліктің және ішімдіктің көп ішілуі. Елу әйелге бір еркектен келіп, әйелдер санының көбеюі» деген [3, 297 б.].

Адамды күпірлікке апаратын – Ібіліс деген кім? Ібіліс – Құранда бірнеше жерде айтылған.

Ол – діни ұғым бойынша: Жаннаттан қуылып, Адам Атамен (а.с.) бірге жерге түсірілген, адамдарды Алланың тура жолынан тайдыратын, оларды азғырып күнәға ұшырататын жаратылыстың есімі. Ібілісті басқаша – «шайтан», «әзәзіл», «албасты», «пері», «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды. Бір сөзбен айтқанда, Ібіліс – барлық қара ниеттілердің басшысы. Әдетте, мұсылмандардың Аллаға сыйынулары: «Аъзу билләһи мин-аш-шайтаанир-ражим» «Қуылған шайтаннан Аллаға сыйынамын» деп, Ібіліске қарсы сөздермен басталады [3, 323 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Зилзал сүресі 7-8 аятта былай делінеді «Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді» [1, 599 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Хұжрат сүресі 10 аятта былай делінеді «Шын мәнінде мүміндер туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер» [1, 516 б.].

Өлеңде айтылған «Адамның бәрі жат бауыр, Заманның сол ғой кем тұсы», деген жолдарды тұжырымдаудың тағы бір жолы: адамзат белгілі бір мөлшерде бір-біріне бауыр болып келгенімен, ақиқатында жат болып келетіндігі. Бұдан адамдар қанша жақын болғанымен әр тұлғаның негізгі эгосы үстемдік алатынын түсінуге болады.

Адам баласы пенде болғандықтан зұлымдық жасайды, біреулері надандықтан (білімсіздіктен), алайда оларды Аллаһ разылығы үшін кешіріп қойып жүрекке қабылдамаған жөн болады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с)-ға Алла тағала өсиет еткендей Пайғамбарымыз бізге өсиет етті:

1. Адал болу; 2. Әділді болу; 3. Сабырлы болу; 4. Кез келген мұсылмандармен қарым-қатынаста жақсы болу; 5. Жомарт болу; 6. Кешірімді болу; 7. Ой толғай; 8. Зікір ету; 9. Оқу білу.

Осы жоғарыда аталған өсиеттер орындалатын болса заман түзеледі, ал егерде орындалмаса оның көршісі ібіліс болады. Қасиетті Құран Кәрімде Әли Ғымран сүресі 185 аятта былай делінеді «Әркім өлімді татады. Шын мәнінде қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі» [1, 74 б.]. Бұл өсиеттің сөздерін келесі өлең жолдары ашып жеткізе алады:

Құлдың да құлдан несі артық
Нәпсісін түгел тыйса артық

Намазын оқып бес уақыт
Иманын кәміл жиса артық
Қиямет күні құлым деп
Алланың өзі сүйсе артық
Жәннәтта ғұмыр кешерсің
Көңіліңде сонда күй шалқып
Анаңның аппақ сүтінен
Жұмақтың жұпар иіс аңқып.

Құлшылық еткен жандардың ішінде жоғарыда айтылғандай, адал, әділ, сабырлы, т.б. болса өзгелерден артық болып, о дүниеге аттанғанда Алланың өзі қарауына алатындай талпыну қажеттігі жеткізіледі. Егер пенде жаратушы көңілінен шыға алса, бақилық болғанда жұмаққа түсетіні, о дүниеде көңілі жәй табатыны астарлап айтылған.

Майлықожа шығармасында осы термеге қатысты терме үзінділерін келтіріп талдауы:

*«Не байлар өтті дүниеден
Жәһанға малы сия алмай,
Кедейге бір пұл қия алмай!
Кінәлі демде боламыз
Нәпсімізді тия алмай.»*
*«Балам, Саған айтайын,
Әуреленбей нәпсің тый.»*
*«Сопы болма нәпсі үшін
Сәлдеңді тастап мешітке!»*
«Дүние бір түлкі, нәпсі ит» [6] Майлықожа

Ал, бұл термеде алдыңғы өлең жолдармен салыстырғанда негізгі ұғымдар антонимдік мағынамен берілген. Мысалы, «Жәһанға малы сия алмай» – сабырсыз мал жиюмен айналысқан байлар, «Кедейге бір пұл қия алмай!» – құлдың құлдан ешқай жері артық еместігін ұмытқан, жомарттық танытпаған кісілердің де о дүниеге кететінін ескертіп, «Сопы болма нәпсі үшін» – өзін жоғары ұстап, адалдық, әділдік туралы ұмытпау керектігін айтады.

Хәкім Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тән құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік», – дегендей нәресте ең әуелі тәндік қажеттілікке мұқтаж. Сондықтан да нәпсілік қасиеті ақылдан әуелі дамиды [7, 164 б.]. Ал, сол нәпсіні тыя білген пендені «Алланың өзі сүйіп, ол Жәннәтта ғұмыр кешеді».

Осымен бірге, Әбу һурайра (р.а.) риуаят еткен хадисте «Әрбір туылған нәресте ислам болмысымен туылады...» – деп айтқандай, адамда иман мен ақыл да болады. Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Жеті жасында намаз үйретіңдер ...», – деген сөзіне сай ата-ана нәресте ойын баласы жасына жеткенде ақылын нәпсісінен жоғары ұстауды үйретеді [8].

Осы кезеннен бастап иман, ақыл және нәпсінің бірі адамның бойында басым дамиды. Осыған қарай, адамның келешек тағдырында аса маңызды рөл ойнайды.

Енді, сол туа біткен әуелгі қасиет нәпсі дегеніміз не? Пенде иманы күшті, нағыз мұсылман болуы үшін нәпсісін түбегейлі өлтіріп тастау керек пе? Әлде, нәпсіге бас көтерерлік шама бермей, тоқтаусыз намаз оқып, үзбей ораза тұту шарт па? Шындығына келгенде нәпсі біздің болмысымыз. Нәпсі біздің тамақтануға, демалуға, түрлі қызықтарға деген қалауымыз. Жүгенсіз кеткен нәпсі жалқау, жатып ішер келеді. Нәпсі құрғырға өз еркі өзіне берілсе, арам рахаттардың барлығын татып шығуға бар. Нәпсі ұят пен арды білмейді. Сондықтан, нәпсіні жөнге салып иман мен ақылға қызмет етуге үйрету қажет. Нәпсі қиындыққа шыдас бермегендіктен, көбінесе, жаман қасиеттерге бейім. Ертедегі данышпандар: «Кім өзіне Алладан артық дос бар деп ойласа, Алла тағала жайлы танымы аз болғаны. Кімнің өзіне нәпсісінен артық дұшпан бар деген ойы болса, нәпсісін дұрыс білмегені», деген екен.

Ақыл мен нәпсінің күресі адам бойындағы жақсы һәм жаман қасиеттерінің күресі. Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) Табук жорығынан қайтып келе жатып: «Кіші жиһадтан (яғни, жорықтан) үлкен жиһадқа (яғни нәпсі күресіне) оралдық», – деген екен.

Расында, «Біреуді жеңген мықты емес, ашу үстінде өз-өзіне ие болған адам мықты» дегендей адамға өзін-өзі жеңуі ең қиын іс. Нәпсімен күрес ғибадат жасауда, адамдармен қарым-қатынас жасауда болмақ. Қиын болғанмен мүмкін емес шаруа қатарына жатпайды [3, 218-219 б.].

Әл-Хасан әл-Басри: «Жиһадтың ең абзалы нәпсімен күресу», – деген. Иә, адам өз нәпсісін тәрбиеге салып, тізгіннің бір ұшын иманға, екіншісін ақылға берсе Алла тағала құзырында жүзі жарық болмақ. Адам баласы нәпсісін Алла тағалаға ғибадат етумен және ізгі амалдар жасаумен тазартады [8].

Қасиетті Құран Кәрімде Шамс сүресі 8-10 аятта былай делінеді: «Сонда оған (яғни нәпсіге) жамандық әрі тақуалық қабілетін бергенде серт. Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылады да. Әлде кім оны кірлетсе қор болды», – деп әмір етілген. Аталмыш аят тәпсірінде: «Алла тағала нәпсіге азғындық пен тақуалық жолын танытқан. Жаманның не екенін және жақсының не екенін

нәпсіге түсіндірген», – деп айтылған [1, 595 б.].

Осы түсінікке сай мағынада Әбу Һурайра (р.а.): «Алла елшісі «Сонда оған жамандық әрі тақуалық қабілетін бергенге серт» аятын оқып: Аллаһым! Нәпсіме тақуалық бер. Нәпсімді пәкте. Сен ең жақсы пәктеуші затсың. Сен жанымның Иесісің, – деп дұға жасады», – деген риуаят жеткізген. Иә, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) бізге нәпсімізді қалай тәрбиелеу керектігін үйретуде [3, 220 б.].

Сондай-ақ, Зайд бин Аркам (р.а.) Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Аллам, мен Сенен әлсіздік, жалқаулық, кәрілік, қорқақтық, сараңдық атаулыдан және қабір азабынан сақтауыңды сұраймын. Аллаһым, нәпсіме тақуалық бер. Нәпсімді пәкте. Расында Сен ең жақсы пәктеуші затсың. Сен жанымның Иесісің. Аллаам, мені тақуалығы жоқ жүректен, тойымсыз нәпсіден, пайдасыз ілімнен, қабыл болмайтын дұғадан сақтауыңды сұраймын», – деген дұғасын риуаят еткен. Хадисті жеткізуші Зайд (р.а.) сөзінің соңында Алла елшісі (с.ғ.с) осы сөздерді бізге үйреткен, ал біз сіздерге үйретіп отырмыз, – деген екен [8].

Құран Кәрімде нәпсінің бірнеше түрі айтылған. Жамандыққа бұйырушы нәпсі. Бұл басым көпшілік адамда кездеседі. Жүсіп пайғамбар (а.с): Қасиетті Құран Кәрімде Юсуф сүресі 53 аятта былай делінеді: «Нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпсі жамандыққа бұйырады» [1, 242 б.].

Әрине, нәпсіге қалау берілсе, ол тек рахатты аңсайды. Еш уақытта құлшылыққа үндемейді. Бұрынғы хәкімдер мынадай ғыбатты сөз қалдырған: «Расында шәһуат (нәпсі құмарлық) патшаларды құлға айналдырады, ал сабырлық құлдарды патшаға айналдырады. Юсуф пен Зулайханың киссасын көрмейсіз бе?».

Ия, расында адамның сәтсіздіктерінің басты себепкері нәпсіге бой алдыру. Құлқының құлы болып, өмірін құрдымға жіберіп жатқан қаншама пенделер бар. Нәпсінің дегенімен жүріп абыройдан айырылған жандар қаншама. Өйткені нәпсі тек жамандыққа үндейді. Жақсылықты, ізгілікті нәпсі жаны сүймейді [3, 221 б.].

Сыншыл нәпсі. Бұл жақсы адамдардың бойынан табылады.

Қасиетті Құран Кәрімде Қиямет сүресі 2 аятта былай делінеді:

«...сөгіс беруші нәпсіге серт» [1, 577 б.].

Хазіреті Омардың (р.а.) «Есеп алынбай тұрып, өзіңе-өзің есеп бер» – деген өсиеті осындай нәпсі мәртебесіне жеткізері хақ [9].

Әл-Хасан әл-Басри: «Расында, мүмін деп өзінің нәпсісін сынаушы адамды айтатынбыз.

Ол өзіне: «Айтқан сөзімен нені қаладым, жеген тамағыммен нені қаладым», – деп үнемі өзін сынап отырады. Ал, пасық болса қадам басқан сайын жақсылықтан ауытқи береді, өзін бұл үшін жазғырмайды да», – деген екен [3, 221 б.].

Сыншыл нәпсі – шынайы мұсылманның нәпсісі. Түзу жүретін мүмін өзінің әр іс-әрекетіне үнемі сын көзбен қарайды. Әрдайым сөзі мен іс-қимылына өзі есеп береді. Ал, екіжүзді бұзық адам өз әрекетіне еш уақытта өкінбейді. Кісінің көңілін сөзімен ренжітсе де, әрекетімен біреуге зияны тисе де еш кінәлап, жазғырмайды. Кересінше, жайбарақат жүре береді. Ғұлама Мужаһид «сыншыл нәпсі» жайлы: «Ол – жамандық істеп қойса неге істедің деп жазғырады. Ал, жақсылық амал істесе неге көбірек істемейсің деп сөгетін нәпсі» деген екен [3, 221 б.].

Жаны жай тапқан нәпсі.

Қасиетті Құран Кәрімде Фәжр сүресі 27 аятта былай делінеді: «Әй орныққан нәпсі» – деп бұйрық етілген [1, 594 б.].

Тәпсіршілер: «Аят Осман бин Аффан (р.а.) жайлы түскен», – десе, кейбір ғалымдар «Хамза (р.а.) – ға қатысты түскен», – деген. Сонымен қоса, Сағид бин Жабир (р.а.) мынадай оқиғаны баян етеді: Бір кісі Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) құзырында: «Әй орныққан нәпсі!» – аятын оқыды. Мұны естіген Әбу Бәкір (р.а.) «Уа, Алла елшісі! Бұл қандай тамаша аят», – деп таңырқады. Сонда Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Уа, Әбу Бәкір! Расында періште бұл сөзді саған айтады», деген екен [3, 222 б.].

Әбу Амаат (р.а.) жеткізген риуаятта: Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) бір кісіге: «Аллаһым, мен Сенен жай тапқан, Сенімен кездесетін күнге иман еткен, тағдырға риза болған, бергеніңе қанағат еткен нәпсі сұраймын», – деп айт, – деді [8].

Әрбір мұсылман «нафсул-лаууама», яғни сыншыл нәпсі иесі болғанды қалайды. Алайда, бұл дәрежеге жету жолындағы талаптарды орындағысы келмейді. Адамдардың көбісі «нафсун аммариат бис-су», яғни жамандыққа бұйырушы нәпсі иесі болып табылады. Алайда, оны мойындағысы келмейді. Жоғарыдағы аталған үш нәпсі сипаттамасына қарап өзінің қай топқа жататынын ажырата алады [3, 222 б.].

Алланың бары ақиқат
Танитын соны ілім бер
Лә иләһа деп жас ұрпақ
Намаз бен хақтың нұрын көр
Пайғамбар салған ізбенен
Жаңылмай жолдан жүріңдер
Тұрағың болған жалғанда

Жұмағың болмас жұмыр жер
Тіршілік еткен пендене
Құлшылық етер ғұмыр бер.

Құлшылық етіп, Алланың жалғыз екенін қабылдаған пенденің ғана жұмаққа баруға мүмкіндігі болатынын аңғартатын бұл өлең жолдарын Қасиетті Құран Кәрімнің Әнғам сүресі 102 аятында растайды: «Раббыларың Алла. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол, барлық нәрсені жаратушы. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар. Ол әр нәрсеге кепіл» [1, 141 б.].

Ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазанда ораза тұту», – деп айтқан [2, 22 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) сахабаларға «сендердің араларыңнан бір адамның есігінің алдында өзен ағып, ол сол өзенге күніне бес рет шомылса, сол адамда кір қалатын ба еді?» – деп сұрағанда сахабалар: «Жоқ қалмайды», – деп жауап қайырады. Сонда Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с) «Бес уақыт намазда да, судың кірді тазалайтынындай күнәларды тазалайды» деді. Басқа бір хадисте былай дейді: «Үлкен күнә жасамаған адамды бес уақыт намазы мен жұма намазы, келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады» Муслим, Таһарат, [2, 106 б.]. Ақыретте адам баласы есепке тартылғанда, ең алдымен намаз сұралады [10, 6-7 б.]. Ал, намазды өлең жолдарындағы «құлшылық» деп түсінген жөн. Тағы бір өлең жолдарында:

*Өкінішті мынау өмірде
Тарамда тарам жол болар
Біреудің тасып мерейі
Біреудің бағы кем болар
Алланың ол да сынағы
Ойлаған соны жөн болар
Есіктен кірген басыңның
Алатын орны төр болар
Бесіктен шыққан басыңның
Баратын жері көр бола, – делінеді.*

Бұнда автор осы дүние – сынақ әрі арнайы намаз оқу үшін, яғни құлшылық етіп, о дүниедегі жақсы орынға лайық екенін көрсетудің мүмкіндігі екендігін жеткізеді.

Қасиетті Құран Кәрімде Әли Ғымыран сүресі 185 аятта былай делінеді «Әркім өлімді татады. Шын мәнінде қиямет күні ақыларың толық төле-

неді. Сонда кім оттан құтқарылып жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі» [1, 74 б.].

Кім қабір азабынан құтыламын десе, ғалымдар төрт амалды жасап, төрт нәрседен бойын аулақ ұстау керектігін айтқан.

Жасалынуы тиіс төрт амал: 1. Намаздарға бекем болу; 2. Садақаны көп жасау; 3. Құранды көбірек оқу; 4. Алланы көп ұлықтау.

Аулақ болатын төрт нәрсе: 1. Өтірік айтпау; 2. Ешқашан қиянат жасамау; 3. Бүкіл өсекшілердің бәрі күнәһәр; 4. Зәрден сақтану.

Кім осындай жақсы амалдарды өзіне серік етіп, ғұмырын салиқалы өткізсе оның қабірі, жанының рақаты болары сөзсіз [3, 289-290 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Бақара сүресі 286 аятта былай делінеді: «Алла тағала кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына. «Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді қолға алма. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніндей ауыр жүк жүктеме. Раббым! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен иемізсің! Бізге кәпір қауымға қарсы жәрдем бер!» [1, 49 б.]. Аталмыш сүрелерде айтылған сөздердің мағынасын, келесі өлең жолдары ұйқастырып, ашып бере алады:

*Құранның сөзі қасиет
Пайғамбар сөзі өсиет
Күдерінді үзбе құдайдан
Көрсен де қайғы қасірет
Бабалар өткен бахадүр
Иманы жалғыз досы боп
Ізгілік жолын іздеген
Бұйрығы хақтың осы деп
Кіршіксіз ғұмыр кешуді ей
Бізге де алла нәсіп ет...*

Бұл жолдар Құран дәрежесінің қаншалықты жоғары екенін, ешбір кедергіге қарамастан Құдайға құлшылық етіп, сенімді жоғалтпай сынбай келген адам «кіршіксіз ғұмыр», яғни жұмаққа лайық болатынын аңғартады.

Алла Тағала адамзат баласын ақылмен ардақтап, пендесі құр босқа ғұмыр кешіп, құмарын қандырып құрдымға кетпеуі үшін қасиетті Кітабын түсірді. Сол арқылы ақыл иелерін ең тура жолға бастады [3, 59 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Рағд сүресі 28 аятта былай делінеді: «Жүректер Алланы еске алумен тыныштық табады» [1, 252 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Хижр сүресі 9 аятта былай делінеді: «Шындығында Зікірді

(Құранды) біз түсірдік және оны біз қорғаушымыз» [1, 262 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) былай дейді: «Құран оқыңдар, өйткені ол Қиямет күні өзін оқығандарға шапағатшы болып келеді», – дейді ардақты Елші өз хадисінде. Сондай-ақ: «Қиямет күні Құранды оқыған адамға: «Оқы да жоғары көтеріл. Дүниеде қалай оқыған болсаң, солай оқи бер. Сенің (жәннаттағы) сый орның соңғы аятты оқитын жерінде» – деп айтылады.

«Ішінде Құраннан ештеңе болмаған адам құлаған үй тәріздес». Осы хадиске Құраннан бейхабар жанның ішкі дүниесі қаншалықты бос екенін сипаттап, қирап жатқан үйіндіге ұқсайтынын айтады (3, 60-61 б.).

Қасиетті Құран Кәрімде Бақара сүресі 153 аятта былай делінеді: «Әй мүминдер! Сабыр және намазбен (Алладан) жәрдем тілендер, күдіксіз Алла сабыр етушілермен бірге» [1, 236.]. Жоғарыда келтірілген аят, сөздердің барлығы да терме жолдарының дәлелі іспеттес, олардың астарында автор сөздерінің ақиқаттығының дәлелі жатыр.

Қасиетті Құран Кәрімде Бақара сүресі 155-157 аяттарда былай делінеді: «Сөзсіз, біз сендерді қауіп-қатермен, аштықпен, малдарыңды, жандарыңды және өнімдеріңді кем қылу арқылы сынаймыз. (Мұхаммед с.ғ.с.) сондай жағдайларда сабыр сақтайтын жандарды қуант. Қашан да оларға бір ауыртпалық жетсе, олар: «Шын мәнінде, біз Алладан келдік және Оған қайта ораламыз» – дейді. Міне, соларға Раббылары жақтан жарылқау және шапағат бар [1, 24 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) былай дейді: «Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы мен іс-әрекеті – намаз». Ұлы Раббымыз хабардар бола тұра періштелеріне былай дейді:

«Құлымның парыз намазына қараңдар. Оны толық орындаған ба, кемістігі бар ма»? Егер оның парыз намаздары толық болса, намаз сауабы толықтай жазылады. Егер парыз намаздарында нұқсандық болса, Аллаһ Тағала былай дейді: «Құлым нәпіл (сүннет) намаздарын толық оқыған ба екен?» Егер ол сүннет намаздарын толық оқыған болса, Аллаһ Тағала «Құлымның нұқсан парыз намаздарын нәпілдермен толтырыңдар», – дейді. Одан кейін парыз болған басқа амалдар да осылайша есепке тартылады». (Тирмизи, Салат 118).

Қасиетті Құран Кәрімде Мәриям сүресі 59 аятта былай делінеді: «Бұл пайғамбарлардан кейін орындарына, намазды қойып, нәпсілері-

не ергендер келді. Олар жақында (қияметте) адасуларының сазайын тартады» [1, 309 б.].

Ибн Аббас (р.а.) бұл аяттағы «Әзә үһә» (намаз оқымады) сөзінің ұғымының намазды түгелдей оқымады деген емес. Бәлкім намазды уақытында оқымады деген сөз деп айтқан. Табиғиннің ұлы имамдарынан Сағид ибн Мусәййәб: «Намаз оқымады» сөйлемінің мағынасы – бесін намазын екінті уақытында, екінті намазын ақшам уақытында, ақшам намазын құптан уақытында, құптан намазын таң намазының уақытында, таң намазын да күн шыққаннан кейін оқығандар» деп тәпсір етіп былай деген: Кімде-кім осы әрекетін өзгертпей, тәубе етпестен қайтыс болса, Алла Тағала оны тозаққа, терең әрі иісі мұңкіп тұратын қан боп ағатын «Ғайя» өзеніне тастайды [11, 21 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Мағұн сүресі 4-5 аятта былай делінеді: «Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! Олар, намаздарын немқұрайлы оқиды» [1, 602б.]. Яғни намазға мән бермей, жалқаулық қылған адамдардың ақыреттегі халі қандай мүшкіл болмақ деген сөз.

Сағд ибн әби Уаққас (р.а.) Пайғамбарымыздан Мұхаммед (с.ғ.с.): «Атыя» аятының тәпсірін сұрағанда Расулуллаһ (с.ғ.с.): «Намаз уақыттарын кешіктіргендер» деп жауап беріпті. Жоғарыдағы аят кәрімнің қысқаша ұғымы: Сыртқы көріністеріне қарағанда оның намаз қылғанын көресің. Расында жалқаулық қылып намаз уақыттарын кешіктіргендер ең қорқынышты азап болған «Уәйл» азабына душар болады. Уәйл – тозақтағы бір ойдың атауы. Ол жерде, жер бетіндегі барлық таулар жүретін болса, ыстығынан еріп кетеді деген ғалымдар да болыпты. Міне, осы ой намазды амалсыздан оқитын және намаз уақытын кешіктіретіндердің барар жері. Алайда, егер тәубе етіп, Аллаға жөнелетін болса, олар үшін кешірім болады [11, 22 б.].

Қасиетті Құран Кәрімде Мұнафиқун сүресі 9 аятта былай делінеді: «Әй, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспасын. Өлдекім бұны істесе, міне солар, зиян шегушілер» [1, 555 б.]. Тәпсір ғалымдары бұл аяттағы «зікірдің мағынасы – намаз» деп айтқан.

Кімде-кім сауда жасап отырғанда (жалпы жұмыс), саудамен немесе тағы басқа күнкөріс жолымен уақыт өткізіп, намаздың уақытын кешіктіретін болса, міне, сол ең үлкен зиянға ұшыраған пенде. Пайғамбарымыздан Мұхаммед (с.ғ.с.): «Қиямет күні пенде, ең алдымен намаздың есебін береді. Егер намазы толық болса құтылады. Ал, намазы нұқсан болса, онда ең үлкен зиянға ұшырайды» [11, 22 б.].

Алла Тағала тозақтағылардың халін Қасиетті Құран Кәрімде Мүддәссир сүресі 41-48 аятта былай делінеді: «Қылмыстылардан: 41. «Сендерді тозаққа кіргізген не нәрсе?» 42. Олар: «Біз намаз оқушылардан емес едік» 43. «Әрі міскінді тамақтандырмайтын едік» 44. «Бұзықтыққа-кірісушілермен бірге кірісіп жүрген едік» 45. «Қиямет күнін өтірік деген едік» 46. «Өзімізге өлім келгенге дейін (жалғаса берді дейді) 47. «Сонда оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді» [1, 576 б.].

Пайғамбарымыздан Мұхаммед (с.ғ.с): «(Мүмин) Пенде мен күпір арасындағы жалғыз шекара намазды тәрік ету», – деген. Осы хадистердің екеуі де сахих.

Сахих Бұхариде Пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с): мына хадисі жазылған: «Кімде-кім екінті намазын (біле тұра) тәрік ететін болса, (қалған) амалдары жоқ болады».

Сүнән кітаптарында Пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с): мына хадисі жазылған: «Кімде-кім біле тұра намазды тәрік ететін болса, Алланың қамқоршылығынан шығарылады».

Пайғамбарымыздан Мұхаммед (с.ғ.с): «Адамдар «Лә иләһә илләллаһ» деп шаһадат сөзін айтып, намазын оқып, зекет бергенге дейін олармен шайқасуға міндеттімін. Олар осы айтылғандарды орындаса, шарифат заңдарын қадағалау шартымен менен малдары мен жандарын сақтап қалған болады. (Жасырын күпіршіліктер мен күнәлардың есебін мен емес, Алла сұрайды)». Бұхари мен Мүслим жеткізген [11, 23 б.].

Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намазды сақтап қорғайтын болса, қиямет күні намаз ол үшін жарық жол сілтеуші және амандық болады.

Ал кімде-кім намазын сақтамаса, қиямет күнінде Перғауын, Қарун, Хаман және Үбәй ибн Халәфтермен бірге болады», – деп айтылған.

Сахаба хазретті Омар (р.а.) «Намазды тәрік еткен кісінің Ислам дінінде несібесі (құқығы) жоқ», – деген.

Имам Ахмед Муъаз ибн жәбәлдан (р.а.) Пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с) былай дегенін жеткізген: «Кімде-кім бір парыз намазды біле тұра тәрік етсе, Алланың қамқорлығы ол кісіден аулақ болады».

Байхаки хазретті Омардың (р.а.) былай дегенін жеткізген: «Бір кісі пайғамбарымызға (с.ғ.с) келіп: «Уа, Расулұллаһ! Исламда Алланың ең қатты жақсы көрген құлшылығы қайсысы?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Уақытында оқылған намаз. Кімде-кім намазды тәрік ететін болса, оның Ислам дінінде орын жоқ, Діннің тірегі – намаз», – деп жауап берді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) былай деген: «Пенде намазын уақытында оқығанда, намазы көкке көтеріліп, Аршқа дейін жетеді және қиямет күніне дейін иесінің жарылқауын сұрап былай дейді: «Мені уақытымда оқып, қорғаның сияқты Алла да сені қорғасын». Бірақ пенде уақыт шыққаннан кейін оқыған болса, (оқыған намазы) қара нәрсемен оралғандай болып көкке көтеріледі. (Бірінші) Қабат аспанға жеткенде ескі бір киім сияқты түріліп, иесінің бетіне лақтырылады. Ол намаз былай дейді: Мені зая қылғаның сияқты, Алла да сені зая қылсын» [11, 25 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) былай деген: «Зәрулік жоқ бола тұра екі (уақыт) намаз арасын қосқан адам үлкен күнәлардан бір есікке кірген болады» [11, 26 б.].

Әдебиеттер

- Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. – Алматы, 2013. – 250 б.
Сахих Әл-Бухари ықшамдалған нұсқасы. – Алматы: «Кәусар-саяхат», 2007. – 926 б.
Жұма уағызы. 2 кітап. – Алматы, 2014. – 407 б.
Құранның алғашқы бұйрығы. – Алматы, 2014. – 233 б.
ҚМДБ Жұма мінбері. – Алматы, 2012. – 687 б.
Оспанұлы Ә. Майлықожа. – Алматы, 2005. – 125 с.
Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағы. 2 том. – Алматы, 1954. – 308 б.
Әл-Бухари, Абу Абдуллаһ Мухәммәд ибн Исмаил әл-Жуфи, әл-Жамиус-Сахих, Стамбул 1401.
Имам әс-Суюти, Әбу Фадл Жәләлуддин Абдурахман ибн Әбу Бәкір, әл-Жамиғұс-сағир; 2 ахадиси бәширин-нәзир. – Бейрут, 1990. – 73 б.
Муфтий Джамиль Ахмад Назири, Намаз Посланника Аллаха (с.а.у). – Казань, 2006. – 287 с.
Имам Шәмсуддин Қаймаз Туркмәни әз Зәһәби, Ислам шарифатындағы Үлкен күнәлар. – Алматы, 2013. – 332 б.

References

- Altai H. Quran Kárim qazaqsha maǵyna jáne túsinigi. – Almaty, 2013. – 250 b.
- Sahih Ál-Býharı yqshamdalgan nusqasy. – Almaty: «Káysar-saiahat», 2007. – 926 b.
- Juma ýaǵyzy. 2 kitap. – Almaty, 2014. – 407 b.
- Qurannyń alǵashqy buıryǵy. – Almaty, 2014. – 233 b.
- QMDB Juma minberi. – Almaty, 2012. – 687 b.
- Ospanuly Á. Mailyqoja. – Almaty, 2005. – 125 s.
- Abai Qunanbaev shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. 2 tom. – Almaty, 1954. – 308 b.
- Ál-Býharı, Ábý Abdýllah Mýhámád ibn Ismaıl ál-Jýfi, ál-Jamıys-Sahih, Stambýl 1401.
- Imam ás-Sýıytı, Ábý Fadl Jálálýddın Abdýrrahman ibn Ábý Bákir, ál-Jamıgus-saǵır; 2 ahadıı bášhırın-názır. – Beırýt, 1990. – 73 b.
- Mýftı Djamıl Ahmad Nazırı, Namaz Poslannıka Allaha (s.a.ý). – Kazan, 2006. – 287 s.
- Imam Shámsýddın Qaimaz Týrkmáńı az Záhábı, Islam sharıǵatyndaǵy Úlken kúnalar. – Almaty, 2013. – 332 b.

¹Жаксылыков А.Ж., ²Мажен Е., ³Жамашев А.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aslanj54@mail.ru

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: yernarmazhen@gmail.com;

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: azamat.jamashev@mail.ru

РЕЛИГИОЗНЫЕ МОТИВЫ ПОЭЗИИ БУХАР ЖЫРАУ

Поэзия акынов-жырау – важнейший этап формирования эстетических принципов, канонов, традиционного формульного языка всей казахской поэзии. Одним из важнейших принципов поэзии жырау была духовность, глубокая связь с религиозно-мифологическим началом, уходящим корнями в древние верования, архаические мировоззренческие системы. В эпоху казахо-джунгарских войн, в XVI-XVIII вв., которые способствовали духовной консолидации казахского народа, в поэзии жырау усиливаются исламские мотивы, что проявилось в активном проникновении в поэзию жырау мусульманской лексики, в функциональности реминисценций, цитат, апелляций к именам бога. Наиболее характерна эта тенденция для поэзии Бухара жырау, который не только занимал позицию поэта-проповедника, но и в какой-то степени был духовным вождем народа.

Ключевые слова: концепт, парадигма, акыны-жырау, мифо-поэтика, религия, мировоззрение.

¹Zhaksylykov A.Zh., ²Mazhen Ye., ³Jamashev A.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: aslanj54@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: yernarmazhen@gmail.com

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: azamat.jamashev@mail.ru

Religious motives in the poetry of the Bukhar zhyrau

The poetry of akyn-zhyrau is the most important stage in the formation of aesthetic principles, canons, the traditional formula language of all Kazakh poetry. One of the most important principles of the poetry of Zhyrau was spirituality, a deep connection with the religious-mythological principle, rooted in ancient beliefs, archaic ideological systems. In the era of the Kazakh-Jungar wars, in the XVI-XVIII centuries, which contributed to the spiritual consolidation of the Kazakh people, Islamic motifs strengthened in the poetry of Zhyrau, which was manifested in the active penetration of Muslim vocabulary into the poetry of Zhyrau, reminiscence functionality, quotations, appeals in God's names. This tendency is most characteristic to the poetry of Bukhar Zhyrau, who was not only a poet- preacher, but to some extent, was also the spiritual leader of the people.

Key words: concept, paradigm, akyn-zhyraus, myth-poetics, religion, worldview.

¹Жаксылыков А.Ж., ²Мажен Е., ³Жамашев А.

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aslanj54@mail.ru

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: yernarmazhen@gmail.com

³әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: azamat.jamashev@mail.ru

Бұхар жырау поэзиясының діни сарындары

Ақын жыраулар поэзиясы – бүкіл қазақ поэзиясының канондары мен эстетикалық принциптерінің қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады. Жырау поэзиясының маңызды

принциптерінің бірі түп тамыры ежелгі діни-наным сенімдерде орын алған діни-мифологиялық бастаулардан, архаикалық дүниетанымдық жүйелермен терең байланысы бар руханилық болып табылады.

XVI – XVIII ғ. қазақ-жоңғар соғыстары кезеңінде, қазақ халқының рухани бірігуіне, топтасуына негіз болған кезеңде жырау поэзиясында ислам сарындары күшейіп, мұсылман лексикасының кең етек жая бастап, құдайға деген апелляциялар, сілтемелер, реминисценциялар белсенді түрде орын алды. Бұл үрдіс неғұрлым Бұхар жырау поэзиясына тән, ол тек қана ақын-уағызшы ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір дәрежеде қазақ халқының рухани бастаушысы, көсемі болды.

Түйін сөздер: концепт, парадигма, ақын-жыраулар, мифо-поэтика, дін, дүниетаным.

Введение

Содержательность религиозно-мифологических мотивов и концептов в поэзии акынов-жырау недостаточно изучена, тем не менее она достаточно определенно представляет выраженную черту их творчества. Надо признать, среди жырау не было поэта такой однозначной религиозной направленности, как А. Яссави [1]. Однако вместе с тем религиозная тематика в творчестве степных поэтов звучит отчетливо, и она имеет развитие в веках поэтической традиции. У некоторых из них (у Бухара-жырау) религиозная тема проявлена системно и имеет характер идейной программы. Как известно, поэзия жырау, особенно тема религиозных мотивов и концептов в этой литературе, в советский период долгое время была под негласным запретом, она не изучалась. Лишь с середины XX в. (1942 г.) начались эпизодические упоминания о поэзии жырау [2, с. 155-160]. Развернутые же исследования начались лишь с 70-х годов XX века, когда появились известные труды М. Магауина [3].

Комплексный анализ творчества акынов-жырау показывает, что степные жырау творчески развивали и воплощали в поэтическом слове основные принципы народной философии и эстетики, в их мироощущении непротиворечиво переплетались мотивы и архетипы тенгрианского, анимистического, исламского мирозерцания, образуя синкретизм. В мировоззрении акынов-жырау со всей силой поэтического звучания выявилась традиционная религия природы кочевников (синтез тотемизма, анимизма, тенгрианства) [4, с. 156]. На этот древний архетипический духовный слой с ходом времени начинают наслаиваться исламские философские реминисценции, концепты системного религиозного мировосприятия. Этот процесс получил интенсивное развитие уже в эпоху казахо-джунгарских войн, которые интенсифицировали процесс духовной самоидентификации.

Результаты и обсуждение

Акыны-жырау за ряд веков заложили базовые принципы эпической поэзии тюрков Центральной Азии. Эти каноны стали базовыми художественными и ментальными основами, как бы подтверждая культ традиции предков в тюркском духовном космосе. «Временная вертикаль «потомки–предки» пронизывает все верования саяно-алтайских тюрков. Это больше, чем «культ предков». Это способ осознания своего места в пространственно-временных и причинно-следственных координатах мира», – пишут исследователи [5, с. 30]. Данный принцип полностью можно отнести и к традиционной казахской культуре, в том числе к поэзии.

Религиозно-мифологическая парадигма в творчестве степных поэтов развивается до XVIII в. (до Бухара-жырау) исподволь, накапливаясь постепенно, коррелируясь с процессами онтогенеза народа.

Бухар-жырау (1668-1781) предстает наиболее колоритной и масштабной фигурой среди казахских акынов-жырау XVIII века. Бухар-жырау, как и Асан-кайгы, воплощает в себе черты поэта, мудреца, дипломата, государственного советника, прорицателя, ритуального медиатора, народного вождя, в нем как бы вновь ожил синкретический дух седой старины. Влияние Бухара-жырау на политические события в XVIII веке на общественное мнение народа было огромно. Связь Бухара-жырау с народом – это, прежде всего, глубинная духовная связь, идущая от самых архетипических корней традиционной этнокультуры, коллективного подсознательно-го начала, таинственных ментальных уровней единства общего и индивидуального. С этой точки зрения между великим жырау и народом никакой дистанции не было, поэт выступал рупором народного мнения и точно отражал отношение коллектива к тем или иным событиям. Жырау с удивительной яркостью и концентрированно репродуцирует народную философию жизни, вековую мудрость, традиционное миро-

ощущение. В его творчестве как бы слились и предстали в органичном синтезе многовековой эстетический, философский и духовный опыт народа, а также традиция мифопоэтического сознания. В XVIII веке Бухар-жырау – наиболее яркий представитель традиционной ментальности кочевого общества. Творческий всплеск в его поэзии не случаен, ибо жырау как бы завершал длительную традицию эпической словесности, – в его произведениях осуществилась этапная аккумуляция многовекового культурного опыта. Авторитет Бухара-жырау был столь велик, что хан Абылай назначает его своим государственным советником.

Религиозное сознание для Бухара-жырау органично и естественно. Как и Асан-кайгы, он декларирует и пропагандирует религиозные парадигмы, и это далеко не случайно. Асан-кайгы в одной из своих произведений называет в качестве опорных ценностей жизни ритуальный намаз, регламентирует потомкам смирение и покорность перед волей всевышнего. Значимы следующие строки Асана-кайгы:

Қазтуған менен Абатым,
Дұшпанды жер болғанда,
Сегіз қырлы болатым
Мен бір жасы жеткен қарт едім,
Көлеңкелі жерде бағатын
Күні-түні жатырмын,
Бес намазды тәр қылмай,
Құдайдың өтіп тағатын...
«әумин» де Абат жан,
Батамды саған берейін,
Балам да болсаң ер едің,
Тұла бойым тұңғышым,
Менен туып тұр едің.
Жылы жерге алып бар
Қатын, бала тонбасын
Енді кейін қайтуға
Хақ тағала жазбасын.
Түсімді алған кәрі едім
Иманым болғай жолдасың
Қайда барсаң аман бол,
Мандайынды Алла ондасын!

Бухар-жырау религиозные темы, мотивы рассматривает в более широком и социально актуализированном контексте, они получают значение идеологем. В произведении «Айт-ар болсаң Алланы айт» поэт имя бога ставит в самое начало знаково-символического ряда, слово основного метасемантического значения выполняет роль рефрена, от которого тянутся ассоциативные связи к смысловому полю коранической философии, мифологии, реалиям ислама. С этого рефрена начинается звуко-

изобразительный ряд, создающий картину жизни мусульманской общины, одна за другой проплывают сцены утренней молитвы – азана, интонируется голос муэдзина, призывающего верующих к выполнению обряда. Эти религиозные сценки, картины, звуко-изобразительный ряд, кораническая лексика, мифопоэтическая символика, культовые атрибуты призваны не только выразить мировоззрение поэта, но и наглядно воспроизвести систему констант – признаков приятного сердцу поэта образа жизни и культуры. Данный вывод подтверждается текстом другого произведения Бухара-жырау – «Алыстан кызыл көрінсе», функциональностью лексики и мотивов в нем:

Кісі ақысын көп жеген,
Арам емей немене.
Іштегі сыр Аллаға мәлім,
Сыртындағы қулығың,
Амал емей немене,
Сусағанда берген су
Шекер емей немене.
Һәммәтсіз ерге біткен мал,
Бекер емей неме. [6, с. 14]

Нравственные проблемы честности, искренности, душевной чистоты, неподкупности здесь вынесены на первый план, семантически они подчинены смысловому центру – концепту высшей ценности космоса – всевышнему Аллаху. Исходя из коранической метафизики и психологии, поэт утверждает, что все происходящее в сердце человека открыто богу, из этого и вытекают моральные требования к человеку быть чистым душой. В другом стихотворении поэт риторически восклицает:

Көкте бұлыт сөгілсе,
Көктем болмас не пайда.
Көкіректен жан шыкса,
Қайтып келмей не пайда.
Дін мұсылман болмаса
Тіл мұсылма не пайда. [6, с. 13]

В этих красноречивых строках поэт призывает отказаться от формализма и двуличия в проявлениях религиозности, его логика опять-таки вытекает из религиозной психологии, осознания необходимости жить по парадигмам и императивам веры в существование бога. Чувства человека, переживания, которые управляются законами социального детерминизма, требованиями мимикрии, маскировки, коммуникации, по мнению поэта, неизбежно граничат с ложью, поэтому ценности не имеют. Достаточно обнаже-

ны религиозно-философские смыслы в произведении «Хақтың үйі мешіт-ті»:

...Ибрахим халил жасады
Тәңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бейнамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң
Құдай тағалам өзі берер нәсіпті. [6, с. 11]

В этих строках звучит призыв к религиозному смирению, соблюдению ритулов; удача в жизни, успешность судьбы прямо связываются с искренностью веры в мощь бога. Статус человека, определенный поэтом, соответствует основному религиозному канону. Это произведение, да и другие теологические окрашенные творения Бухара-жырау, в 30-х годах XX века послужили поводом для вульгарного-идеологических обвинений против великого барда XVIII века. Мы же должны понимать, что жырау меньше всего волновало, что о нем будут говорить в будущем, – как духовный вождь народа он был больше всего озабочен вопросами консолидации и идейного единения народа перед лицом агрессии джунгара. Мудрый жырау отдавал себе отчет в роли религии в деле сплочения народа, в формировании национального характера. Вновь и вновь поэт напоминает об этом, обращаясь при этом не только к хану, но и ко всему народу:

Ей, айтшы, Алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт.
Төрт шарияр Мұстафа
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі бұрқанды айт,
Кәлім Алла құранды айт.
Тәңірім салса аузына,
Жан жолдасың иманды айт,
Жамандыққа жақсылық
Көктемеген Еділді айт.
Қара қылды қақ жарған
Наушарундай әділді айт.
Арсы менен Күрсін айт,
Лаухы менен Кәләмді айт.
Құдыретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт... [6, с. 10]

В этом произведении, обильно насыщенном книжной религиозной лексикой и реминисценциями, наблюдаются признаки своеобразного духовного синтеза – древнетюркское Тенгри, тюрко-персидское «кудай» соседствуют с кораническими Алла, Мустафа, Курси, персидский субстрат Наушаруан (Ануширван) с буддийско-ламаистским «бұрқан» (будда – хан), однако вся

эта лексика с высоким содержанием пронизана исламским мироощущением и функционирует в духе коранической экзегетики. Исходя из этого обстоятельства, можно предполагать знакомство Бухара-жырау с книжной мусульманской литературой-кисса и дастанами.

К. Омариалиев, подвергший системному анализу язык и стилистику поэзии акынов-жырау, высказал мнение, что некоторые стихотворения, приписываемые Бухару-жырау, на самом деле ему не принадлежат, среди них, по его мнению, «Ей, айтшы, алланы айт» 214: «Ал бақсылардың сарынына ұқсас Ей, айтшы, алланы айт» деген өлең Бұхар өлендері стиліне жанаспайды. Тіпті Бұхар кезіндегі дәстүр тұрғысынан қарағанда да өлеңді: «Ей, айтшы, алланы айт» түрінде бастаудың өзінде қате бастау бар еді. «Ей, айтшы, алланы айт» және «Ақтың үйі мешіт-ті» деген екі өлең не бәрі 56 жол ғана, ал осында 56-дан артық араб-парсы сөзі сөз тіркестері бар». Далее К. Омариалиев в качестве дополнительного аргумента указывает на жанровое несоответствие этих стихов другим произведениям Бухара-жырау.

На наш взгляд, аргументация К. Омариалиева страдает недостаточностью, и она непоследовательно выстроена, чтобы можно было принять такой вывод.

Арабо-персидская лексика присутствует и в других произведениях поэта, в частности в «Бірінші тілек тілеңіз», «Алла деген ар болмас», «Сәлем бір сөздің анасы», «Жақын жерден шөп жесе», «Көкте бұлыт сөгілсе», «Алыстан қызыл көрінсе», «Қара арғымақ арыса», «Айтар болсаң Алланы айт», «Абылай ханның қасында», «Шүршит келем деген сөз бар-ды» и др. В этих произведениях арабо-персидская, кораническая лексика звучит отнюдь не формально, она достаточно осмысленна и акцентирована в идейном отношении. В двух толгау «Абылай ханның қасында», «Шүршит келем деген сөз бар-ды» жырау достаточно ясно формулирует свою политическую позицию по отношению к соседям Казахстана – России и Китаю. Он неоднозначно высказывается о том, что в условиях опасности культурной ассимиляции со стороны великих народов казахам следует подумать о духовной консолидации, внедрении религиозных основ в сознание масс. Таково мышление великого жырау, и игнорировать это в научных комментариях теперь никак нельзя:

Бұ қылықты қоймасаң,
Құдайдың бергеніне тоймасаң,

Ағаш үйде кәпір бар,
Көресің сонан теперіш.
Мұсылманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз.
Бірауызды болыңыз...

Или следующие строки:
«Шүршіт келем!» - деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап:
«Інжіл» атты кәләмдә.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір жейді (кетер) актарып,
Көмүлі көрден дененді.
Шүршіт келсе, Сырға көш,
Ішетұғын суы бар... [6, с. 19]

По этим строкам вполне очевидно, что жырау был осведомлен о канонических Евангелиях, знание которых вменяется в обязанность мусульманам Кораном. В толгау «Бірінші тілек тіленіз» поэт недвусмысленно рекомендует своим слушателям такой ритуал, как намаз:

Бесінші тілек тіленіз
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа... [6, с. 7]

Все эти слова, строки которых свидетельствуют об основательном знакомстве Бухара-жырау с Кораном, с мусульманскими апокрифами, обрядами и ритуалами ислама, о наличии в мышлении поэта сущностных религиозных парадигм, не оставляют сомнений в идеологической ориентированности поэта на ценности ислама. Следовательно, широкое применение религиозно-мифологической культовой лексики в произведениях жырау, это не только естественное явление, но и закономерное, отражающее идейную тенденцию автора. На фоне этих материалов аргументации К. Омиралиева выглядят неубедительными, следует принять к сведению и то обстоятельство, что они были сформулированы в период тоталитарного режима, когда отношение к религии было однозначно отрицательным. Что касается жанровой природы обсуждаемых произведений, то, как нам представляется, судить об этом с уверенностью также нельзя, ибо данные тексты являются фрагментами более крупных творений жырау, которые до нас полностью не дошли.

Смутное грозное время вызывает у поэта и явные эсхатологические настроения. Эсхатологическая проблематика достаточно традиционна для поэзии акынов-жырау разных поколений, впервые она обозначилась в творчестве Асана-

кайгы. Вместе с тем Бухар-жырау к рефлексиям предшественников на тему «последнего срока» (Заман акыр) добавил новые краски и интонации, ассоциированные с представлениями о далеко зашедшей моральной деградации людей, углубляющейся из поколения в поколение:

Эй, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақ тана жиылып,
Фәни болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай... [6, с. 31]

В ритмико-интонационном отношении данное произведение выстроено в форме традиционной заплачки – жоктау. В этих строках оплакивается время, безжалостное по отношению к человеку, бытие, обернувшееся иллюзией, обрисовывается алогичная социальная ситуация. Когда рабы стали сватами своих повелителей, когда из-под седла кочевника выбита опора и нет прежнего скакуна. Таким образом, образ времени варьируется, поучает сложное развитие по негативной нисходящей линии.

Толгау «Көк көгершін, көгершін» вполне можно считать духовным завещанием великого жырау. Из ряда других произведений поэта это толгау выделяется своей особой семантикой – историческим охватом и нравственно-психологическим анализом эпохи с одновременными емкими характеристиками нынешнего положения и судьбы народа, образа жизни, морали, норм поведения людей. Отличительной эмоциональной чертой толгау является интонация горечи и сожаления, пронизывающая все произведение. Содержательно более глубоким и нравственно насыщенным делает толгау то обстоятельство, что жырау повествует о народе, он не становится в позу всезнающего судьи. Жизнь общества поэт рассматривает в фокусе своего личного опыта и обобщения осуществляются на основе совмещения интересов, индивидуального и коллективного. Изображая свою судьбу, как типическую, рядовую, поэт выделяет узловые проблемы жизни кочевников, обусловленные заботами о скоте, пастбищах, откочевках. В этих масштабных картинках – обобщениях неизменной жизниномада, в метафорах на тему судьбы вновь звучит апелляция к богу-творцу, причине всего сущего («Аллаға қарай зарладым...»), в этих упованиях интонационно выделяются сакрально значимые

события – начало и конец человеческой жизни («Алладан хұқым келмей өлмек жоқ»). Для поэта воля всевышнего – высшая ценностная инстанция, смысловой центр мироздания. Жизнь человека полностью определяется сущностным критерием – была связь с богом или нет. Как и давний предок, автор «Большой надписи в честь Культегина» – Йоллыг-тегин, Бухар-жырау считает, что беды и несчастья народа происходят от того, что он забыл про бога («Хактың жолын күзетпей, жамандықты ұққан жұрт»). Вместе с тем поэт не может не любоваться красотой и романтическим велоколепием кочевой жизни. До боли в сердце он любит свой народ, а картины степной жизни, кочевья, виды джайлау для него – это сокровенная медитация. Слово «жұрт» (народ) и его поэзия выполняют роль основного референта. В постоянстве этого лейтмотива ощущаются интонации глубоко скрытого зикра, подсознательных пований:

Ханымыз отыр аһ ұрып,
Халқымыз отыр бас ұрып.
Сабаны әкел ордаға,
Құран оқыт молдаға.
Ханның сөзі түзік деп,
Орынсыз сөзді жолдама.
Бұрынғы өткен бәрі өлді,
Қарсы болма Аллаға... [6, с. 42]

Как и Йоллыг-тегин, Бухар-жырау считает, что статус и державная власть правителя-хана обусловлены волей свыше. Он призывает свой народ почитать хана, ибо так определено свыше.

Таким образом, в отличие от других акынов-жырау данной генерации, Бухар-жырау соединяет религиозное начало с политическим, актуальных образных обобщений, ибо главная его забота – нравственное, ментальное состояние народного духа. И это вполне объяснимо, Бухар-жырау, как и Толе-би, Айтеке-би, Казыбек-би, другие прославленные батыры и вожди стояли у истоков окончательной консолидации казахского народа в самостоятельную нацию,

формирования его самобытной и своеобразной культуры перед эпохальными событиями вхождения в лоно новой мировой цивилизации.

Заключение

Творчество Бухара-жырау – это довольно-таки целостное идейно-эстетическое явление, находившееся в основном русле духовных процессов культурогенеза казахского народа. В этом преемственном движении эстетических форм и образов сквозь века, имеющем четкие типологические признаки в виде канонической жанровой системы (толгау, терме, жыров, оленов), принципов образного мышления, ритмообразования, эпического сказывания (идеализации и романтизации, героизации воинского образа жизни), наряду с отработанной стилистикой, корпусом традиционных мотивов, формульным языком, сущностными идеями, активно функционировали формы апелляций к творцу миров, религиозно-мифологическая парадигматика, лексика метасемантического содержания, творческое воспроизведение коранической сотералогии и эсхатологии. В эпоху творчества акынов-жырау процесс синкретического слияния и непротиворечивого синтеза народной религии и природы, тенгрианства и ислама оканчательно завершился. Эти процессы отразились и на духовно-эстетической деятельности народных сказителей жырау, результатом чего предстали мифопоэтическая семантическая многослойность многих толгау, терме-оленов, совмещение лексики и сакральных терминов из разных религий, отождествление имен бога, религиозных доктрин. Трехвековая борьба казахского народа с джунгарскими завоевателями обусловила повышенную актуализацию религиозной идеи в поэзии акынов-жырау как консолидирующего идеологического фактора. Эта тенденция получила наиболее последовательное и осознанное выражение в творчестве Бухара-жырау.

Литература

- Иасауи Қ.А. Диуани Хикмет (ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 с.
Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 467 с.
Магауин М. Кобыз и копье [Текст]: повествование о казахских акынах и жырау XV-XVIII веков. – Алма-Ата: Жазушы, 1970. – 160 с.
Аюпов Н.Т. Религиозная система древних тюрков. – Алматы: АГУ имени Абая, 1998. – 156 с.
Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. – Новосибирск: Наука, 1990. – 209 с.
Бухар жырау Қ. Шығармалары. – Алматы: Мұраттас, 1992. – 94 с.

References

- Iasuai KA Diwani Hikmet (Book of reasoning). – Almaty: Murattas, 1993. – 262 p.
- Brief history of Kazakh literature. Book 1. – Almaty: Kazakh University, 2001. – 467 p.
- Magauin M. Kobyz and spear [Text]: the narrative of the Kazakh akyns and zhyrau in the XV-XVIII centuries. – Alma-Ata: Writer, 1970. – 160 p.
- Ayupov N.T. Religious system of the ancient Turks. – Almaty: ASU named after Abai, 1998. – 156 p.
- The traditional worldview of the Turks of Southern Siberia. Sign and Ritual. – Novosibirsk: Science, 1990. – 209 p.
- Bukhar Zhyrau K. Works. – Almaty: Murattas, 1992. – 94 p.

Құлмұратова Г.К.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: randevu2012@bk.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Аталған мақалада қазіргі қазақстандық қоғамда әрекет ететін дәстүрлі емес діни қозғалыстардың белең алуы, даму үдерісі қарастырылады. Сонымен қатар, дәстүрлі емес діни қозғалыс ұғымына жақын, «секта», «культ» ұғымдарына анықтама бере отырып, негізгі мәселелері анықталды.

Сонымен қатар, соңғы уақытта қазақстандық қоғамдық салада өз ролін күшейте алған христиандық деп есептелетін дәстүрлі емес діни бірлестіктер қатарында «Жаңа өмір», «Грейс-Благодать» және «Сайентология шіркеуі» «Иегова куәгерлері» және т.б. діни қозғалыстар мен қауымдарының жұмыс істеу әдіс-тәсілдері мен Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы қарастырылып, ерекшеліктері зерделенеді. Жаһандану заманының дәстүрлі емес діни қозғалыстардың ерекшеліктерінің бірі болып табылатын миссионерлік қызметтің қарқындап өсуі қарастырылады.

Сонымен қатар, мақалада, елімізде әрекет ететін дәстүрлі емес діни ағымдарға тән ортақ ерекшеліктер жан-жақты анықталады. Қазақстандағы протестанттық деноминациялар мен харизмалық ағымдар мен қозғалыстар, сондай-ақ, республикадағы «Бахаи қауымы», «Шіркеу Бірлестігі», «Церковь Последнего Завета», «Сайентология шіркеуі», «Бірігу шіркеуі» және т.б. дәстүрлі емес деструктивті діни ұйымдар жаңа құрылымдар ретінде есепке алынып, талданады.

Түйін сөздер: дін, дәстүрлі емес діни қозғалыстар, шіркеу, протестанттық, «Жаңа өмір», «Грейс-Благодать» және «Сайентология шіркеуі» «Иегова куәгерлері».

Kulmuratova G.K.

Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak», Kazakhstan,
Almaty, e-mail: randevu2012@bk.ru

Non-traditional religious movements in modern Kazakhstani society

This article discusses the process of development of non-traditional religious movements operating in modern Kazakhstan society. In addition, the main problems close to the concepts of non-traditional religious movement, giving the definition of the concepts of “sect”, “cult” were identified.

And also, among the non-traditional religious associations, which have recently considered Christianity, able to strengthen its role in Kazakhstan’s public sphere are Jehovah’s witnesses, “New life”, “grace-Grace”, “Church of Scientology” and others. In Addition, the article discusses the methods and techniques of functioning of religious movements and communities, the features of the Law of the Republic of Kazakhstan “On religious activities and religious associations”. In the era of globalization, there is a dynamic growth of missionary activity, which is one of the features of non-traditional religious movements.

In addition, the article reveals the General features characteristic of non-traditional religious movements operating in the country. Protestant denominations and charismatic movements and movements in Kazakhstan, as well as “Bahai community”, “Church Association”, “Church of the Last Testament”, “Church of Scientology”, “Church of unification”, etc. b. non-traditional destructive religious organizations are taken into account and analyzed as new structures.

Key words: religion, non-traditional religious movements, Church, Protestantism, New Life, grace, Church of Scientology, Jehovah’s Witnesses.

Кулмуратова Г.К.

Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстан,
г. Алматы, e-mail: randevu2012@bk.ru

Нетрадиционные религиозные движения в современном казахстанском обществе

В данной статье рассматривается процесс развития нетрадиционных религиозных движений, действующих в современном казахстанском обществе. Кроме того, были определены основные проблемы, близкие к понятиям нетрадиционного религиозного движения: «секта», «культ».

В статье анализируются нетрадиционные религиозные объединения, которые в последнее время усиливают свою роль в казахстанской общественной сфере, это, в частности, «Свидетели Иеговы», «Новая жизнь», «Грейс-Благодать», «Церковь сайентологии» и др. Кроме того, в статье рассматриваются методы и приемы функционирования религиозных движений и общин, изучаются особенности Закона Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». В эпоху глобализации предусматривается динамичный рост миссионерской деятельности, являющейся одной из особенностей нетрадиционных религиозных движений.

Кроме того, в статье раскрываются общие особенности, характерные для нетрадиционных религиозных течений, действующих в стране. Протестантские деноминации и харизматические течения и движения в Казахстане, а также «община Бахаи», «Церковь Последнего Завета», «Церковь сайентологии», «Церковь объединения» и др. нетрадиционные деструктивные религиозные организации учитываются и анализируются как новые структуры.

Ключевые слова: религия, нетрадиционные религиозные движения, Церковь, Протестантизм, «Новая Жизнь», «Грейс-Благодать», «Церковь Саентологии», Свидетели Иеговы.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі: жұмысымыздың аясында біз тек, протестанттық сипаттағы дәстүрлі емес діни ұйымдар мен қозғалыстарды қарастырап отырмыз. Олардың арасында, соңғы уақытта қоғамдық салада өз ролін күшейте алған дәстүрлі емес діни бірлестіктер қатарында «Грейс-Благодать» миссиясын, «Саентология шіркеуі», «Иегова куәгерлері», «Жаңа Өмір шіркеуі» және елімізде протестантизмнің «Жаңа апостолдық шіркеуі», «елуіншілер», «методизм», «меннонизм», «пресвитерианство», сондай-ақ «Інжіл христиан-баптистер» мен «Жетінші күн адвентистері» қауымдарын атап өтуге болады. Аталған діни қозғалыстардың ортақ белгілері – басты офистерінің батыста орналасуы, өзге діндердің өкілдері арасынан өз қауымына тарту, зайырлы өмір сүрудің қағидалары мен талаптарын қабыл алмауды насихаттау, іс-әрекетінің жабық немесе жасырын сипаты, бас орталықтары көмегімен және қауым мүшелерінің садақасы есебінен қаржыландыруы.

Әдістемелік негізі: әртүрлі талдау әдістерінің және статистикалық, жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі: қазіргі әлемдегі дәстүрлі емес діни ұйымдардың деструктивті көріністің себептері мен дамуына арналған, шетелдік авторлардың еңбектерінің қатарында В.Н. Арестов, В.И. Гараджа, А.В. Дворкин және т.б. зерттеушілерді атап өтуге болады. Аталған

авторлар қазіргі әлемде болып жатқан, ауқымды аспектілі өзгертулерді көрсетіп, геосаяси үдерістердің мазмұны мен бағытын қарастырады. Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың деструктивті мәселелерін Н.Ж. Байтенова, А.Г. Косиченко, А.Д. Құрманалиева және т.б. отандық авторлардың еңбектерінде зерттелген.

Теориялық маңыздылығы: жұмыстың мазмұнында қарастырылған ғылыми деректер, дінтану, саясаттану, мәдениет пен өркениеттің дамуына қосар үлесі мол. Сондай-ақ арнайы дінтану пәні бойынша оқу-әдістемелік құралын дайындауда қолдануға болады.

Қазақстандағы протестанттық деноминациялар мен харизмалық ағымдар, сонымен қатар, республикадағы «Бахаи қауымы», «Шіркеу Бірлестігі», «Церковь Последнего Завета», «Сайентология» және т.б. дәстүрлі емес деструктивті діни ұйымдар жаңа құрылымдар ретінде есепке алынған.

Дәстүрлі емес діни ағымдар біздің елімізге Батыс қоғамынан Кеңестер Одағы ыдырап, тәуелсіздік алғаннан кейін жаппай қоныстана бастады. Бұған біздің сол кездегі «Дін және діни бостандықтар туралы» заңының босандығы мен идеологиялық тоқырау кезеңі себеп болды. Қазіргі таңда олар республикамызда күннен-күнге көбеюде.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы [1] өз күшіне енгеннен кейін протестанттық сипаттағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың іс-әрекеті келесі жалпы үрдістерде көрінісін тапты:

– құрылтайшылар саны аз болуына байланысты аймақтық филиалдарын тіркеудің жолдарын іздеу (*өзге протестанттық діни бірлестіктермен бірігу, жаңа сенушілерді іздеп табу және т.б.*);

– әртүрлі айла-тәсілдерді қолдана отырып халықтың арасында діни әдебиеттерді таратудың жаңа әдістерін пысықтау (*уақытша пайдалануға берілген деп және т.б.*);

– қайырымдылық акцияларын өткізу арқылы жаңа сенушілерді тарту (*бірінші кезекте балаларды, жастарды*);

– интернет жүйесін пайдаланып өз қағидаларын насихаттауды жандандыру.

Жаңа діни қозғалыстардың сан алуандығы, сондай-ақ тек соларға тән, бірақ республикада қызмет етуші дәстүрлі конфессиялар үшін үйлеспейтін идеологиялық нұсқаулар мен қызмет әдістері олардың нақтылы анықтамасын жасау жұмысын қиындатады. Бұл жағдай сондай-ақ осы ұғымның заңмен ретке келтірілмегендігіне сәйкес күрделене түсіп отыр.

Барлық конфессияларда секталық және қауіпті экстремистік топтар пайда болатынын ескерген жөн, сонымен бірге ислам, христиандық, буддизм, иудаизм және басқалары бейбітшілікке және зорлық-зомбылықтан бас тартуға шақырады.

Жаңа дәстүрлі емес діндерге келетін болсақ, олар да экстремизмнен сақтандырылмаған. Оларды өзгеше айтқанда деструктивті деп атауы бекер емес, өйткені оларда конструктивті, позитивті, гуманистік бастама жоқ. Бұл культтық құрылымдар діни мақсаттарды жариялай отырып өздерін дәстүрлі конфессиялардан ажыратады. Олар Шығыс пен Батыстың діни дәстүрлерінен синтез жасайды.

В. Дальдің түсіндірме сөздігіне сәйкес, *секта* – сенім туралы қабылданған өзінің, ерекше ілімі; мақұлдау, пайда, жік немесе дінбұзарлық [2]. С.Ожеговтың орыс тілі сөздігінде, *культ* – бұл: 1. құдіретке діни табыну және осыған байланысты әдет-ғұрыптар. 2. Біреуге сиыну, қадірлеу [3].

А. Спиркиннің шетел сөздерінің сөздігінде культ (лат. «қадір тұту») – ғажайып күштерге лайықты ықпал ету мақсатындағы ерекше құдыретті әдет-ғұрыптарда, діни қызметшілер мен сенушілердің іс-қимылдарында көрінісін табатын әр діндегі міндетті элементтердің бірі [4].

Соңғы уақытта қоғамдық салада өз ролін күшейте алған дәстүрлі емес діни бірлестіктер қатарында «Иегова куәгерлері», «Жаңа өмір», «Грейс-Благодать» және «Сайентология шіркеуі» діни ұйымдары мен қауымдарын атап өтуге болады.

Бұл ұйымдардың ортақ белгілері – басты офистерінің батыста орналасуы, өзге діндердің өкілдері арасынан өз қауымына тұлғаларды тарту, зайырлы өмір сүрудің қағидалары мен талаптарын қабыл алмауды насихаттау, іс-әрекетінің жабық немесе жасырын сипаты, бас орталықтарының көмегімен және қауым мүшелерінің садақасы есебінен қаржыландыруы.

Сонымен қатар, жаһандану заманының ерекшеліктерінің бірі — миссионерлік қызметтің қарқындап өсіп, әр түрлі сарындағы діни бірлестіктердің әлемге тарауы. Ғылыми-публицистикалық басылымдарда жаңа діни бірлестіктерді «секта», «тоталитарлық секта», «балама діндер», «дәстүрлі емес діндер» немесе «іріткі салушы культтер», тіпті «жаңа ғасыр діндері» деп атайды. Соңғы жиырма жылдан бері Қазақстанда көптеген жаңа діни ағымдар пайда болды. «Жаңа» дегенмен бұлардың басым көпшілігі жаңадан пайда болған жоқ, тек қазақ топырағына шет елдерден келген, біздің ел үшін ғана жаңа діни ағымдар. Олардың ішінде ең көп тараған – протестант діни топтары мен қозғалыстары.

Ғалымдар көбінесе экстремизмді рационалдық және иррационал, қисынды түрде қиындау түсіндірілетін және қылмыстық актілер [5, 16 б.] деп түсіндіреді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабындағы 5-тармақта аталмыш ұғым былайша тұжырымдалған. «Экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» [6, 3 б.]. Анықтама қысқа, әрі жинақы мазмұнда берілгенімен, ең алдымен, экстремизмнің субъектілері ретінде жеке тұлға мен заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар бірлестіктерін де қамтиды.

Дүниеде барлық жағдай өзгермелі, бірде дамыса, бірде жоғалады, кейде қайтадан дамып отырады. Мұның барлығын жасап отырған алып бір күштің бар екендігіне сенеміз. Осы сенімнің арқасында дінді тілге тиек етеміз. Мемлекеттің негізін құрушы факторлардың бірі – дін болғандықтан, оның кепілділігі тұрақтылығында болып табылады. Мемлекетіміздегі ауызбіршілік, отанды сүю, бейбітшілікті қастерлеу бұның барлығы дәстүрлі діндердің басты ұстанымдары. Десек те қоғамымызда дәстүрлі емес діндердің де орын алғаны бар. Дәстүрлі емес діндердің зиянды тұстарын терең түсіну, мән-мағынасына бару үлкен білімділікті талап етеді.

Дәстүрлі емес діни қозғалыстар – қоғамда тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан құндылықтарды, салт-дәстүрлерді мойындамайтын, оны жоққа шығаратын негізгі діндерден бөлініп шыққандар. Дәстүрлі емес дін туралы ғылымда қалыптасқан ортақ бір термин жоқ. Діни танымдық журналдарда, газеттер мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында және дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде: «тоталитарлық топтар», «іріткі салушы культтер», «дәстүрлі емес діни ғұрыптар», «жаңа діни қозғалыстар» деген әртүрлі атаумен беріліп жүр.

Қазіргі таңда ел арасына іріткі салып, ұлттық құндылықтарымызды жоққа шығарушы, дәстүрлі емес діни ағымдардың бір шамасы христиандық бағыттағы діни ұйымдар (протестанттық ұйымдар) болып отыр.

Сондай-ақ, еліміздегі дәстүрлі діндер жаңадан пайда болған діни ұйымдарға қатысты көзқарастары өзгеше. Олар басымдылық көрсетпей, діни сенім еркіндігіне сәйкес, «әр адам өзі үшін таңдау жасау керек» деген ұстанымды қолдайды. Дегенмен, дәстүрлі емес діни ұйымдар еліміздегі дәстүрлі діндердің тамырын жоюда, дін жолын ұстанып, өздерінің діндерін, халық санасына орнату мақсатында түрлі емдік, сауықтыру орталықтарын ашып жатыр. Халықтың назарын қаратуда жаңа діни ұйымдардың қызметкерлері адамдарға қиын сәттерінде қол ұшын беру арқылы (*материалдық, рухани*), жанашырлық танытып, түрлі шаралар ұйымдастырып, өз миссияларына жетіп отыр. Мұндай деноминациялардың басым бөлігін протестанттық бағытты ұстанатын діни ұйымдар қолдануда.

ҚР Әділет министрлігінің сол кездегі Діндер ісі жөніндегі Комитеттің мәліметінде Қазақстандағы протестанттық деноминациялар мен харизмалық ағымдар, сонымен қатар, республикадағы Бахаи қауымы, Бірігу Шіркеуі, Соңғы Завет Шіркеуі, Саентология және т.б. «дәстүрлі емес» діни ұйымдар жаңа құрылымдар ретінде есепке алынған.

Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ағымдардың көпшілігі социолог М. Вебердің пікіріне сәйкес, қаржылық табысқа, кәсіпкерлікке бағытталған. Сондай-ақ, протестанттық бағытты негіздейтін ұйымдар болып саналады. Ұйымдастырушылық құрылымы, табыс көзі мен о дүниелік жеңілдіктерді қарастырады. Әрине бұл идея нарық заманында адамдарды қызықтырмай қоймайды.

«Ислам мен православиеге қарағанда дәстүрлі емес діндер жас ұрпақтың өзгермелі талғамын ескеретін жаңашылдыққа неғұрлым ашық» [7,

277 б.] деп зерттеуші Г.Т. Телебаев өзінің зерттеулерінде баяндайды.

Болашағымыздың кілті жастардың қолында екендігін аңғарған бұл миссионерлер, жастардың психологиясына әсер беретін жайды анықтап, іске жұмыла кіріскен. Алматы қаласында «дәстүрлі емес» діндер бойынша зерттеу жүргізіп, жаңа протестанттық діни ұйымдарды құрушы топ жастар екендігін анықтаған.

Қиналған сәтте адамға көмекке дін келеді. Э. Дюркгейм: «Дінді ұжымдық бейсаналық, индивид пен қоғам, әлеуметтік топтар мен тұлғалардың арасында байланыс орнататын және қоғамды біріктіретін түсініктердің жиынтығы» деп қарастырады. Дәстүрлі емес діни ағымдарға тән ортақ ерекшеліктерді атап көрсетсек:

1) харизматикалық көсемдік – діни ұйымдардың негізін салушы немесе жоғарғы құдіреттен, тылсымнан келген күш иесі. Оның бойында құдайлық немесе ерекше даналық бар, сондықтан көсемнің билігіне мүлтіксіз мойын ұсыну керек;

2) сенімдердің абсолютті ақиқаттығына беріктік, басқа сенімдерге төзімді қарамау, ұлттық құндылықтарды ескермеу, оларды жеккөрушілік;

3) сыртқы көріністік: барлық сенім және ғұрыптық ерекшеліктер ізгі ниет, мақсаттар үшін;

4) жасырындық – түпкі мақсаттары мен іс-әрекеттер салдарын білдірмей жасыру, ішкі ақпараттарды өз мүшелеріне және сыртқа арналған екі мақсаттағы доктриналардың болуы, діни дәстүрлі емес ағым мүшелерінің басқа ақпарат алуына мүмкіндік бермей, барынша шектеп ұстау;

5) дәстүрлі діндердің қасиетті кітаптарының мәтінін өз сенімдеріне сәйкес өзгеше түсіндіру;

6) дәстүрлі емес діни ағымдар мүшелерінде жаңа өзіндік діл (менталитет) қалыптастыру үшін, адам санасын бақылаудың түрлі әдістерін қолдану [6].

Харизматикалық көсем – еркіне бар жан-тәнімен бағыну, ерекше адам күші жетпейтін жан, тіпті басқаша ойлауға жол берілмейді. Секталар идеологиясына сәйкес, харизматикалық көсем бұйрығы – Құдайдың сөзсіз еркі. А.Л. Дворкин айтқандай, «Егер дін Құдаймен байланысқа ұмтылуға сипатталатын болса, сектада барлығы жетекшіден басталады және онымен аяқталады, барлығы соған келіп тіреледі. Секта жетекшісінен басқалары Құдаймен байланыса алмайды» [8, 54 б.] деп түсіндіреді.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың қоғамдағы беделінің көтерілуі көпшілікті алаңдатарлық жай. Өйткені, діни ағымдардың саны көбейген

сайын, алауыздық, дінге деген сенімсіздік, рухани қактығыстар белең алады.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында көпшілік қауымға сөйлеген сөзінде атап өткендей, «Қазақстанда діндердің заңнамалық теңдігі мен үнқатысуы қағидаттары мызғымайды. Сонымен қатар мемлекет жалған-діни бірлестіктердің қызметіне қарсы тұратын болады. Мұнда еліміздегі барлық діни бірлестіктердің белсенді ұстанымы қажет етіледі» [9, 2 б.].

Мұндай діни ұйымдардың идеологиялық және өзге де мақсаттары жастар екендігін жоғарыда айтып өттік. Әлеуметтік-демографиялық топтың бір бөлігі – жастар. Жастардың бойында белсенділік пен қызығушылық, эмоция басым. Өмір сүрудің мән-мағынасы мен рухани негіздерін іздеуде, жан күйзелісі мен рухани қиналған сәттерде, адамдардың көпшілігі дінге бет бұрады. Тіпті соңғы уақытта діннің шынайылығына терең бойламай, діни білімі болмағандықтан, діндарлықты сәнге айналдырып жатқандар да бар.

Дәстүрлі емес діндерге XIX немесе XX ғғ. салыстырмалы түрде пайда болған және де ешқандай этносқа қатысы жоқ қозғалыстар жатқызылады. Діни ілімі белгілі бір мемлекет немесе халық тарихымен байланыспайды. Көптеген пікірлерге сүйенсек, дәстүрлі емес культтердің догматтары канондық догматтарға қарсы болып келеді. Негізінен таралу құралы миссионерлік қызмет болып табылады.

«Протестанттық сенім келесідей жалпы христиандық догматтарды өзіне сіңірген: Құдай жайлы, Үштік, әлем мен адамның жаратылуы, Құдайдың күдіреттілігі, Оның әрекеті мен Өзінің жаратылыстарына сүйіспеншілігі, Иса Мәсіхтің адамқұдай екендігіне, оның пәк жаратылуына, өлілерден қайта тірілу, күнәлардың шайылуы, Исаның екінші келуі, Ақыреттік сот, адам жанының мәңгілігі (адвентистерден басқасы), келе жатқан Құдай патшалығы, Жұмақ пен тозақ жайлы» [10, 135 б.].

Сонымен қатар, адам табиғаты өте күрделі сипатқа ие, ол өзіне өзара үйлескен және ішінара байланысқан ғарыштық, биологиялық, психикалық, мәдени және әлеуметтік деңгейлерді қосып алады. Адам абыройға, беделдікке, кемелденуге әрқашан ұмтылып келеді, ұмтыла береді және діндарлық сияқты қасиеттің эволюциясы үдерісіндегі даму оған осы бағытта жол ашып беруі әбден мүмкін. Адамның шынайы белсенділігі, танымға құштарлығы, оның әлеуметтендіру үдерісінде кәдеге асатын құбылмалы қажеттілік-

тері, қызығушылықтары, қалаулары тұлға мен тұтас бір топты өз мәнін білдірудің жаңа бағытты іздестіруге итермелейді.

Бұл психологиялық тұрғыда дербес дүниетанымы мен адамға қоғамның барлық аясында шынайы және позитивті әрекет етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-тиімді, сенімді-заңды нанымдар үшін жаңа мықты тірек табуға атсалысады. «Заманауи мәдениет өрісінде жаңа діни қозғалыстардың пайда болуы әрбір адамға өзін жоғарымен, шексіздікпен ұластыру тәсілі ретінде қатысты діндарлықтың өмір сүруінің тағы бір көрсеткіші мен дәлелі болып табылады. Іс жүзінде ғалымдардың, теологтардың пікірлерін, барлық қоғамды екі бағытқа бөлген және жаңа діндерді зерделеу тәсілінің ерекшелігін айқындаған жаңа діни бірлестіктердің қатынасы, «қабылдау әдістемесі» даулы болып табылады» [11, 27 б.].

Қоғамдық-саяси лобби құру стратегиялық мақсаттары болып табылады. Аталған ұйымдарға жеке-жеке тоқталып, олардың іс-әрекеттерінен төнетін қауіп-қатерлерді сараптап, зерделеп көреміз.

Американың психологиялық ғылымдарында тоталитарлы секталардың деструктивті әсерінің бірнеше үлгілері бар, солардың бірі классикалық деп есептелетін Р.Дж. Лифтонның «Ойлау реформасы және тоталитарлық психологиясы» атты еңбегінде көрсетілген үлгі. Бұл еңбекте Лифтон сананы түбірлі өзгертетін сегіз элементті көрсетеді, олар:

Айналамен қатынасты бақылау – қоршағандардың құрылымды болуы, мағлұмат пен пікір алмасу қатаң бақылауда болу. Оның ең қатаң формасы субъектінің ішкі диалогын да бақылауға алуға дейін жетеді. Сектаның әр мүшесіне секта ішіндегі оқиға, тұрмыс салты, мәліметтері ғана шынайылық деп сендіріледі. Бақылаулардың ең қарапайым түрі лекциялар, семинар-тренингтер арқылы субъектінің ой-пікірін біліп, қандай деңгейде екенін анықтау нәтижесінде күшейтіліп отырады.

Мистикалық манипуляция – алдын ала ойластырылып, іске асырылған жағдайларды ұтымды пайдалану. Лифтон пікірі бойынша, бұл жоғарыдан (басшылықтың бақылауымен) ойластырылып, жүйелі түрде жоспарланған болып табылады, бірақ сырт көзге бәрі стихиялы түрде жүзеге асып жатқандай болып көрінеді. Ол жақсы қойылған спектакльдей болуы керек, олай болмаған жағдайда «көрермендер» арасында күмән турады. Көптеген секталарда ол дұғалар оқу, оразалар сақтау және «таңғалған тұлға» феноменімен көрінеді. Тек секталарда ғана өздерін

«құтқарушы», «мессия» деп таныстыратын мистикалық күшке ие тұлғалар кездеседі. Осы «мессиялардың» арқасында ғана құпия ілім ашылып, әлемді құрудан аман қалады. Мистикалық манипуляцияның қарапайым формасы кейбір еттен бас тартатын секталарда еттен бас тарту (вегетариандық) кезінде болатын субъект физиологиясындағы өзгерістерді «қасиетті рухтың» қонуы деп түсіндіру.

Әлемді екіге бөліп қарауды талап ету – секта «таза», «жақсы», ал қалғандары «жаман», «лас». Лифтон бойынша діни және саяси ұйымдарға манихейлік ұқсастықтар береді. Бұл әр секта мүшесінің жан тазалығын талап ету деген сөз. Ал ол өз кезегінде тәубеге келу процесін тудырады. Арнайы ережелерге сүйеніп, топ алдында тәубеге келу топ пен көсем жағынан сындар, пікірлер жиынына жолықтырады.

Тәубеге келу культі – үзіліссіз тәубеге келу және тұлғаралық шекараны жоюмен кінәлілік сезімінде ұстау үшін интимдік мойындату. А.Камюдің пікірі бойынша, сектаға дейінгі өмірінің күнәға толы екенін мойындату, адепттерді секта шырмауына одан сайын оралдыра береді. Өйткені өткен өмірі көпшілік алдында адасушылық болып табылған адептте тек қазіргі сектадағы кезең ғана қалады. Және болашақ туралы ойлану үшін өткен өміріндегі күнәларынан тазару керек.

«Қасиетті ғылым» – өз догмаларының абсолютті, толық және мәңгілік деп мойындау. Бұл абсолютті ғылымға қарсы келетін кез келген мағлұмат өтірік деп саналады.

Культтік мағыналармен толтырылған тіл – өзіндік және сыни ойлану негізін жою үшін топ ішінде арнайы клишелендірілген сөздік қордың болуы.

Доктрина тұлғадан жоғары – тұлға және оның индивидуалды тәжірибесінен доктрина әлдеқайда шынайы және ақиқат.

Тіршілік етудің бөлінуі – яғни, топ мүшелері ғана өмір сүруге құқылы, қалғандары – «жоқ», яғни «мақсат үшін барлық әдістер керемет» [12, 255 б.].

Егер көсемге аян беріліп, оның қол астындағылар өмірден өз еріктерімен кетулері керек болса, барлығы бұл шешімге бір кісідей мойынсұнулары керек. Мұның жарқын мысалы «Халықтық храм» мүшелерінің бірдей өз-өздеріне қол жұмсаулары болып табылады.

Жалпы харизматикалық топтардағы өзгерген сананың жай күйінің ролін түсіну үшін Уиллиам Джеймстің 1902 жылы жарық көрген «Діни тәжірибенің көптүрлілігі» атты еңбегінен үзіндіні қарастырайық. Онда ол: «Сананың таратылуы

жүйке жүйесін басқаруға құрылған, алайда ол өзін-өзі реттеу үшін тым күрделі болып кеткен қандай да болсын ағза мүшесі сияқты болады» [13, 77-80 бб.] – деп пайымдайды.

Соңғы уақытта біз, өз елімізге түрлі ағымдардың уағыздаушылары, түрлі діни шіркеулердің өкілдерінің миссионерлерінің жаңа топтарының лек-легімен келіп жатқанынан жиі-жиі хабардар болып жүрміз. Олардың сауық кешіне мыңдаған адамдар жиналады, көптеген жоғары оқу орындарында студенттер арасына да миссионер – студенттер кіріп, ірі-ірі қалаларда алғашқы қозғалыстар пайда бола бастады.

Қазіргі Қазақстан территориясында таралған «дәстүрлі емес діндердің» барлығының секта деп аталынып жүргендіктерінің өзі олардың ілімдік және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты болып отыр деп тұжырымдауға болады.

Олардағы ортақ сипаттамалар:

- әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау көрсету;

- кішіпейілділік, тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысу;

- кез келген аймақтағы мұқтаждық;

- жұмыссыздық, сауатсыздық және панасыздық сияқты әлеуметтік және экономикалық проблемаларды пайдалану;

- олардың басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдаланып, өз қатарларына тартуға тырысу;

- жұмыссыз, әлеуметтік жағдайы нашар, ұлттық және рухани құндылығы жоқ жастарды өздері үшін мақсатты түрде миссионерлерге айналдыру;

- мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан-жақты ұйымдасу жұмыстарын жүргізу» [14].

Ғылым мақаланың барысында алынған фактілер бойынша, қазіргі уақытта біздің еліміздегі діншілдік саласында төмендегі үрдістер басым:

- әртүрлі әлеуметтік және ұлттық орталарда діншілдік деңгейінің тұрақтануы орын алып отыр;

- діни қызметтің түп-тамырларының, қайнар бұлақтарының бар жүйесінің қоғамның тұрақсыздығынан және басқа да қолайсыз жағдайлардың әсерінен туған тереңдеуі (және ішінара кеңеюі) байқалады;

- діншілдіктің тұрмыстық түрлерінің үлес салмағы көтерілуде және сонымен бір мезгілде консервативтік іргелі элементтердің қысымымен, сонымен бірге қоғамдық пікірдің

плюрализациясы мен жұртшылықтың нақты да дұрыс мәліметтер алу деңгейінің төмендеуі нәтижесінде діннің саясаттануы белең алып бара жатыр;

– діни ортада ғана емес, жартылай діни ортада да эсхологикалық және мессиандық ақыл-ой шабыты, құдайиздеушілік сенделіс (әрі-сәрі солқылдақтық) және діни негізді ұлттық ерекшелік идеологиясына келтіру әрекеттері күшеюде;

– бұрындары мемлекеттік құрылысқа қарсы болып келген бірқатар діни топтарды заңдастыру үдерісі жалғасып келеді, алайда басқа конфессиялардың оппозицияға кетіп қалу мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды;

– дүниетанымдық топтардың әрқайсысының өз көзқарасын басқаға күштеп таңуға тырысып және төзімсіздік пен фанатизм көрініс беріп жатқан кезде, жаппай клерикальдық-діни сана мен қарым-қатынаста елеулі құбылушылық пен ауытқушылық әлі де сақталып отыр.

Қазақстан Республикасындағы дін және дінаралық қатынас саласындағы ахуал соңғы екі онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ие болды. Қоғамдағы діннің орны нақтыланып, мәртебесі көтеріліп, қызмет аясы кеңіп, соның нәтижесінде діндарлар мен діни бірлестіктер саны артуда.

Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ағымдардың басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық құндылықтары, мәдени және рухани мұрасына зиян келтіру, әсіресе діни ұйымдардың ықпалымен үкіметке ауқымды саяси қысым көрсету болып табылады.

Дәстүрлі емес діни ұйымдар елімізде егемендік жариялаған жылдардан бастап қарқынды етек жая бастады. Әрине, заңды жолмен әрекеттеріне рұқсат берілгеннен кейін, әсіресе христиандық бағыттағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметіне баға беру өте киын болды. Дегенмен, әлемдік тәжірибе крсеткендей көптеген елдерде дәстүрлі емес діни ұйымдардың тіркелуіне уақытша шектеулер енгізіліп отырғанын атап өту керек. Сонымен қатар дәстүрлі емес діни ұйымдардың бірқатары өздері орналасқан елдердің заңдарына қайшы келетін қызметі үшін мемлекеттік органдардың да, қауымдастықтың да тарапынан қатты сынға алынып отырғандығы, тіпті тыйым салынатыны белгілі. Мысалы, «Сайентология», «Иегово куәгерлері», «Грейс благодать», «Жаңа Өмір» және т.б. ұйымдардың қызметі үнемі сынға алынып отырады. Бұл бейқамдық танытуға болмайтын жайт екенін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV-ші сессиясында сөйлеген сөзінде

«Қазақстанда діндердің заңнамалық теңдігі мен ұнқатысуы қағидаттары мызғымайды.

Сонымен қатар мемлекет жалған-діни бірлестіктердің қызметіне қарсы тұратын болады. Мұнда еліміздегі барлық діни бірлестіктердің белсенді ұстанымы қажет етіледі. Соңғы кездері біз қандай да бір діннің тереңіне бойламай, діндердің ізгілігіне, шынайылығы мен жалпыға ортақ басқа да қырларына дендеп енбей жатып діндарлықтың сәнге айналғанын көріп отырмыз. Адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға мәжбүрлеуге болмайды» [15, 2 б.] деп, діни бірлестіктердің деструктивті іс-әрекеттерін басты назарда ұстау керектігін айтады.

Ойымызды тұжырымдайтын болсақ, қазіргі таңда дәстүрлі емес діни ұйымдардың деструктивті іс-әрекеттерін зерттеудің өзектілігі, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамның тұтастығын сақтау, жастар ортасында діни толеранттылықты қалыптастыру мақсатында дәстүрлі емес ұйымдардың идеологиясы мен халықтың санасына әсер ету тетіктерін зерттеудің объективті қажеттілігінен туындайды. Бұндай шектен тыс қажеттіліктер діни жағдайды қиындатады және келесі мәселелерді туындатады:

– ол демократиялық кеңістіктегі дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдардың қарым-қатынасы;

– бір жағынан, діни сенім бостандығына кепілдік беретін, екінші жағынан, қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға және деструктивті үдерістердің алдын алуға бағытталған салмақты мемлекеттік-конфессиялық саясат. Бұл мәселе, ең алдымен, құқықтық аспектілерді өзектендіреді.

Елімізде дәстүрлі емес діндердің ішінде соңғы онжылдықта кең таралған протестанттық бағыттағы діни ұйымдарды атап өткен жөн. Деструктивті ұйымдардың жақтаушылары санының аздығына қарамастан олар дәстүрлі діни ұйымдарға қарағанда айтарлықтай белсенділігімен ерекшеленеді. Әлбетте, протестанттық деноминациялар Қазақстанда XIX ғасырдан бері шоғырлана бастаған, алайда соңғы жиырма жылдың ішінде пайда болған неопротестанттық ұйымдар да бар. Атап айтсақ, Жаңа апостолдық шіркеу, Иегова Куәгерлері және т.б. «Дәстүрлі емес» діндердің арасында аталмыш харизмалық ағымдар белсенді насихаттарын жасауда: «Агапе», «Жаңа Өмір», «Жаңа аспан», «Илия», «Ізгі хабар», т.б.

Қазақстан Республикасы дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстандағы протестанттық дено-

минациялар мен харизмалық ағымдар, сонымен қатар, республикадағы «Бахаи қауымы», «Шіркеу Бірлестігі», «Церковь Последнего Завета», «Сайентология» және т.б. дәстүрлі емес деструктивті діни ұйымдар жаңа құрылымдар ретінде есепке алынған. Аталған діни ұйымдардың таралуының келесі себептерін көрсетуге болады. Сенім мен сенімсіздік аралығында күмәнданушы «дін төңірегіндегі» тұрғындар санының

едәуір көп болуы. Мұндай «дінсымақ» адамдар «дәстүрлі емес» діндердің миссионерлері үшін қолайлы жағдай тудырады. Екіншісі, бұқаралық діни сауатсыздық, негізгі діни білімнің жоқтығы. Бұл қазіргі діни жағдайда адамдардың бағыт-бағдарын бұрмалауға және оларды діни насихат жүргізуде ыңғайлы нысанаға алуға мүмкіндіктер тудырып береді.

Әдебиеттер

- Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы №483-IV Заңы // Егемен Қазақстан, – №497-500 (26892). – 2011. – 15 қазаны
- Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. 2 т. // <http://slovardalja.net>
- Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1987. – 797 с.
- Спиркин А.Г. Словарь иностранных слов. – М., 1980. – 624 с.
- Устинов В.В. Экстремизм и терроризм. Проблемы разграничения и классификации // Российская юстиция. – М.: Юридическая литература. 2002. – №5. – С. 34-36.
- Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. – 2005. – №5 (2438). – 12 б.
- Телебаев Г.Т. Ценностные ориентации казахстанцев в религиозной сфере // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Институт Философии и Политологии МОН РК, 2002. – 277 с.
- Кислюк К.В., Кучер О.Н. Религиоведение. – Харьков, 2003. – 128 с.
- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында көпшілік қауымға сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан, 27 қазан 2009 ж. – 2 б.
- Қазақстандағы діндер: оқу құралы. / Байтенова Н.Ж. (құрастырушы), Затов Қ.А., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.К., Борбасова Қ.А., Құрманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б. – Алматы, 2008. – 399 б.
- Nordhausen F. Psycho-Sekten: Die Praktiken der Seelenfänger/ Unter Mitarb. von Billerbeck L. von. B.: Links, 1997. – 607 p.
- Le Bar J.J. Cults, Sects and the New Age. Huntington, IN Our Sunday Visitor. – 1989. – 255 p.
- Джеме В. Многообразие религиозного опыта. – М., 1993. – 300 с.
- Қалиев Қ. Астанада «Қазақтың шіркеуі» бар. abai.kz ақпараттық порталы. <http://abai.kz/>
- Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқы Ассамблеясының XV-ші сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 2009 жылдың 27 қазаны

References

- Dini qyzmet jáne dini birlestikter týraly Qazaqstan Respýblikasynyń 2011 jylǵy 11 qazanyndaǵy №483-IV Zańy // Egeimen Qazaqstan, – №497-500 (26892). – 2011. – 15 qazany
- Dal V.I. Tolkoviyy slovar jivogo velikorysskogo iazyka. 2 t. // <http://slovardalja.net>
- Ojegov S.I. Slovar rýsskogo iazyka. – M.: Rýsskii iazyk, 1987. – 797 s.
- Spirkin A.G. Slovar inostrannyh slov. – M., 1980. – 624 s.
- Ýstinov V.V. Ekstremizm i terrorizm. Problemy razgranicheniya i klassifikatsii // Rossiyskaya iýstitsiya. – M.: Iýridicheskaya literatýra. 2002. – №5. – s. 34-36.
- Ekstremizmge qarsy is-qimyl týraly Qazaqstan Respýblikasynyń Zańy. Qazaqstan Respýblikasynyń Parlamentiniń Jarshysy. – 2005. – №5 (2438). – 12 b.
- Telebaev G.T. Tsennostnye orientatsii kazahstantsev v religioznoi sfere // Globalizatsiya i dialog konfessii v stranah Tsentralnoi Azii: Materialy mejdýnarodnoi naýchno-prakticheskoi konferentsii. – Almaty: Institut Filosofii i Politologii MON RK, 2002. – 277 s.
- Kishlyk K.V., Kýcher O.N. Religiovedenie. – Harkov, 2003. – 128 s.
- QR Prezidenti N.Á. Nazarbaev Qazaqstan halqy Assambleiasynyń XV sesiasynda kópshilik qaýymǵa sólegen sózi. // Egeimen Qazaqstan, 27 qazan 2009 j. – 2 b.
- Qazaqstandaǵy dinder: oqý quraly. / Baitenova N.J. (qurastyrýshy), Zatov Q.A., Rysbekova Sh.S., Beisenov B.K., Borbasova Q.A., Qurmanalieva A.D., Meirbaev B.B. – Almaty, 2008. – 399 b.
- Nordhausen F. Psycho-Sekten: Die Praktiken der Seelenfänger/ Unter Mitarb. von Billerbeck L. von. B.: Links, 1997. – 607 r.
- Le Bar J.J. Cults, Sects and the New Age. Huntington, IN Our Sunday Visitor. – 1989. – 255 p.
- Djems V. Mnogoobrazie religioznogo opyta. – M., 1993. – 300 s.
- Qaliev Q. Astanada «Qazaqtyń shirkeýi» bar. abai.kz aqparattyq portalı. <http://abai.kz/>
- Nazarbaev N.Á. Qazaqstan halqy Assambleiasynyń HV-shi sessiasynda sólegen sózi // Egeimen Qazaqstan, 2009 jylǵy 27 qazany

¹Мухитдинов Р.С., ²Байзақ М.

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Maksat_Baizak@mail.ru

ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қоғамды жеке тұлғалар қалыптастырады. Ал қоғамның әлеуметтік, экономикалық әрі рухани тұрғыдан өркендеуі әрбір отбасының тыныс-тіршілігіне тікелей байланысты. Отбасы ұғымы тек белгілі бір саланың төңірегінде ғана қозғалатын тақырып емес. Сонымен қатар арнайы бір діндердің концепциясында ғана айтылмайды. Отбасы ұғымының мән-мазмұны Құран және хадис мәтіндерінде айқын баяндалған. Мақала барысында тақырыптың негізгі мақсатын діни мәтіндерді интерпретациялау арқылы және ғалымдардың герменевтикалық талдаулары арқылы отбасы құндылығы толыққанды баяндалады. Өйткені қасиетті мәтіндерде сөз етілген ұғымдардың интенциясын қатесіз анықтау діни-құқықтық үкімдерге әсер етеді. Сондай-ақ отбасы ұғымының еш шүбәсіз көрініс табуына ықпал ететін неке тақырыбы да қозғалады.

Түйін сөздер: отбасы, ислам құқығы, неке, имам, діни мәтін.

¹Mukhitdinov R.S., ²Baizak M.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Maksat_Baizak@mail.ru

The value of the family in Islamic law

Society is made up of people. And the social, economic and spiritual prosperity of society is directly connected with every family life. The concept of family is not the only topic that can be addressed only in the field of Islamic law. The meaning of the concept of family is clearly stated in the texts of the Quran and Hadith. During the article, the main goal is to present the family value through the interpretation of religious texts and the hermeneutic analysis of scholars. Because the determination of the intentions of sacred texts influences religious law. Also on the subject of marriage may affect the concept of the concept of family.

Key words: family, Islamic law, marriage, imam, religious text.

¹Мухитдинов Р.С., ²Байзақ М.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: Maksat_Baizak@mail.ru

Ценность семьи в исламском праве

Общество формируется из людей. А социальное, экономическое и духовное процветание общества напрямую связано с каждой семейной жизнью в отдельности. Понятие семьи – не единственная тема, которую можно затронуть только в области исламского права. Смысл понятия семьи четко изложен в текстах Корана и Хадисов. Основная цель статьи – представить семейную ценность посредством интерпретации религиозных текстов и герменевтического анализа взглядов ученых. Потому что определение интенций священных текстов влияет на формирование религиозных установок и законов по данной проблеме. Также на установки о формировании брака может повлиять и понятие концепции семьи в исламе.

Ключевые слова: семья, исламское право, брак, имам, религиозный текст.

Кіріспе

Отбасы құндылығы мұсылман үшін қастерлі ұғым. Ұрпақ сүйе алмау секілді себептер туындамаса, жалпылама алғанда ислам дінін берік ұстанған адам ажырасу деңгейіне бара бермейді.

Отбасы адамзат қоғамының ең негізгі құраушы бөлігі болғандықтан оның түсіндірмесі де әрбір салаға байланысты түрлі бейнеде сипатталады. Дегенмен, түпкі мәні мен мазмұны бір арнада тоғысады. Яғни, олардың барлығы бірауыздан отбасы қоғамның негізгі құрушы бөлігі екендігіне келіседі. Адамзат отбасы ұғымын жалпылама білгенімен, оның негізгі анықтамасын нақты айқындап беру оңайға соқпайды.

Мүмкін мұндай мәселенің туындауының себебі ол – Құран мәтіндерде нақты баяндалмауында шығар. Құранда негізгі мақсат еткен мағынамызды айқын баяндамаса да, сол ұғымды меңзейтін бірнеше сөздер айтылған. Солардың ішіндегі ең жақыны «أهل» (әһл) сөзі. Себебі Алла Тағала Қасас сүресінің 29-аятында: «Мұса (ғ.с.) мерзімді бітіріп, жұбайымен жолға шыққанда...», – деп баяндайды (Құран, 2015:390). Сондай-ақ Таһа сүресінің 29-30-аяттарында да: «Маған отбасымнан бір уәзір қыл. Туысым Һарұнды» (Құран, 2015:390) деп отбасы мағынасында қолданылған. Құранда «أزواج» (әзуаадж), «بنين» (бәниин), «حفدة» (хафәдә) сөздері отбасы мағынасында келген.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Мақалада ислам құқығындағы отбасы құндылығына діни-құқықтық талдау жасалынады. Зерттеу жұмысында негізінен теологиялық, герменевтикалық талдау, саралау, жіктеу әдіс-тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім

Отбасы сөзінің мән-мағынасы нақты берілмегендіктен оның қолданысы да әртүрлі. Оған берілген анықтамалар мен түсіндірмелер бар. Әлбетте ол анықтамалар зерттеушілердің ұстанымдарына қарай өзгеріп отырады. Осындай түсіндірмелердің көптігіне қарамастан олардың барлығы отбасының табиғатына, оның құндылықтары мен орнына әрі мақсатына негізделеді.

Тілдік анықтамасы: «الاسرة» (отбасы) сөзі «الاسر» (байлау) сөзінен туындаған. Отбасы – байланудың бір түрі. Бірақ бұл адамның сол істі өзі қалап, ұмтылуы арқылы жүзеге асады. Себебі ол осы байлануда жеке басымен атқара алмайтын нәрселерге қол жеткізеді. Сондай-ақ отбасы сөзі-

нің халық арасындағы түсінігі тілдік мағынасының шеңберінде.

Араб тіліндегі «أسرة» сөзі «عائلة» сөзі баламасы. Бірақ бұл өзге түбірден туындаған. Ибн Манзур «Лисанул араб» атты еңбегінде отбасы сөзіне: «Бала-шағасы көп, жанұясы үлкен», – деп түсініктеме берген. Сондай-ақ ол бала-шағасын қамтамасыз ету мағынасын да білдіреді. Кейбір ғалымдар отбасын қажетті киіммен, азықпен және басқа да мұқтаж заттармен қамтамасыз ету деп түсіндірген. Мұхаммед пайғамбар: «Кімнің күң әйелі болса және оны қамтамасыз етіп оған жақсы қарым-қатынас жасағаннан кейін азат етіп үйленсе оған екі сый бар» деген. Бұл мәтіндегі «қамтамасыз ету» сөзі араб тіліндегі «عل» сөзін білдіреді. Ал мұның мағынасы «жанұя» деген ұғымға саяды.

Терминдік мағынасы: Отбасы сөзіне берілген терминологиялық анықтамаларға үңілсек, ер мен әйелден құралған топтық бірлестік екенін аңғарамыз. Сондай-ақ ол құқықтар мен міндеттерді жүктейді әрі балаларды дүниеге әкелетін қоғамның бір бөлшегі ретінде танылған. Бұл анықтамадан көретініміз отбасы екі жақ келісе отыра құқықтар мен міндеттерді жүктейтін шариғи шеңбердің аясында қолданылады. Әрі ол оның негізгі қызметін баяндайды. Яғни, дүниеге ұрпақ әкелу.

Отбасы дегеніміз негізгі әрі үзілмейтін қоғамдық топ және бастапқы әлеуметтік жүйе. Ол қоғам құрылуының түбірі болумен қатар тәрбиенің қайнар көзі. Сондай-ақ көркем мінезге жетелейтін негіз әрі ол адам баласының қоғамдық өмір сабақтарына бейімдейтін шеңбер. Біз осы анықтамадан ұрпақты көбейту және оны қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерге жанұя тәрбиенің бастамасы екендігін қоса атады.

Отбасы қоғамның ажырамас бөлшегі болғандықтан Алла Тағала оның маңыздылығын Құранның бірнеше жерінде баяндаған. Әрине олардың барлығы белгілі бір себеппен түскен. Енді сол аяттардың түсу себептеріне тоқталайық.

Жалғыздық Жаратушы Аллаға ғана тән. Сондықтан жаратылыстарын жұп-жұп етіп жаратқан. Сол үшін де әрбір жаратылыс өзгеге мұқтаж. Алла Тағала бұл жайында Құранда Рум сүресінің 21 аятында: «Бой ұрып тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларына сүйіспеншілік, мейірім орнатқандығына да, оның белгілерінің бірі», – деген (Құран, 2015:21).

Бұл аятқа байланысты ғалымдардың герменевтикалық талдауларына жүгінейік. Танымал герменевтиктердің бірі Ибн Касир жоғарыдағы

мәтінге байланысты былай түсініктеме береді. «Өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты» яғни, сендердің жыныстарыңнан (адам жынысынан) сендерге жұп болулары үшін әйелдерді жаратты «Бой ұрып тұрақтауларың үшін». «Ол (Алла) сендерді бір жаннан (Адам атадан) жаратты. Оның құштар болуы үшін жұбайын (Хауа ананы) өз тегінен жаратты» (Құран, 2015:189) яғни, Алла Тағала Адамның (а.с.) сол жақ қабырғасынан Хауа ананы жаратты. Егер Алла Тағала бүкіл адам баласын тек қана ер етіп жаратса, ал әйелдерді жын, хайуан секілді өзге жыныстардан жарататын болса онда ерлі-зайыптылардың арасында махаббат болмас еді. Егер жұбайлар екі түрлі жыныстардан болса, онда олардың арасында жиіркенушілік туындайды әрі Алла Тағаланың адам баласына берген нығметтерінің бірі ол – әйелдерді адам жынысынан жаратуы. Сондай-ақ ерлер мен әйелдердің арасына сүйіспеншілік пен махаббатты орнатуы да Алланың сыйы. Бұл мейірімділіктің белгісі, себебі ер адам әйелмен шаңырақ көтерген ұрпақ жалғастыру мақсатында яки сезім жетегіне еріп үйленеді. «Ой жүгірте білетін қауым үшін, мұнда көптеген ғибрат бар екені шүбәсіз» (Ибн Касир, 2002:413-414).

Жоғарыдағы мәтінді Нахыл сүресінің 72-аяты қуаттайды. Алла Тағала: «Алла өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды. Сондай-ақ сендерді тап-таза нәрселерден ризықтандырды. Сонда да олар бос нәрселерге сеніп, Алланың нығметіне шүкірсіздік ете ме?», – деп баяндайды.

Қазіргі заманымыздың тәпсірші ғалымы ғұлама Мұхаммад Саид Тантауи бұл аятқа қатысты: «Алла Тағала адам баласына берген үлкен нығметтерінің бірін атап өтуде. Алла өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты, яғни, бұл істі тек Алла ғана істеген. Аяттағы «өз жыныстарыңнан» яғни адам жынысынан жаратты. Адамның қуанышына айналу үшін жұп етіп жаратты. Бір жынысты екі нәрсе бір-біріне мұқтаж», – деп талдау жасайды (Тантауи, 1992:195).

Имам Рази осы аятқа байланысты ғалымдардың мына сөзін келтіреді: «Алла Тағаланың «Алла өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратты» деген сөзіне байланысты кейбір ғалымдар былай деп айтады: бұл аяттың мағынасы Алла Тағала Хауа (а.с.) ананы Адам (а.с.) атаның қабырғасынан жаратты. Бірақ бұл пікір дұрыс емес. Себебі, Алла Тағала бұл сөзін жалпылама баяндаған. Ал Адам ата мен Хауа ананы ғана бөліп жару бұл аятқа қайшы. Керісінше бұл аят барлық

ерлер мен әйелдерді қамтыған. Аяттың мағынасы: Шынында Алла Тағала әйелдерді ерлердің оларға үйленуі үшін жаратты» (Рази, 2000:65).

Сондай-ақ Алла Тағала «Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды» деу арқылы адам баласына берген сыйын айтуда. Яғни, ол бала мен немере, ал олар ұрпақ болып есептеледі. Кейбір ғалымдардың көзқарасында аяттағы «бала мен немере» көмекші мен қызметкер дегенді білдіреді. Яғни, қолғабыс болушы, көмекші адамды меңзеуі мүмкін.

Аяттың жалғасында: «Сондай-ақ сендерді тап-таза нәрселерден ризықтандырды» деп аталған нығметтердің үшіншісін айтып өтті. Яғни, рахаттанып өмір сүру үшін таза нәрселерді халал етіп берді. Бұл Алланың құлына деген кеңшілігі және шексіз жомарттығының көрінісі.

Осы аяттың тәпсіріне қатысты имам Рази: «Алла Тағала адам баласына некелік өмірдегі нығметтер мен пайдаларды атағаннан кейін адамның өмір сүруіне қажетті азық-түліктерді баяндады» (Рази, 2000:66).

Сондай-ақ неке бабына тоқталып, некенің мағынасын, үкімін және шарттарын қысқаша баян етеміз.

Араб тілінде «العقد» ақд сөзі бір нәрсені байлау, бекемдеу деген мағынаны білдіреді. Ал «النكاح» никах сөзі – жыныстық қатынас немесе келісім жасау дегенді білдіреді. «الزواج» байланыс немесе ердің өз жарына қосылғанын аңғартады (Мажиддин Мұхаммед, 2009:1648).

Ақд сөзінің шарияттағы мағынасы – куәгерлердің алдында сөз салу мен қабыл алу байланысы.

Неке сөзінің терминдік мағынасы – ер мен әйелді бір-біріне адал етуші келісім деген мағынаны береді (Ғунайми, 2003:410).

Ал «ақд әз-зәуаж» (неке келісімі) сөзіне келер болсақ, оған ғалымдар әртүрлі пікір айтқан. Бірақ олар осы рәсімнің рүкіндері мен шарттарының бар екенін және ол ерлі-зайыптылардың бір-бірімен қосылуға (жыныстық қатынас) рұқсат етілгендігін қамтиды. Кейбір ғалымдар анықтаманы қысқа да нұсқа берсе, ал кейбіреулері бірнеше шарттар қосқан. Сондықтан біз мәтінде ханафилердің анықтамасын негізге алып атаймыз, басқа мазһабтардың анықтамасын қосымша мәлімет алуды қалағандар үшін сілтемелерде келтіреміз.

Ханафилер неке келісімі: «Ер мен әйелдің бір-біріне қосылуы, яғни әдейілеп рақаттануға иелік беретін келісім» деп анықтама береді (Абдулла ибн Махмуд, 2015:101).

Ал Мәликилер неке келісімі: «нәпсілік ләзәт алу» деген. Шәфиғилер: «қосылу және жыныстық қатынас» деп түсіндірген. Осы анықтамаларға қарап неке қию келісімі «арнайы сөздер арқылы ерлі-зайыптыларға бір-бірімен жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат ететін келісім» деп те анықтама беруге болады.

Ресми некеге отыру неке шарттарына жатпайды, өйткені ол некенің шарттарынан емес. Некенің фикһ ғұламалары атап кеткен шарттары мен рүкіндері орындалған жағдайда ғана шариғат бойынша неке дұрысқа саналады. Дегенмен мемлекетте ресми тұрғыдан тіркелмесе өмірдегі әртүрлі жағдайлар барысында сенімсіздік тудырып, заң алдында кейбір машақаттар туындауы мүмкін.

Неке туралы Құран Кәрімде «Егер (үйленгенде) жетім әйелдер жайында әділетсіздік істеуден қорықсандар, өздеріне ұнаған басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіндер. Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсандар, онда біреу алындар немесе қолдарыңдағы күң де болады. Бір әйелмен қанағаттану қиянаттан аулақ болудың ең тура жолы», – деп айтқан (ниса сүресі 3-аят). Ғалымдар осы аятты дәлелге алып үйленудің үкімі сүннет және мұстахап деп айтқан. Сондай-ақ басқа аятта: «Анығында, Біз сенен бұрын көп пайғамбар жібердік, олардың да қатынбалалары болды. Ешқандай пайғамбарға Алланың әмірінсіз керемет келтірілмейді. Әр кездің өз үкімі болады», – деп пайғамбарлардың өздері де отбасы құрып бала-шағалы болғанын айтқан (Рағыз сүресі 38).

Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүннеті сөзі, ісі және мақұлдағаны, Абдулла ибн Масғуддан (оған Алла разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа бойдақтар жамағаты! Кімнің шамасы жетсе үйленсін. Өйткені үйлену көз бен ар-намысты харамнан сақтайтын мықты қорғаушы. Кімде-кімнің үйленуге шамасы жетпесе ораза ұстасын. Расында ораза ол үшін қалқан болмақ», – деп айтқан (Ибн Хажар, 1379:119). Шын мәнінде бұл хадис кез келген пендені үйленуге қызықтырады және құлшындырады.

Үйленудің үкімі жеке тұлғаға байланысты уәжіп, харам, сүннет, мұстахап және макруһ болып бөлінеді.

Уәжіп үкімі – ер жігіттің тұрмыс жағдайы жақсы болып, үйленбей зина жасап қою жағдайынан қорықса, онда оған үйлену – уәжіп. Харам үкімі – Дүние мүлкі және денсаулығы болмаса

әрі зина жасап қоюынан қорықпаса, үйленген соң зұлымдық жасайтын болса үйленуі – харам.

Сүннет үкімі – Шахуаттық сезімі жағынан орта жолда болған адам.

Мұстахап үкімі – Шарт-жағдайы бола тұрып, зина жасап қоюынан қорықпаса, онда мұстахап.

Макруһ үкімі – Зина жасап қоюынан қорықпағанымен әйеліне тиесілі ақыларын бере алмайтын адамның үйленуі – макруһ.

Некенің рүкіні (тірегі): Некенің рүкіні саны жағынан көптеген ғалымдар арасында келіспеушілік бар. Бірақ біздің мазһабта тек бір ғана «әс-Сифа» (ижаб және қабул) рүкіні бар [11, 295-б.].

Басқа келісім-шарттарындағыдай бұл рүкін неке қияр келісіндегі ең негізгі тірек, онысыз неке жарамсыз. Негізінде некедегі келісім, саудасаттық, үй жалдау және т.б. келісімдерге қарағанда әлдеқайда маңыздырақ. Келісім ризалықпен болады, біреуді мәжбүрлеуге болмайды. Тек өз қалаумен рұқсат береді. Әс-Сифа «ижәб» және «қабул» тәрізді екі сөзден құралады.

Ижаб дегеніміз сөз салу немесе ұсыныс, ал қабул болса қабыл алу деген мағынада. Ислам шариғатында фуқаһа ғалымдары ижаб және қабул сөзіне екі көзқарас айтады:

Бірінші – Мәлики, Шәфиғи және Ханбали мазһабында жекелеген мағынасында ижаб – иелік еткен нәрсенің көрінісі мысалы, сатушы, жалға беруші, қыз бала немесе оның уәліі. Ал қабул – иелік еткен нәрсенің басқаға өтуі мысалы, сатып алушы және ер жігіт. Яғни сөз салу қыздың әкесінен немесе оның орнындағы өкілден, ал қабул күйеу жігіттен немесе оның орнында жүрген өкілден жүзеге асады.

Екінші – Ханафи мазһабында ижаб өзі иелік етуі үшін белгілі сөздермен сөз салу. Қабул арнайы сөздермен жауап қайтару.

Шарх Фатх әл-Қадир кітабында: «Ижаб қай жақтан да алғашқы болып айтылатын сөз, қабул – оның жауабы», – делінген (Ибн Һумам, 1316:74). Демек ұсыныс сөзін бірінші болып жігіт жақ немесе қалыңдық тарап айтуының еш әуестігі жоқ, бәрібір неке дұрыс болып есептеледі.

Ғалымдар арасында ұсыныс пен қабыл алуда айтылатын сөздер жайында бірнеше көзқарас айтқан. Өйткені неке де, сауда-саттық та, сыйлық беру де және т.б. жағдайларда бір сөз айтыла бермейді.

Ханафи мазһабында айтылатын сөз емес, маңыздысы ниет. Әрі өткен шақ және әмір сифасындағы ұсыныс пен қабыл алуға сай келетін барлық сөзбен ұсыныс және қабыл алу жасала береді. Ал Шафиғи мен Ханбали мазһабтарында

тек қана араб тіліндегі «заууажту» және «анкахту» деген екі сөзбен жасалады.

Сондай-ақ көптеген ғалымдар бірауыздан араб емес халықтарда, яғни араб тілін білмейтін адамдар және оны үйренсе де дұрыстап айтуға шамасы келгендер үшін «ижәб» және «қабул» сөздерін одан басқа тілде айтса да неке дұрыс болады. Өйткені араб тілін үйренуге мүмкіндіктері болмағандықтан, оны айта алмаса, араб тілін үйрену олар үшін міндет емес. Оларға өз тілдерінде сол мағынаны беретін сөздерді айтса да жеткілікті. Өйткені бұл жерде сөздің айтылуы емес, оның мағынасы мақсат болып тұр.

Ал Ханбали мазхабында болса «заууажту» немесе «анкахту» сөзінен басқа сөзді қолдану рұқсат емес. Өйткені Құранда осы сөз келген деген көзқарасты айтқан.

Демек егер араб тілін білмесе «ұсыныс» және «қабыл ету» некеге тұрушы екі жақ түсінетін кез келген тілде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар егер некелесушілер сөйлей алмайтын мылқау немесе үзірлері болса, онда неке жазу немесе ымдау (ишарат ету) арқылы орындалады. Өйткені ниет қылған ойды және мақсатты жеткізу көрінеді.

Ұсыныс жасау және қабыл алудың шарттары:

Бірінші – екі жастың ақылы есі дұрыс, балиғат жасына толған болуы керек. Жынды мен сәбидің некесі дұрыс емес, өйткені келісім орындалу үшін ақыл есі дұрыс болуы міндетті. Жынды мен сәбидің сөздері дәлел болмайды.

Екінші – бір орында болу: Сөз салу және қабыл алу бір орында болуы керек. Сол сияқты сөз салушы мен қабыл алушының бірі (келісімін бермей) отырған орнынан тұрып кетсе немесе басқа бір іспен шұғылданып кетсе келісім жүзеге аспайды (Әл-Касани, 1998:325).

Ханафилерде неке келісімінде бір орында отыру міндетті болып есептелмейді. Себебі зәрулік жағдайда дұрыс болмайды. Белгілі орында үкімі орындалады. Әл-Касани: «Бір орында отыруды шарт десек, кейбір келісімнің жолын тосады. Шынайы зәрулікпен екеуі екі жақта болса, арнайы шарттармен үкімі орындалады. Егер ақиқатында екеуінің шарттары басқаша болса, үкімі де басқаша болып рүкін орындалмайды», – деп айтқан (Әл-Касани, 1998:325). Демек сөз салушы және қабыл алушы бір орында болуы абзалырақ, бірақ бір орында болуы міндетті емес. Өйткені екеуі екі қалада немесе басқа орындарда болуы мүмкін. Сондай жағдайда арнайы шарттармен екі жақтың неке келісімі іс жүзіне асады.

Үшінші – ұсыныс пен қабыл алу бір-біріне қарама-қайшы келмеуі және сөздерін естуі: Өйткені бірінші жақ екінші жақтың сөзін естімесе онда сырттан айтылған болып есептеледі.

Төртінші – ұсынысқа келісу: ұсыныс жасау және қабыл алу шынайылықпен болады. Жігіт маһр сыйлығын мақсат қылып: «мыңға тұрмысқа алдым», – десе. Қыз: «қабылдадым», – десе келісім дұрыс болып есептеледі. Алайда қыз: «екі мыңмен қабылдадым», – десе келісім дұрыс болмайды. Егер «бес жүзбен қабылдадым», – деп айтса келісім орындалады.

Себебі неке келісімінде маһрге келіспеушілік болса, келісім жасалынбайды. Айтылған саннан жоғар болса келісім орындалмайды, бірақ сол сан немесе одан төмен сан болса келісім орындалады.

Ұсыныс әдет-ғұрыптағы арнайы сөздермен, хат және ишарат белгілермен жасалады. Арнайы сөз «маған үйленуді қабыл ет» екінші жақ «қабыл еттім» деген сөздермен жасалады. Хатты арнайы сөздермен жазылған. Бірақ қазіргі таңдағы байланыс желілері хаттың электронды құралдар арқылы жазылады.

Некенің шарттары төртеу. Олар:

1. **الانعقاد** (инғикад) – некенің рүкініне немесе негізіне байланысты шарттар, егер некенің рүкініне осы шарт қайшы болса неке жарамсыз болады.

2. **الصحة** (Сиххат) – некенің дұрыстығына қатысты шарттар, егерде некеге осы шарттар қайшы болса, Ханафиларда фасид (бұрыс), ал Жумхурда батил (жалған) болады. Фасид некенің негізін (рүкін) жоққа шығармайды, бірақ шарттарын жоққа шығарады. Ал батил некенің негізінде (рүкін) шарттарында жоққа шығарады.

3. **النفاذ** (Нәфәз) – жоғарыда айтылған шарттардың және некенің іс жүзіне асуына байланысты шарттар. Бұл шарттар болмаса, Ханафи және Маликилер де дұрыс емес.

4. **اللزوم** (Лузум) – некенің бекем болуы және жалғасын табу үшін керек шарттар. Некенің осы шарттары кем болса неке дұрыс, некенің ары қарай жалғасуы ер мен әйелдің қалауында (Зуһайли, 2014:60), (Әділбаева, 2013:56).

Сондай-ақ осы шарттарға тоқталсақ.

1. Некенің рүкініне немесе негізіне байланысты шарттар

Некенің рүкіні біздің мазхабта ұсыныс пен қабыл алу, инғикад рүкінге қатысты шарттар. Осы шарттар бар болса ғана ұсыныс пен қабыл алу дұрыс болып есептеледі. Ол шарттар:

Бірінші: Келісім жасаушыларға қатысты шарттар, яғни жігіт пен қызға қатысты екі шарт бар.

1) Некеге тұрушылар балиғат жасына жеткен болуы керек. Балиғат жасына жетпеген жастар немесе жынды адамның некесі жарамсыз. Ханафи мазһабында жігіт пен қыздың балиғатқа толуы шарт емес, бірақ некелесушілердің балиғат жасына толуы нәфаз шартына жатады. Демек некенің іске асуын қамтамасыз ететін шарттар ретінде қарастырылады.

2) Ұсыныс сөзінің анық айқын болуы. Бұл әрине хат жазумен немесе желі құралдарымен сөз салу арқылы жасалады. Бұған келесі тақырыпта тоқталамыз.

Екінші: Әйелдерге қатысты шарттар.

1) Жарды әйел жынысынан алу. Ер мен әйел екені белгісіз адамға үйлену және бір жынысты кісілердің үйленуі харам.

2) Үйленуге рұқсат етілмеген әйелдер. Алла Тағала тыйған бір-біріне үйленуге болмайтын адамдардың тұрмыс құрмауы. Сондай-ақ қыздың мұсылман емес адамға үйленуі де харам. Ал ер адам мұсылман және кітап иелерінің (христиан немесе яһуди) қыздарын алуына болады.

Үшіншісі: Ұсыныс пен қабыл алуға қатысты шарттар.

1) Неке келісім жасаушылар белгілі бір орында бірге отыру.

Екі жақ бір-бірінің дыбысын еститіндей орында отыру керек. Әбу Жүсіп бойынша бірінші жақ куәгерлердің алдында ұсыныс жасаса, ал екінші жақ сол отырыста болмаса, кейін басқа орында куәгерлердің көзінше ұсынысты қабылдаса келісім айқындалады.

2) Ұсыныс пен қабылдаудың артынан бірден айтуы керек.

Неке келісімі басқа келісімдер сияқты, ұсыныс пен қабыл ету бірінің артынан бірі айтылады.

3) Некеге отырушылар бір-бірінің сөзін түсінуі қажет.

Ұсыныс пен қабылдау айқын немесе астарлы сөздермен жасалады. Бір-біріне түсінікті тілмен жасалады, бірі араб тілінде енді бірі қазақ тілінде айтса бірақ бір-бірін түсінбесе, онда дұрыс болмайды.

4) Ұсыныс пен қабылдау бұйрық рай және өткен шақта болады.

Сөз салу мен қабыл алу өткен шақта және бұйрық райда болады. Мысалы, «некеледім, некеге алдым, үйлендім, тұрмысқа алдым, тұрмысқа шықтым, бағыштадым, сыйладым, мені

өзіне некеле, өзімді саған некеледім және т.б.» сөздермен жасалады. Төрт мазһабта да еш уақытта келер шақ етістігімен ұсыныс қабыл етілмейді. Мысалы, ертең немесе арғы күні тұрмысқа шығамын деген сөздермен жасалмайды.

5) Неке қиылу барысында айтылатын шарттар шарифатқа сай болуы керек.

Қыз бен жігіт неке қиу кезінде өз қалауларын шарт ретінде қоса алады. Яғни неке қиылу барысында жігіт қызға, қыз жігітке шарифатқа сай талаптарын қоя алады. Талаптар екіге бөлінеді:

Шарифатқа сай келген талап дұрыс талап деп аталады. Неке қиылу кезінде екі жақ бір-біріне қойылған талаптарға келіссе, оны орындау уәжіпке жатады. Мысалы, тоқал алмауға, басқа жаққа көшпеуге, бәйбіше мен тоқал бір үйде тұрмауға және т.б. осы сияқты шарттарды қойса, жігіт сол кезде разылығын білдірсе бірақ кейін райынан қайтса. Маһрын толық бермеген болса, онда маһр мислді толықтап береді. (Маһр мисл – тұрмыс құрған уақытында, басқа да тұрысқа шыққан қыздардың сол кездегі алған маһрлері).

Шарифат талаптарына сай келмеген талапты бұрыс талап деп аталады. Мысалы, «мені алсаң екінші әйеліңмен ажырас» деген секілді, әйелін төркінімен мүлде араластырмау талаптары. Яғни мұндай пайдасыз талаптар айтылса да орындау міндетті емес. Тіпті «жарайды» деп келісімін берсе де, кейіннен осы талаптарды бұзып ері екінші әйелімен ажыраспаса, әйелі де төркінімен араласатын болса осы талаптар некеге ешқандай кедергісін тигізбейді (Зуһайли, 2014:66), (Исаұлы, 2010:188).

2. Некенің дұрыстығына қатысты шарттар.

Некенің рүкіні және рүкініне байланысты шарттар орындалса, неке құрылған болып саналады. Бірақ қиылатын некенің шарифи тұрғыдан дұрыс болуы үшін келесі шарттарды орындауы қажет.

1) Келісім жасаушылардың арасында мәңгі және уақытша кедергілердің болмауы.

Неке кезінде үйленуге барлық мүмкіндіктер болуы тиіс. Сондықтан ер мен әйел ата-тегі, сүт туыстығы және туыстары секілді себептермен бір-біріне жақындығы болса некеге тұру харам болады.

Ал егер әйел басқа біреудің жұбайы болса немесе «ғиддат» мерзімі әлі бітпеген болса үйлену кедергісі уақытша болады. Егер әйел ажырасып «ғиддаты» мерзімі біткен болса, онда оған үйленуіне болады. Мәңгі және уақытша кедергілері бар адамдар тұрмыс құрған болса, некелері фасид болады. Олардың арасын мәжбүрлеп

болса да ажырату керек. Егер қосылып қойған болса, ер адам әйелге маһрін береді.

2) Өмірлікке некелесу.

Неке кезінде ұсыныс пен қабыл алу уақытша емес, өмір бойы бірге болатын сөзбен айтылуы тиіс. Мысалы үйлену «бір ай» немесе «бір жыл» сияқты белгілі бір уақытқа жасалса неке жарамсыз болады. Ер кісінің әйелге «бір айға саған неке қияйын» не болмаса «сен бір жыл уақыт немесе мына қаладан көшіп кеткенге дейін сені өзіме некеледім» дейтін болса, әйел де осыны қабылдаса, біріншісі – «мутға некесі», екіншісі – «уақытша неке» саналады. Уақытша және мутға некесіне шариғаттар тыйым салынған.

3) Үйлену кезінде екі куәгердің болуы.

Үйлену үлкен жауапкершіліктерді арқалайтын киелі іс болғандықтан, мұны адамдарға жасырын қалмай жариялануы және арнайы куәгерлермен бекітілуі қажет. Құранда: «Ер кісілеріңнен екі куә жасандар. Егер екі ер болмаса, онда разы болатын куәлардан бір ер мен екі әйел жетеді» (Құран, 2015:55). Аят саудаға қатысты болумен қатар үйлену келісіміне де жатады.

4) Үйлену разылықпен және еріктілікпен болады.

Ханафилерден басқа жумһурда қыз бен жігіттің бір-бірінің ризалығын алу шарт. Үйлену еріктілікпен болуы керек. Разылық болмаса неке де дұрыс болмайды. Бір адам біреуді өлтіру, қатты соққы және тұтқындау мақсатымен үйленуге зорлайтын болса бұл неке бұрыс болады.

Ханафилерде мәжбүрленген және қалжыңдаған адамның некесі де, талағы да жарамды болып есептеледі.

3. Жоғарыда айтылған шарттардың және некенің іс жүзіне асуына байланысты шарттар.

Неке қию кезінде рүкіні, негізіне байланысты шарттар және некенің дұрыстығына қатысты шарттар орындалса, неке шариғи тұрғыдан дұрыс болып есептеледі. Бірақ некенің іс жүзіне асуы үшін төмендегі шарттар қажет.

1) Некелесуші жігіт пен қыздың ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған және азат болуы керек.

2) Жақын уәлиі бола тұра кәмелетке толмаған баланың некесін алыс уәлиі қиса, жақын уәлиінің рұқсатын алмайынша ерлі-зайыптылардың бірге тұруына, жақындасулары кешіктіріледі.

3) Өкілдің ісі өкілдік берушінің тапсырмасына қарсы келмеуі қажет. Шариғат бойынша адам өзінің ісін атқару үшін басқа біреуге сеніп табыстай алады. Мұны өкілдік дейді. Істі басқаның орнына атқарушы өкіл (қызмет жасаушы),

ал істі бастаушы өкілдік беруші деп аталады. Некеде де өкілдікке рұқсат береді (Зуһайли, 2014:95), (Әділбаева, 2013:62).

4. Некенің бекем болуы және жалғасын табу үшін керек шарттар.

Неке қиылған соң, берік әрі өмір бойы жалғасуы үшін тиісті шарттарды «лузум» шарттары дейді. Осы шарттардың кем болуы, некенің ары қарай жалғасуы екі жастың еркінде. Қаласа жалғастырады, қаламаса ажырасып кетеді.

1) Ақыл-есі кем немесе сәби баланы әкесі болмаса атасы үйлендіру. Егерде көкесі немесе ағасы үйлендірсе, сәби кәмелетке толғанда, ал ақыл-есі кем адам айыққан кезде некені бұзып-бұзбау құқығы бар. Ал әкесі немесе атасы үйленген болса, сәби балиғатқа толса, жынды жазылса некені бұзу қақысы жоқ. Бұл имам Әбу Ханифа мен Мұхамметтің көзқарасы, ал Әбу Жүсіпте шарт емес.

2) Қыз бала маһр мислмен өзінің теңі емес біреуге уәлилерінің рұқсатынсыз тұрмысқа шығу жағдайында, уәлилері олардың некесін бұздырта алады. Некенің негізіне әсер етпегенімен, некенің бекемдік шартында қарастырылған. Сол себепті ата-ана, аға-жеңгелердің және жақын туыстардың рұқсатымен үйленген абзал.

3) Уәлилерінің рұқсатынсыз қыз теңіне үйленсе, өз қатарларының өлшеміне тең маһр алуы қажет. Олай болмаса уәлилері некені бұзуды талап ете алады. Егер жігіт маһрді толықтырама десе уәлилері кедергі бола алмайды.

4) Ер кісінің белсіздігі секілді жағдайда некені бұзып-бұзбау қыздың өз қалуында (Әділбаева, 2013:63).

Неке үш түрге бөлінеді дұрыс (сахих) неке, бұрыс неке (фасид) және жалған (батил) неке деп.

Дұрыс (сахих) неке деп негізі мен шарттары толық болып қиылған некені айтамыз. Жігіт пен қыздың ақыл-есі дұрыс, кәмелет жасына жеткен, үйленуге ешқандай кедергісі жоқ болса және екі куәгердің алдында қиылса, бұл неке дұрыс болып есептеледі.

Негізі мен шарттары орындалған дұрыс некенің нәтижелеріне тоқталсақ:

1) Неке қиылған соң жас-жұбайлар шариғат шеңберінде бір-біріне төсек қатынасы адал болады. Алла Тағала Құранда: «Әйелдерің сендердің егіндіктерің. Егіндіктеріңе қалай қаласандар келіндер», – деген (Бақара сүресі 223).

Неке ердің әйеліне тек қана алдынан жақындауды адал етеді. Әйелінің артынан, хайыз, нифас және қажылықта ихрам кезінде жыныстық

катынасын жасауларына болмайды. Бұл жайында «Бақара» сүресінде: (Мұхаммед) «олар сенен (әйелдің) етеккір жайында сұрайды. Оларға: «Ол жиіркенішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болыңдар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар. Қашан олар нақ тазарса, оларға Алланың өздеріне бұйырған жерінен жақындасыңдар» де», – дейді (Бақара сүресі 222). Демек Жаратушымыз рұқсат еткен жерден ғана төсек қатынасын жасауға болады, ал рұқсат етпеген жерден қосылса күнәһар болады. Тіпті Алла елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әйеліне артқы жағынан қосылған адам жайында: «Әйелінің арт жағынан жақындағанға қарғыс айтылған» дейді (Шаукани, 1987:200).

Неке қиылғаннан кейін ер мен әйел бір-бірінің бастан аяқ барлық денесіне қарай алады, тек жыныс мүшелеріне қарамаған абзал.

2) Әйел отағасының үйінде қалуы қажет. Әйел күйеуіне бағынып үйде отыру міндетті, тек күйеуінің рұқсатымен ғана сыртқа шыға алады. Сонда ғана отбасы кикілжіңдері болмайды.

3) Үйленгеннен кейін әйел маһр алуға құқықты болады.

4) Отбасы құрған соң күйеуіне әйелінің ішіп-жеуі, киім-кешегі және баспанамен қамтамасыз етуі міндетті болады. Құранда: «Кеңшілік бай кісі өзіне Алланың бергені бойынша нәпақа берсін. Ризығы азайтылған адам да нәпақаны Алланың бергені бойынша берсін. Алла ешкімге оған бергенінен артық салмақ салмайды. Алла ауыртпалықтан кейін жеңілдік береді», – деген (Талақ сүресі, 7-аят).

5) Ер мен әйел жанұя құрған соң, екі арада жақындық орнайды. Мысалы, жігіттің ата-анасы қыздың ата-анасы болады. Ал қыздың ата-анасы жігіттің ата-анасы болады. Сондықтан да отбасы құрғаннан кейін өзара қайын жұрттық туыстық пайда болып, үйленуге болмайтын адамдар пайда болады.

6) Дүниеге келген бала әкесінің тегін алады.

7) Ерлі-зайыптылар арасында мұрагерлік үкімі жүреді.

8) Көп әйел алған болса, әйелдерінің арасында әділдік сақтауы тиіс. Әділдік жасағанда баспанамен, азық-түлік, киім-кешек қамтамасыз ету және ақыларын беру мәселелеріне аса мән берген жөн. Алла Тағала: «әділдік жасаудан қорықсаңдар бір әйелмен ғана қанағаттаныңдар», – дейді (Құран, 2015:84).

9) Неке қиылғаннан кейін әйелі күйеуіне бағынуы және шариғат белгілеген жұбайлық міндеттерді, күйеуі де өзіне жүктелген міндеттерді

атқаруы міндетті (Зуһайли, 2014:111), (Әділбаева, 2013:65), (Исаұлы, 2010:244).

Дұрыстық шарттарында кемістігі бар некені бұрыс неке деп атайды. Атап айтқанда:

1) Куәгерлерсіз қиылған неке бұрыс болып есептеледі.

2) Әйелінің сіңлісін немесе немере әпкесін немесе нағашы әпкесін өз әйелінің үстіне (екінші әйел қылып) алу Құранда тыйым салынғандықтан шариғатта жарамсыз болып табылады. Егер әйелінің үстіне осылардың бірін алатын болса, соңғы алған әйелінің некесі бұрыс болады.

3) Біреудің некелі әйеліне үйлену бұрыс болады, себебі некедегі әйел ажырасып немесе ері қайтыс болып ғиддат күту мерзімі аяқталмайынша басқа біреуге тұрмысқа шығуына болмайды.

4) Бір адам үш талақпен ажырасқан әйелімен, басқа бір ермен некелесіп, ол ер талақ бермейінше, қайта үйленуі бұрыс неке есептеледі.

5) Үйленулері өмірлік харам болған қан, қайынжұрттық немесе сүт туыстарының бірімен үйлену жарамсыз. Өзіне жақын туысқан екенін білмей үйленіп қойса да, ол неке жарамсыз болып саналады. Мысалы, бір ата-анадан туған жігіт пен қыз екі жақта өсіп кейін бір-бірімен кезігіп тұрмыс құрса, бұл неке жарамсыз бұрыс неке болады. Сондықтан оларды ажырастыру қажет.

6) Уақытша неке қию да жарамсыз. Ханафи мазһабының негізін қалаушы Әбу Ханифа, Әбу Жүсіп, имам Мұхаммедтің көзқарастары бойынша уақытша неке мерзімі белгіленген неке және ол жарамсыз болып табылады (Әл-Касани, 1998:606).

Шариғатта жарамсыз деп саналатын некеде ерлі-зайыптылар бірге тұруларына болмайды, өйткені ол тыйым салынған некеде болып тұр. Егер де төсек қатынасына барса, бұл әрекеттері зина болып есептеледі. Бірақ, некені жарамсыз ететін жағдайларды түзеуге мүмкіндігі болса, оны түзейді. Мысалы, куәсіз қиылған некені қайта куәлардың көз алдында қиып түзеуге болады. Сондай-ақ, уақытша некені де қайтадан өмірлік деп қиса неке дұрыс болады. Жарамсыз үйленуде өздерін ерлі-зайыпты санағандар бір-бірімен төсек қатынасын жасамаса, онда ешқандай нәтиже, мәселе туындамайды. Егер төсек қатынасында болса, онда мынадай нәтиже пайда болады: дүниеге келетін бала әке жағынан нәсілі айқындалады. Бірақ, бұл үшін бала ең аз алты ай және ең кеші бір жылдың ішінде дүниеге келуі тиіс (Исаұлы, 2010:247).

Рукінің шарттарында орындалмай қиылған неке жалған неке деп аталады. Мысалға сәби

баланың және ақыл-есі жарым адамның тікелей өзі үйленуі, қыз бен жігіттің неке қиярда келер шақпен келісім шарт жасауы, қызбен қоса оның сіңлісімен, немере әпке, нағашы әпке сияқты жақын туыстарымен үйлену, өзге біреудің әйелімен біле тұра үйлену, мұсылман қыздың кәпірге тұрмысқа шығуы, мұсылман ер адамның кітап иелерінен басқа дінсіз бір әйелмен үйленуі жатады. Сондай-ақ, мұтға неке де жалған некеге жатады.

Бұлар түгелдей бірге өмір сүруге келмейтін некелер. Мұндай жағдайда дереу бір-бірлерінен ажырасып кетулері қажет. Сол себепті маһр, нәпақа, бойсыну, мұра беру міндетті емес және төсек қатынас жасауға болмайды. Егер ажырамайтын болса, қазы күшпен ажыратады (Зуһайли, 2014:118).

Қорытынды

Ислам – кейбір діндегілер сияқты ажырасуға тыйым салмай, керісінше оған қатысты өзіндік талаптар мен шарттарын реттеп, жасалу жол-

дарын түзеді. Исламнан бұрын жәһилият кезеңінде арабтар өз әйелдеріне қалаған кезде талақ айтып, қалаған кезде қайтаратын. Белгілі бір шегі, жолы жоқ болатын. Бұл – әрине әйел кісіге деген зұлымдық, оған көрсетілген әділетсіздік. Ислам келгеннен кейін, мұндай тұрпайылықты тоқтатты. Еркектің талақ айту құқын «үшеуге» шектеді. Үшіншісінде не қалдырасың, не дұрыс жолмен ажырасасың деді. Мұндай шектеу әрбір отағасына жауапкершілікті сездіріп, ажыраспастан бұрын жан-жақты таразылап, отбасы тірегінің бірі саналатын жарын бағалауына алып келді.

Отбасы – өзінше бір мемлекет іспетті. Оның іргесі өзара түсіністік, бауырмалдылық және сүйіспеншілікке құрылғаны жөн. Сонда ғана іргесі берік отбасы болмақ. Бірақ, кейде жанұя шаттықтан көрі қайғыға, бақыттан көрі қасіретке толып, отбасы мүшелері үшін шаңырақ қасіретке айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылар арасында пайда болған мәселені анықтап, оны онды шешуге тырысу қажет. Оңтайлы шешімге көнген ерлі-зайыптылар жақсылықпен жарасады.

Әдебиеттер

- Құран Кәрім. (2015). Қазақша түсіндірмелі аударма / ауд. Асқар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев. – Алматы: Көкжиек баспасы. – 624 б.
- Арабша-қазақша сөздік. (2016). Түзушілер: Палтөре Ы., Жүсіпбеков Ж., Мухитдинов Р., Қырбаев Қ. т.б. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы. 916 б.
- <http://www.oujdacity.net/national-article-76995-ar/الاصطلاح الأسرة>.html
- Исмағил ибн Касир ад-Димашки. (2002). Тафсирул куранил азим. – Бейрут: Дәру ибн хазим. – 3 т.
- Мұхаммед Сайд Тантауи. (1992). ат-Тафсиру ал-уасит лил-курани ал-карим. – Каир: Дарул мағариф. – 8 т.
- Фахруддин Рази. (2000). ат-Тафсиру ал-кабир. – Бейрут: Дарул кутубул ғилмия. – 20 т.
- Мажиддин Мұхаммед ибн Якуб. (2009). Әл-Қамус мұхит. Каир. Дәрул хадис.
- Абдул Ғани Ғунайми. (2003). әл-Лубаб фи шархил китаб. – Дамаск.
- Абдулла ибн Махмуд. (2015). әл-Ихтияру литтағлилил мұхтар. Дәрул мағрифа.
- Ибн Хажар Ахмад ибн ал-Асқалани. (1379). Фатхул бари фи шархил Бухари – Бейрут. Дәрул мағрифа. 4-т.
- низаму уа жамағату мин ғұламаи һинд. (2000). әл-фәтәуә һиндия Әл-Мағруфату ал-фатауа аламаккия, Тахқиқ Абдуллатиб Хасан Абуррахман. – Бейрут.
- Ибн Һумам. (1316). Шарху фатхул кабир. – Мысыр. 5-т.
- Әл-Касани Әбу Бәкір ибн Масғуд. (1998). Бадағу ас-сонағ фи тартиби аш-шарағ, тахқиқ Мұхамед бин Ясир. Бейрут. Дәру ихия әт-турос араби. 2-т.
- Уаһбату Зуһайли. (2014). Фиқул ислам уа адиллатуһу. Бейрут: Дәрул фикр.
- Әділбаева Ш. (2013). Исламда отбасы. – Алматы: «Дәуір» баспасы. 330 б.
- Исаұлы Мұхитдин, Ато ас-Сынбати. (2010). Отбасы ғылымхалы. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы. 360 б.
- Мұхаммад ибн Али ибн Мұхамед Шаукани. (1987). Найлул аутар. – Каир: Мактабатул Қаһира.

References

- Kuran Karim. (2015). Kazaksha tusindirmeli audarma, / aud. Askar Akimkhanov, Nurlan Anarbaev, Almaty. Kokzhiek baspasy. 624 b.
- Arabsha-Kazakhsa sozdik. (2016). Tuzushiler: Paltore Y., Zhusipbekov Zh., Muhitdinov R., Kyrbaev K. t.b. – Almaty: Nur-Mubarak baspasy. 916 b.
- <http://www.oujdacity.net/national-article-76995-ar/الاصطلاح الأسرة>.html
- Ismail ibn Kasir ad-Dimashki. (2002). Tafsirul kuranil azim. – Beirut. Daru ibn hazim. – 3 t.
- Muhammed Said Tantaui. (1992). At-Tafsiru al-uasit lil-kurani al-karim. – Kair. Darul magarif. – 8 t.
- Fahrudin Razi. (2000). at-Tafsiru al-kabir, Beirut. Darul kutubul gilmiya. – 20 t.

- Mazhiddin Muhammed ibn Iagkub. (2009). Al-Kamus muhit. Kair. Darul hadis.
- Abdul Gani Gunaimi. (2003). Al-Lubab fi sharhi kitab. Damask.
- Abdulla ibn Mahmud. (2015). Al-Ihtiiaru littaghlil muhtar. Darul magrifa.
- Ibn Hazhar Ahmad ibn al-Askalani. (1379). Fathul bari fi sharhil Buhari. Beirut. Darul magrifa. 4-t.
- Nizamu ua zhamagatu min gulamai hind. (2000). Al-fataua hindiua al-magrufatu al-fataua al-makkiua, Tahkik Abdullatib Hasan Abdurrahman. Beirut.
- Ibn Humam. (1316). Sharhu fathul kadir. Mysyr. 5-t.
- Al-Kasani Abu Bakir ibn Masgud. (1998). Badaigu as-sanaig fi tartibi ash-sharaig, tahkik Muhammed bin Yasir. Beirut. Daru ihia at-turos arabi. 2-t.
- Uahbatu Zuhaili. (2014). Fikhu islam ua adillatuhu. Beirut. Darul fikr.
- Adilbaeva Sh. (2013). Islamda otbasy. – Almaty. Daur baspasy. 330 b.
- Isauly Muhitdin, Ato as-Synbati. (2010). Otbasylgylmhal. – Almaty. Nur-Mubarak baspasy. 360 b.
- Muhammad ibn Ali ibn Muhammed Shaukani. (1987). Nailul autar. Kair. Maktabatul Kahira.

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

FOREIGN PUBLICATIONS

Yasar Aydinli

Uludag University, Turkey, Busra, e-mail: yasaraydinli@hotmail.com

FARABI AND THE MODERN WORLD

The essay discusses the ethical and philosophical views of the great thinker and philosopher al-Farabi. The philosophical system created by al-Farabi deals with the main problems related to questions of God, the universe and man, as well as the place of man in the universe. The formation of philosophical thinking of al-Farabi was influenced by ancient Greek philosophy, in particular, the works of Aristotle. Al-Farabi created a whole encyclopedic system, where in his writings he considered such concepts as truth, logic and morality. In his philosophical reflections, al-Farabi touched on all aspects of human life. The importance of the work and the importance of the activities of Abu Nasr al-Farabi in the modern world is evidenced by the great attention paid to the study of his rich scientific heritage.

Key words: Al-Farabi, ancient Greek philosophy, Aristotle, philosophical system, God, man, happiness.

Яшар Айдынлы

Улудаг университети, Түркия, Бусра қ., e-mail: yasaraydinli@hotmail.com

Фараби және қазіргі заман

Эсседе ұлы ойшыл және философ әл-Фарабидің этикалық және философиялық ой-толғаныстарына арналған. Әл-Фарабидің философиялық жүйесі Құдай, адам әлемі, сонымен қатар адамның Әлемдегі орнына байланысты мәселелерге қатысты. Әл-Фарабидің философиялық ой-толғаныстарының қалыптасуына ежелгі грек философиясы, атап айтқанда, Аристотель еңбектерінің әсері зор болды. Әл-Фараби өзінің еңбектерінде шындық, логика және мораль туралы мәселелерді қарастыру арқылы біртұтас энциклопедиялық жүйе қалыптастырды. Әл-Фараби өзінің шығармашылығында адам болмысының, өмірінің барлық қырларына назар аударды. Қазіргі замандағы әл-Фарабидің еңбектері мен шығармашылығының маңыздылығы оның ұрпақтарға қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттеуге деген ерекше назар аударылуында.

Түйін сөздер: әл-Фараби, ежелгі грек философиясы, Аристотель, философиялық жүйе, Құдай, адам, бақыт.

Яшар Айдынлы

Университета Улудаг, Турция, г. Бусра, e-mail: yasaraydinli@hotmail.com

Фараби и современный мир

В эссе рассматриваются этические и философские воззрения великого мыслителя и философа аль-Фараби. Философская система, созданная аль-Фараби, касается основных проблем, связанных с вопросами Бога, вселенной и человека, а также места человека во Вселенной. На формирование философского мышления аль-Фараби повлияла древнегреческая философия, в частности, труды Аристотеля. Аль-Фараби была создана целая энциклопедическая система, где в своих трудах он рассматривал такие понятия, как правда, логика и мораль. В своих философских размышлениях аль-Фараби затрагивал все аспекты жизни человека. О значении трудов и важности деятельности Абу Насра аль-Фараби в современном мире свидетельствует огромное внимание, которое уделяется изучению его богатого научного наследия.

Ключевые слова: аль-Фараби, древнегреческая философия, Аристотель, философская система, Бог, человек, счастье.

Essay

First of all, I want to express my thanks. At first to the Republic of Kazakhstan, Kazakhs and especially Al-Farabi Kazakh National University. This is because, above all, it is the only institution in the world that keeps alive name of Farabi at the highest level. The name and the institution that is named after both are great. This is a very important privilege. Therefore, on behalf of the Turkish-Islamic world, I express my thanks and gratitude. I would also like to express my gratitude for being invited as a part of Farabi research and thank very much the authorities.

What fascinated me during the 15 days I spent in Almaty five years ago was the deep and widespread interest in Farabi. There is a deep interest in other places, too. As a matter of fact, we see that Farabi has been rediscovered all over the world that has been educated especially in the last 40-50 years and is a subject of great interest. Of course, I also add Turkey. In the last few years in Turkey, a large number of Master's and Doctoral theses and many articles have been written about Farabi. Not only in Turkey, we know that intensive work done in Europe, America and in the part of the Middle East. Farabi's works are translated into the world languages again and more meticulously. Therefore, Farabi remains the focus of high interest in the scientific-academic context.

Certainly, studies about our philosopher are continuing in Kazakhstan. But what makes Kazakhstan different is the prevalence of interest in Farabi. What I see here and watch with great pleasure is that Farabi has become a social value and penetrates every part of society and every aspect of life. I personally care about this and hope that this approach will spread in all Islamic societies. Because there are opportunities to lead a person, a society, a country to the safety in Farabi philosophy, there is a very strong path between Farabi and the right way.

Farabi is not only one of the leading thinkers of the Turkish-Islamic world, but also of the history of human thought. The fact that he is named as "second teacher" in the history of philosophy is a proof of this. The lights reflected from his philosophy continue to illuminate humanity since the 10th century when he passed away.

We can say that Farabi is the first philosopher in the Islamic world who discuss the intellectual problems of his culture in line with the demands of philosophical thought and express them in a coherent structure. The philosophical system established by

Farabi is concerned with the main problems of God, the universe and the human being in the cultural atmosphere in which he was born and developed, while he embodies the intellectual sensibilities of the Greek philosophy tradition. Therefore, it is possible to state that the attempt to analyze Farabi's philosophical system requires a two-way thinking movement. The first includes references to the ancient philosophy of this system, and the second, and perhaps more important, its references to the present situation and future directions of the local Islamic environment. So what does he say and show today to us, who is trying to get to know him, to learn his philosophy?

Of course, it is not possible to take the system of a tenth century philosopher Farabi and to implement it as such to the present day, because thousand years have passed. But there is something in him that does not fall from value, that was not wear out, and that it will never wear out, and that is the Farabi spirit. This spirit expresses the right view, the right attitude and the right approach to creation, life, and the world in which we live.

Farabi started from human and human mind. It is this point of start that confronts him with the science and philosophy of the Ancient world, which is the culture based on reason. He presented us with a very good example of this approach in his eighty-year lifetime, which started from Farab and ended in Damascus. This lifetime is literally a quest for truth. This search does not ignore pagan, Jewish, Christian and Muslim, but it surely observes them, searching for the human being as an intelligent being. Yes, a life that pursues truth; So what is the truth, what kind of nature it has, with what we can recognize it, how can we understand that what we reach is truth? Farabi's answer to these questions, which are the basis of all kinds of scientific and philosophical research, is very clear: We know the truth not with faith, mystical intuition, meditation, or anything else, but with reason; but with reason working under the control of logic. Therefore, logic, as a method of laws / rules, which prevents us from misrepresenting in our thinking and directs us to the right, must come first. Regardless of its content, one can believe in everything, but there is only one way to know the thing exactly, and that is logic. That's the first thing Farabi teaches us. In other words, this is the way to obtain the truth of science and to have theoretical virtues.

In his book *The Census of Sciences*, Farabi describes the art of logic, relating to the object of thinking, that direct the mind to the truth and prevent it from falling into the wrong, and accepts

it as the sole criterion and instrument of correct thinking. According to him, without this tool, it is not possible for the mind to work correctly, that is, to move towards the right and to stay away from the wrong, nor can it be possible to determine the correctness and inaccuracy of the views expressed by others. In this context, Fârâbî speaks of a three-dimensional function of logic which he sees as an art that gives the laws of right thinking in general. First, thanks to the laws of this art, we acquire the power to distinguish between right and wrong, and direct our thinking towards the right, away from the wrong. Secondly, through these laws, we have the opportunity to determine the accuracy or inaccuracy of the opinions expressed by others in words or texts, and to show precisely why one view is correct and why other is wrong. Thirdly, through the laws of logic, we have the opportunity to control the criticisms directed to our own views and to show the correctness of the right and the wrongness of the wrong and reveal the reasons. Therefore, the art of logic gives man a clarity of mind and saves him from contradiction, inconsistency, and all kinds of confusion. That is to say, by confidently determining which of the contradictory views are true and which is wrong, we can avoid mistakes by confusing the truth to the wrong, and know the reason for the truth and the reason for the wrong. Therefore, logic is a tool that conveys definite knowledge in all theoretical and practical sciences, and there is no other way of achieving true certainty in relation to any intended knowledge.

Farabi's emphasis on the necessity of knowing logic must be considered not only in terms of the clarity of the mind of the individual, but also in terms of the clarity of the social mind. Because it is possible to reach reliable information in thought-based sciences only by using an objective control tool that distinguishes right from wrong, which is logic. This is the main reason why Fârâbî considered logic as a matter of mentality, and he made efforts

to establish a logic-based scientific mentality in the field of rational sciences. The person who best understood the call of Farabi, who urged his own society to think logically, was Ghazali, who made logic the requirement of reliable knowledge.

The second thing that Farabi teaches us is the virtue of living, morality. Because knowledge alone does not have the power to make us happy. A moral stance and living supported by knowledge and wisdom is necessary in the face of world and worldly things, and Farabi's life is a good example of this. Our sources portray him as a scholar and a symbol of morality, when evaluate our philosopher's view of the world and material things. "He was the most satisfied of people against the world". He was cautious and blind to the world's material values, authority, money, property, food and drink, clothing and worldly blessings in general. "He didn't give even a little value to appearance, home and material gain". People have always seen him in the same dresses and in standard Turkish clothing. His higher authority in knowledge, wisdom and education did not lead to a change in his way of living.

Doesn't it have any importance to hold property, money and worldly blessings in general for human life? We need to specify that Farabi is not a mystic and the idea of "abandonment of world" is not the part of his thought. Farabi not only values every kind of things that makes human life easier, but also says that it is necessary. Because one cannot live alone and cannot realize him or his own abilities in an environment that does not have sufficient financial equipment. Farabi says that the social-political conditions necessary for happiness can only be found in a social organization that has the character of a city. Therefore, worldly goodness is also necessary for the spiritual development and rise of man. What Farabi is absolutely opposed to is the determination of worldly goodness, pleasure, wealth, honor and others, as the purpose and ultimate goal of life. Because the ultimate goal of man is the happiness of the afterlife.

ҒЫЛЫМИ ӨМІР

НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

SCIENTIFIC LIFE

¹Байтенова Н.Ж., ²Альжанова Н.

¹д. филос.н., профессор кафедры религиоведения и культурологии

²доктор PhD кафедры религиоведения и культурологии

факультет философии и политологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби

ДИСКУССИОННАЯ ПЛОЩАДКА «РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ» В РАМКАХ VI МЕЖДУНАРОДНОГО ФАРАБИ ФОРУМА, 2 АПРЕЛЯ 2019 г.

В рамках VI Международного Фараби Форума прошла дискуссионная площадка «Религиоведение в современном Казахстане: интеграция науки и образования» (2 апреля 2019 года). Модераторами площадки выступили доктор философских наук, профессор Байтенова Нагима Жаулыбаевна, заведующая кафедрой религиоведения и культурологии, доктор философских наук, профессор Курманалиева Айнуур Дурбелиновна. В работе дискуссионной площадки приняли участие: PhD, профессор факультета теологии университета Улудаг (Турция) Яшар Айдынлы, доктор философских наук, профессор, главный научный сотрудник Центра арабских и исламских исследований Института востоковедения РАН (Россия) Тауфик Ибрагим, PhD, профессор университета Хаджеттепе (Турция) Сейфы Иылдырым, профессорско-преподавательский состав кафедры религиоведения и культурологии, магистранты и докторанты PhD специальностей «Религиоведение», «Культурология», «Исламоведение». В ходе работы дискуссионной площадки обсуждались вопросы актуализации изучения логики, логических трудов, религиозных воззрений аль-Фараби; особо отметилась роль религии и науки в развитии религиоведческих, исламоведческих исследований, применение жизнеспособного синтеза между религией и философией, предложенный аль-Фараби; а также развитие направлений «Арабо-мусульманская философия», «Теология», «Философия ислама», «Наука и религия», изучение первоисточников, всесторонний анализ текстов на языке оригинала. На

дискуссионной площадке были сделаны интересные и содержательные доклады с последующим обсуждением: Курманалиева А.Д., д. филос.н., профессор «Қазақстандағы дінтану: қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы, даму перспективалары»; Байтенова Н.Ж., д.филос.н., профессор «Исламоведение в Казахстане: некоторые вопросы дальнейшего развития»; Яшар Айдынлы, PhD, профессор факультета теологии университета Улудаг (Турция) «Аль-Фараби и наша мировоззренческая система»; Тауфик Ибрагим, доктор философских наук, профессор, Главный научный сотрудник Центра арабских и исламских исследований Института востоковедения РАН (Россия) «Модернизаторский потенциал фарабийского наследия»; Сайф Иылдырым, PhD, профессор университета Хаджеттепе (Турция), «Роль аль-Фараби в сближении культур»; Рысбекова Ш.С., д.филос.н., профессор «Казахские традиции и религии»; Борбасова К.М., д.филос.н., профессор «Рухани жаңғыру кезеңіндегі діннің ролі»; Бегалинова К.К., д.филос.н., профессор «Религия в контексте современного цифрового общества»; Тунгатова У.А., PhD докторант 2 курса специальности «6D020600-Религиоведение» «Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі күйі және даму перспективалары»; Камалова Ф.Б., PhD докторант 2 курса специальности «6D020600-Религиоведение» «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау»; Мажен Е.К., PhD докторант 2 курса специальности «6D020600-Религиоведение» «XV-XVIII ғғ. жыраулар шығармашылығына дінтанулық талдау».

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ INFORMATION ABOUT AUTHORS

Aslan Zh. Zhaksylykov – Doctor of Philology, Professor of Al-Farabi Kazakh National University
Azamat Jamashev – PhD, teacher of Al-Farabi Kazakh National University
Gulmira Kulmuratova – Master degree student in “Religious studies”, 2^d course
Karlygash M. Borbassova – Doctor of Philosophy, Professor of Al-Farabi Kazakh National University
Maksat Baizak – Master degree student in “Islamic studies”, 2^d course
Nagima Zh. Baitenova – Doctor of Philosophy, Professor of Al-Farabi Kazakh National University
Nurlykhan K. Aljanova – PhD, Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University
Rakhid S. Mukhitdinov – Master, Teacher of Al-Farabi Kazakh National University
Umit Konysbekkyzy – Master degree student in “Islamic studies”, 2^d course
Yerkebulan S. Nukasov – PhD doctoral student in “Islamic studies”, 1st course
Yernar Mazhen – Phd doctoral student in “Religious studies”, 2^d course

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Борбасова Қ.М., Қонысбекқызы Ү.</i> «Әбушахма» дастанының діни тағылымы.....	4
<i>Мухитдинов Р.С., Нукасов Е.С.</i> Қалқаман Сариннің «Алладан басқа жоқ тәнір, Мұхаммед оның елшісі» термесіне исламдық талдау.....	11
<i>Жаксылыков А.Ж., Мажен Е., Жамашев А.</i> Религиозные мотивы в поэзии Бухар жырау.....	21
<i>Құлмұратова Г.К.</i> Қазіргі қазақстандық қоғамдағы дәстүрлі емес діни қозғалыстар.....	28
<i>Мухитдинов Р.С., Байзақ М.</i> Ислам құқығындағы отбасы құндылығы.....	36

ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ – ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

<i>Айдынлы Я.</i> Farabi and the Modern World	48
--	----

ҒЫЛЫМИ ӨМІР – НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

<i>Байтенова Н.Ж., Альджанова Н.К.</i> Дискуссионная площадка «Религиоведение в современном Казахстане: интеграция науки и образования» в рамках VI Международного Фараби Форума, 2 апреля 2019 г.....	52
---	----

CONTENT

Borbassova K.M., Konysbekkyzy U. Religious foundations of Dastan “Abushakhma”	4
Mukhitdinov R.S., Nukasov Ye.S. Analysis in terms of Islam to Kalkman Sarin work “There is no God but Allah and Mohammed is the Prophet of Allah”	11
Zhaksylykov A.Zh., Mazhen Ye., Zhamashev A. Religious motives in the poetry of the Bukhar zhyrau	21
Kulmuratova G.K., Nauryzbek K. Non-traditional religious movements in modern Kazakhstani society	28
Mukhitdinov R.S., Baizak M. The value of the family in Islamic law	36

FOREIGN AUTHORS

Aidylny Ya. Farabi and the Modern World	48
--	----

SCIENTIFIC LIFE

Baitenova N.Zh., Aljanova N.K. Discussion platform “Religious studies in Modern Kazakhstan: Intergration of the Science and Education” in the framework of the VI International Farabi Forum, April 2d,2019	52
---	----